	Жоспар	Нақты	Атқарылуы	Жоспар	Нақты	Атқарылуы	Жоспар	Нақты	Атқарылуы
Тиімді пайыздық мөлшерлемені қолданып есептелген пайыздық табыстар	270,0	237,7	88,0	320,0	346,8	108,4	350,0	227,6	65,0
Өзге пайыздық табыстар	7,0	6,1	87,1	9,0	9,3	103,3	10,0	2,0	20,0
Пайыздық шығыстар	130,0	118,8	91,4	170,0	183,2	107,8	190,0	185,5	97,6
Таза пайыздық табыстар	147,0	125,0	85,0	159,0	172,9	108,7	170,0	44,1	25,9
Несиелік залалдар бойынша шығыстар	30,0	49,4	164,7	25,0	18,6	74,4	22,0	23,1	105,0
Несиелік залалдар бойынша шығыстардан кейінгі таза пайыздық табыстар	117,0	75,6	64,6	134,0	154,3	115,1	148,0	21,0	14,2

Атап көрсетсек, тиімді пайыздық мөлшерлемені қолданып есептелген пайыздық табыстар жоспары 2020 жылы 88%-ға орындалса, 2021 жылы орындалу көрсеткіші 108,4% және 2022 жылы небәрі 65,0% болған. Өзге пайыздық табыстар бойынша атқарылу көрсеткіші 2020 жылы 87,1%, 2021 жылы 103,3% және 2022 жылы 20,0% болған.

Пайыздық шығыстардың орындалу көрсеткіші 2020 жылы 91,4%, 2021 жылы 107,8% және 2022 жылы 97,6% болған. Ал таза пайыздық табыс жоспары 2021 жылы 8,7%-ға артық атқарылып, 108%-ды құраса, 2020 және 2021 жылдары бюджет жоспары орындалмады, сәйкесінше 85,0% және 25,9% болған.

Жалпы несиелік залалдар бойынша шығыстардан кейінгі таза пайыздық табыстардың атқарылу көрсеткіші 2020 жылы 75,6%, 2021 жылы 115,1% және 2022 жылы 14,2% болды.


2022 жылы атқарылу пайызы тым төмен көрсеткішті көрсеткен. Бұл есепті кезеңде бас акционер «Сбербанк» АҚ-дағы Ресей мемлекетінде болған тұрақсыздықтар салдарынан деп түсінуге болады.

Пайыздық табыстар бөлігінде жоспарлау көрсеткіштері несиелеу, бағалы қағаздар мен коммерциялық банктерде орналастырылған қаражаттар есебінен қалыптасады. Несиелеуде түсетін пайыздық табыстар моделі келесі көрсеткіштерде тұрады:

- соңғы бірнеше жылдағы жеке және корпоративті клиенттер шегіндегі нақты мерзімді және мерізімі өтіп кеткен қарыздар, бтзнес сегменттері, валюта, банктік өнімдер, аймақтар;
- банктік өнімдер, валюта, аймақтар, клиенттер қоржындары, бизнес сегменттері шегінде берілген несиелердің күн сайынғы/ай сайынғы саны мен көлемі;
- банктік өнімдер, клиенттер санаты, валюталар, аймақтар шегіндегі пайыздық мөлшерлемелер;
- несиелерді мерзімінен бұрын өтеу көрсеткіштер;
- клиенттік қоржындар, аймақтар, шегінде мерзімінен бұрын өтелген несиелер сомасы мен саны, соның салдарынан болатын пайыздық табыс және т.б. көлемінің өзгеруі;
- банк тарапынан жасалатын акциялар мен арнайы ұсыныстар есепке алынады.

Пайыздық табыстарды жоспарлау үшін банк әдетте пайыздық табыстың мақсатты деңгейіне жету үшін эксперттік жолмен жоғарыда аталған көрсеткіштердің мәндерін анықтайды. Көрсеткіштердің бір бөлігі өткен жылдардың динамикасын ескере отырып есептеледі.

Келесі суретте «Bereke Bank» АҚ-ның таза пайыздық табыстарының динамикасы бейнеленген (1-сурет).



Сурет 1. «Bereke Bank» АҚ-ның таза пайыздық табыстарының динамикасы, млрд. теңгемен

Суреттен көріп отырғанымыздай, Банктің таза пайыздық табыстарының салыстырмалы түрде жоғары көрсеткіші 2021 жылы 172,9 млрд. теңге көлемінде болған. 2022 жылы аталмыш көрсеткіш көлемі 128,8 млрд. теңгеге төмендеп, 44,1 млрд. теңгені құрады.

Таза пайыздық Банктің пайыздық табыстары мен пайыздық шығыстарының айырмасы ретінде анықталады.

Банктің пайыздық шығыстарының бюджетін жасау үшін келесі негізгі көрсеткіштер есепке алынады:

- жеке және корпоративті клиенттер, ағымдағы және мерзімді есеп-шоттарға банктік өнімдер, валюталар, бизнес сегменттері шегіндегі тартылған қаражаттар көлемі;
- кезең ішіндегі жаңадан тартылған қаражаттардың көлемі мен саны;
- келесі кезеңге пролонгацияланған мерзімді қаражаттардың көлемі мен саны;

- банктік өнімдер, жеке және корпоративті клиенттер, валюталар шегіндегі пайыздық мөлшерлемелер;

- тартылған қаражаттар бойынша акциялар мен арнайы ұсыныстар есепке алынады.

Келесі суретте Банктің пайыздық шығыстарының динамикасы бейнеленген (2-сурет).

Суреттен көріп отырғанымыздай, Банктің пайыздық шығыстары талданып отырған кезеңдерде ұлғайған. Атап көрсетсек, 2020 жылы 118,8 млрд. теңге болса, 2021 жылы 183,2 млрд. теңгені құраса, 2022 жылы пайыздық шығыстар көлемі 185,5 млрд. теңгені құраған.



Сурет 2. «Bereke Bank» АҚ-ның пайыздық шығыстарының динамикасы, млрд. теңгемен

Егер пайыздық табыстар мен шығыстардың өзгерісі тек орналастырылған немесе тартылған қаражаттардың ұлғайуымен немесе төмендеуімен түсіндірілсе, комиссиянды табыстар мен шығыстар жоғарыда қарастырылғандармен қатар, көптеген комиссия түрлерінен құралады, олардың қатарында банктік карталармен, операциялардан, есепі айырысу-кассалық қызмет көрсетуден, қашықтықтан банктік қызмет көрсетуден, банктік сақтандырудан, конверсионды операциялар мен бағалы металдармен операциялардан, қаржылық нарықтағы операциялардан, агенттік қызмет көрсетулерден, құжаттық операциялардан және т.б. комиссиянды табыстар бар.


Келесі суретте «Bereke Bank» АҚ-ның комиссиянды табыстары мен шығыстарының салыстырмалы динамикасы бейнеленген (3-сурет).



Сурет 3. «Bereke Bank» АҚ-ның комиссиянды табыстары мен шығыстарының салыстырмалы динамикасы, млрд. теңгемен

Суреттен байқап отырғанымыздай, Банктің комиссиянды табыстары 2021 жылы 69,3 млрд. теңге көлемінде болса, 2022 жылы 40,2 млрд. теңгеге біршама төмендеп, 29,1 млрд. теңгені құраған. Ал комиссиянды шығыстар есепті кезеңде өткен кезеңмен салыстырғанда 20,0 млрд. теңгеге қысқарып, 9,6 млрд. теңгені құраған.

Келесі суретте Банктің жыл ішінде таза пайдасының динамикасы бейнеленген (4-сурте).




Сурет 4. «Bereke Bank» АҚ таза пайдасының динамикасы, млрд. теңге

2022 жылы орын алған оқиғаларға қатысты, Банк қызметі қалыпты деңгейде жұмыс жасамады. Соның салдарынын жоғарыда жасалған талдау нәтижесінде де көріп отырғанымыздай есепті кезеңде Банкте залал орын алған. Атап көрсетсек, 2020 жылы таза пайда көлемі 60,6 млрд. теңге болса, 2021 жылы 69,5 млрд. теңгеге ұлғайып, 130,1 млрд. теңгені құраған. Алайда 2022 жылы банктің активті және пассивті операциялары көлемінің төмендеуі салдарынан, Банкте 124,5 млрд. теңге көлемінде залал орын алды.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Bereke Bank» АҚ ресми сайты
2. «Bereke Bank» АҚ қаржылық есептемесі/www.kase.kz



ӘОЖ 336.71

**Кусаева Нургуль Сатжановна,**  
э.ғ.м., «Қаржы, есеп және аудит» БББ аға оқытушысы,  
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қ., Қазақстан

#### **«HOME CREDIT BANK» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ МЕНШІКТІ КАПИТАЛДЫ БАСҚАРУ ҚЫЗМЕТІН ТАЛДАУ**

Home Credit Bank Қазақстанда 2005 жылдан бастап жұмыс істейді, бөлшек несиелеу сегментінде белсенді ойыншы. Банктің активтері 2023 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша 538 млрд. теңгені, меншікті капиталы 132,8 млрд. теңгені құрады. Меншікті капитал көлемі бойынша Home Credit Bank ҚР-дағы ең ірі банктердің ондығына кіреді.

2023 жылдың 31 наурызында Fitch Ratings халықаралық рейтингтік агенттігі қазақстандық "Home Credit Bank" АҚ-ға "BB -" деңгейінде эмитент дефолтының ұзақ

мерзімді рейтингін ("РДЭ") және "ВВ -" деңгейінде ұлттық валютадағы эмитент дефолтының ұзақ мерзімді рейтингін ("РДЭ") берді. Рейтинг бойынша болжам - «Тұрақты».

Коммерциялық банктердің капиталы - банктің несиелік-төлемдік және басқа да операцияларын жасау үшін пайдаланатын ақша капиталының (банк ресурстарының) жиынтығы. Банк капиталы банктің меншікті капиталы (жарғылық қор, резервтік қор және жыл бойына бөлінбеген пайда) мен сырттан тартылған капиталдан (депозиттік қаражаттар, халықтың салымы) құралады. Банктің меншікті капиталы Банк капиталының 15 - 25%-ін ғана құрайды. Дегенмен, оның банктің қалыпты жұмыс істеуі үшін маңызы зор. Банктің тұрақтылығы, өтімділігі мен төлем қабілеттілігі тікелей меншікті капиталдың көлеміне байланысты. Банк шығынданып, банкротқа ұшырау қаупі төнсе, бұдан құтылу үшін меншікті капиталға сүйенеді. Меншікті капитал банк қызметін ұйымдастырудың бастапқы кезеңінде де маңызды рөл атқарады. Банк меншікті капитал көлемін қосымша акциялар шығарып, немесе жылдық пайда есебінен ұлғайтып отырады. Банк Капиталының қомақты бөлігі сырттан тартылған қаржылардан тұрады. Егер банктің экономикалық жағдайы орнықты, төлем қабілеттілігі, өтімділігі жоғары болса, сырттан ресурс тарту қиынға түспейді. Мұндай банктер үшін мол пайда әкелмейтін өтімділігі жоғары активтік резервтерді көп мөлшерде сақтамай-ақ, өз ресурстарын жоғары пайдалы кредит портфеліне, құнды қағаз сатып алуға жұмсауына болады. Банктің меншікті капиталы оның активтері мен міндеттемелерінің динамикасына тікелей тәуелді болады.

Банк активтері дегеніміз – пайда табу мақсатында банктік ресурстарды, әр түрлі активтер бойынша орналастырылған қаражаттары. Банктік активтердің құрылымы баланстың актив жағында көрсетілетін сапасына қарай бөлінген баптардың баланс нәтижесіне қатынасын сипаттайды.

Банк активтерінің өсуі экономикаға және жеке тұлғаларға берген несиелер көлемінің артуымен байланысты болды. Сондай-ақ, банк активтері өскен сайын банктің капиталы да сәйкесінше өсуге тиіс [1].

Келесі кестеде «Home Credit Bank» акционерлік қоғамы активтерінің құрамы мен құрылымына талдау жасалған (1-кесте).

Кесте 1


«Home Credit Bank» акционерлік қоғамы активтерінің құрамы мен құрылымы,  
млрд. теңге

Атауы	2020 жыл		2021 жыл		2022 жыл		2022/ 2021 жж салыстырмалы өзгерісі
	Сомасы	Үлесі	Сомасы	Үлесі	Сомасы	Үлесі	
Ақша қаражаттары мен олардың баламалары	66,1	16,79	91,6	19,27	105,7	19,48	15,39
Банктердегі шоттар мен депозиттер	1,5	0,38	3,0	0,63	5,7	1,05	90,00
Клиенттерге берілген несиелер	297,5	75,57	354,6	74,61	398,8	73,48	12,46
Инвестициялық бағалы қағаздар	5,1	1,30	5,1	1,07	5,2	0,96	1,96
Пайда және залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық құралдар	4,8	1,22	1,3	0,27	1,1	0,20	-15,38
Негізгі құралдар және материалдық емес активтер	13,2	3,35	13,0	2,74	12,8	2,36	-1,54
Өзге активтер	5,5	1,40	6,7	1,41	13,4	2,47	100,00
Активтер жиынтығы	393,7	100,00	475,3	100,00	542,7	100,00	14,18
Е С К Е Р Т У – [1] «Home Credit Bank» АҚ мәліметтері негізінде автормен есептелген							

Кесте мәліметтеріне талдау жасайтын болсақ, талданып отырған кезеңдерде Банк активтеріне өсу тенденциясы тән болған. Жалпы Банк активтері есепті кезеңде 14,18%-ға артқан. Банк активтерінің құрамында клиенттерге берілген несиелер көшбасшылық жайғасымда орналасқан. Атап көрсетер болсақ, 2020 жылы олардың үлесі салмағы 75,57%

болса, 2021 жылы 74,61% және 2022 жылы 73,48% болған. Аталмыш көрсеткіш есепті кезеңде 12,46%-ға ұлғайып, 398,8 млрд. теңгені құраған. Екінші жайғасымда ақша қаражаттары мен олардың баламалы 2021 жылы 16,79%, 2021 жылы 19,27% және 2022 жылы 19,48%-бен орналасқан. Үшінші жайғасымда 2020 және 2021 жылдары сәйкесінше 3,35% және 2,74%-бен негізгі құралдар және материалдық емес активтер орналасса, 2022 жылы аталмыш көрсеткіш 1,54%-ға қысқарып, үшінші жайғасымға өзге активтер 2,47%-бен ауысты.


Келесі суретте банк активтерінің құрамында жоғары көрсеткішке ие болған банктің клиенттерге берілген несиелерінің динамикасы бейнеленген.



Сурет 1. «Home Credit Bank» акционерлік қоғамының клиенттерге берілген несиелерінің динамикасы, млрд. теңге

Суреттен көріп отырғанымыздай, Банктің клиенттерге берілген несиелерінің көлемі талданып отырған кезеңдерде тұрақты түрде өсіп отырған. Атап көрсетер болсақ, егер 2020 жылы несиелер көлемі 297,5 млрд. теңге болса, 2021 жылы 354,6 млрд. теңгені құраған. Ал есепті кезеңде өткен кезеңдермен салыстырғанда сәйкесінше 101,3 млрд. теңгеге және 44,2 млрд. теңгеге ұлғайып, 398,8 млрд. теңгені құрады.

Келесі сурет мәліметтері негізінде активтер жиынтығында екінші жайғасымда орналасқан ақша қаражаттары мен олардың баламалары көрсеткішінің динамикасына талдау жасаймыз (2-сурет).



Сурет 2. «Home Credit Bank» акционерлік қоғамының ақша қаражаттары мен олардың баламалары көрсеткішінің динамикасы, млрд теңге

Банктің ақша қаражаттары мен олардың баламалары көрсеткіші талданып отырған кезеңдерде артқан. Атап көрсетер болсақ, 2020 жылы олардың көлемі 66,1 млрд. теңге, 2021 жылы 91,6 млрд. теңге болған. Ал 2022 жылы 2020 жылмен салыстырғанда 39,6 млрд теңгеге, 2021 жылмен салыстырғанда 14,1 млрд. теңгеге ұлғайып 105,7 млрд. теңгені құраған. Банктердің ақша қаражаттары кассадағы ақша қаражаттары мен талап етуге дейінгі депозиттерден тұрса, ақша қаражаттарының баламалары ақша қаражаттарының белгілі бір сомасына жылдам айналатын және құн өзгерісіне қатты ұшырамайтын қысқа мерзімді жоғары өтімді инвестицияларды білдіреді. Банкте ақша қаражаттары және олардың баламаларының ұлғаюы Банк қызметіндегі оң тенденцияларды көрсетеді.

Жалпы Банк активтеріне жасалған талдау активтер жиынтығының артқандығын көрсетіп отыр. Енді Банк міндеттемелеріне талдау жасаймыз. Себебі банк міндеттемелерінің сомасы оның активтерінің құнынан артық болған жағдайда, банктің меншікті капиталы теріс капитал болады. Осы орайда банк активтерімен қатар банк міндеттемелерін талдау маңызды.

Келесі кестеде «Home Credit Bank» акционерлік қоғамы міндеттемелерінің құрамы мен құрылымына талдау жасалған (2-кесте).

Кесте мәліметтеріне талдау жасайтын болсақ, талданып отырған кезеңдерде міндеттемелер құрамында жеке тұлғалардың ағымдағы шоттары мен депозиттері 2020 жылы 45,81%, 2021 жылы 47,10% және 2022 жылы 55,75% үлес салмақпен бірінші жайғасымда болған. Аталмыш көрсеткіш есепті кезеңде 34,9%-ға артқан. Екінші жайғасымда 2020 жылы 16,90%-бен немесе 50,8 млрд. теңге көлемінде банктердің шоттары мен депозиттері орналасса, 2021 және 2022 жылдары сәйкесінше 13,61% және 13,82%-бен өзге тартылған қаражаттар орналасты.

Кесте 2

«Home Credit Bank» акционерлік қоғамы міндеттемелерінің құрамы мен құрылымы,  
млрд. теңге

Атауы	2020 жыл		2021 жыл		2022 жыл		2022/2021 жж салыстырмалы өзгерісі
	Сомасы	Үлесі	Сомасы	Үлесі	Сомасы	Үлесі	
Пайда және залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық құралдар	1,6	0,53	1,6	0,44	2,3	0,56	43,75
Банктердің шоттары мен депозиттері	50,8	16,90	34,2	9,48	4,9	1,19	-85,67
Жеке тұлғалардың ағымдағы шоттары мен депозиттері	137,7	45,81	169,9	47,10	229,2	55,75	34,90
Корпоративті клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері	41,5	13,81	24,7	6,85	36,8	8,95	48,99
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	30,4	10,11	25,7	7,13	16,9	4,11	-34,24
Өзге тартылған қаражаттар	6,0	2,00	49,1	13,61	56,8	13,82	15,68
Депозиттік сертификаттар	19,5	6,49	42,1	11,672	48,7	11,85	15,67
Жалға алу бойынша міндеттемелер	3,8	1,26	3,7	1,03	4,0	0,97	8,11
Өзге міндеттемелер	9,3	3,09	9,7	2,69	11,5	2,80	18,56
Міндеттемелер жиынтығы	300,6	100,00	360,7	100,00	411,1	100,00	13,97

Е С К Е Р Т У – [1] «Home Credit Bank» АҚ мәліметтері негізінде автормен есептелген


Есепті кезеңде банктердің шоттары мен депозиттері өткен кезеңмен салыстырғанда 85,67%-ға қысқарып, небәрі 4,9 млрд. теңгені құраса, өзге тартылған қаражаттар 15,68% ұлғайып, 11,85 млрд. теңгені құраған. Үшінші жайғасымда 2020 жылы корпоративті клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері 13,81% немесе 41,5 млрд. теңгемен



орналасса, 2021 жылы 11,67% немесе 42,1 млрд. теңгемен және 2022 жылы 11,85% немесе 48,7 млрд. теңгемен депозиттік сертификаттар бойынша міндеттемелер орналасқан. Аталмыш көрсеткіш есепті кезеңде өткен кезеңмен салыстырғанда 15,6% артқан.

Жалпы Банктің міндеттемелер жиынтығы есепті кезеңде 13,97%-ға өскен.

Келесі суретте Банк міндеттемелері жиынтығының динамикасы бейнеленген (3-сурет).



Сурет 3. Банк міндеттемелері жиынтығының динамикасы, млрд. теңге

Суреттен көріп отырғанымыздай, міндеттемелер жиынтығы өткен кезеңдермен салыстырған ұлғайып, есепті кезеңде 411,1 млрд. теңгені құраған.

Келесі суретте Банк активтері мен міндеттемелерінің салыстырмалы динамикасы ұсынылған (4-сурет).



Сурет 4. «Home Credit Bank» АҚ активтері мен міндеттемелерінің салыстырмалы динамикасы, млрд. теңге

Суретте байқап отырғанымыздай, талданып отырған кезеңдердегі Банк активтері мен міндеттемелерінің салыстырмалы динамикасы активтер жиынтығының міндеттемелер жиынтығынан жоғары болғанын көрсетеді. Атап көрсетер болсақ, 2020 жылы активтер жиынтығы 393,7 млрд. теңге, міндеттемелер жиынтығы 300,6 млрд. теңге, 2021 жылы активтер 475,3 млрд. теңге, міндеттемелер 360,7 млрд. теңге және 2022 жылы активтер мен міндеттемелер сәйкесінше 542,7 млрд. теңге және 411,1 млрд. теңге болған. Жоғарыда айтып өткеніміздей, активтердің міндеттемелерден жоғары болуы банктің меншікті капиталының ұлғаюына оң әсерін тигізеді.

Енді келесі кесте мәліметтерінің негізінде банк капиталына талдау жасаймыз (3-кесте).

«Home Credit Bank» АҚ капиталының құрамы мен құрылымы, млрд. теңге

Атауы	2020 жыл		2021 жыл		2022 жыл		2022/2021 ж.ж. салыстырмалы өзгерісі
	Сомасы	Үлесі	Сомасы	Үлесі	Сомасы	Үлесі	
Акционерлік капитал	5,2	5,59	5,2	4,54	5,2	3,95	0,00
Бөлінбеген пайда	88	94,52	109,5	95,55	126,9	96,43	15,89
Хеджерлеу резерві	-0,12	-0,13	-0,2	-0,17	0,5	0,38	-1,5 есе
Әділ құны өзгерісінің резерві	0,06	0,06	0,09	0,08	0,02	0,02	-77,78
Меншікті капитал жиынтығы	93,1	100,04	114,6	99,99	131,6	100,78	14,83


Е С К Е Р Т У – [1] «Home Credit Bank» АҚ мәліметтері негізінде автормен есептелген

Кесте мәліметтеріне талдау жасайтын болсақ, Банктің акционерлік капиталы талданып отырған кезеңдерде 5,2 млрд. теңге көлемінде өзгеріссіз болған. Капитал жиынтығында бөлінбеген пай көлемі басым үлес салмаққа ие болған. Атап көрсетсек, 2020 жылы 94,52% немесе 88,0 млрд. теңге, 2021 жылы 95,55% немесе 109,5 млрд. теңге және 2022 жылы 96,43% немесе 126,9 млрд. теңге болған. Банктің бөлінбеген пайдасы есепті кезеңде өткен кезеңмен салыстырғанда 15,89%-ға ұлғайған.

Жалпы Банктің меншікті капиталының жиынтық көлемі есепті кезеңде 14,83%-ға артқан.

Келесі суретт Банктің меншікті капиталында басым үлесті иеленген бөлінбеген пайда көрсеткішінің динамикасы берілген (5-сурет).

Суреттен Банкте талданып отырған кезеңдерде бөлінбеген пайда көлемі еселеніп отырған көрініп тұр. Егер 2020 жылы оның көлемі 88,0 млрд. теңге болса, 2021 жылы 109,5 млрд. теңге және 2022 жылы 126,9 млрд. теңге болған.




Сурет 5. «Home Credit Bank» АҚ бөлінбеген пайдасының динамикасы, млрд. теңге

Есепті кезеңде бөлінбеген пайда көлемі 2020 жылмен салыстырғанда 38,9 млрд. теңгеге, 2021 жылмен салыстырғанда 17,4 млрд. теңгеге ұлғайған.

Келесі суретте Банк капиталының динамикасы бейнеленген (6-сурет).

Суреттен Банктің меншікті капиталына өсу тенденциясы тән болғанын анық көруге болады. Егер Банктің меншікті капиталы 2020 жылы 93,1 млрд. теңге және 2021 жылы 114,6 млрд. теңге болса, есепті кезеңде өткен кезеңдермен салыстырғанда сәйкесінше 38,5 млрд. теңгеге және 17,0 млрд. теңгеге ұлғайған.

2022 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Банктің шығаруға рұқсат етілген акционерлік капиталы 160 240 қарапайым акциядан тұрса, ал Банктің осы кезеңде шығарылған және айналыстағы акционерлік капиталы 34 890 қарапайым акциядан құралды. Барлық акциялардың номиналдық құны жоқ.



Сурет 6. «Home Credit Bank» АҚ меншікті капиталының динамикасы, млрд. теңге

Банктің бөлу үшін қол жетімді резервтерінің көлемі банк капиталының жеткіліктілігі коэффициенттері  $k_1$ ,  $k_1-2$  және  $k_2$  нақты мәндеріне негізделеді. Осы орайда Банктің 2022 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдайы бойынша бөлуге қол жетімді резервтерінің көлемі 52,8 млрд. теңгені құрады, 2021 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша бұл көрсеткіш 49,7 млрд. теңгені құраған болатын.

Меншікті капитал көрсеткіші банк қызметінің тиімділігін есептеуде маңызды болып табылады. Және де меншікті капитал көлемінің артуы банкте жүргізіліп жатқан бизнес-процестердің оңтайлы екендігін көрсетеді.

Осы орайда банк тиімділігінің көрсеткіштері ретінде рентабельділік көрсеткіштерін есептеуге болады.

$$R_{\text{жалпы}} = \text{Пайда/Банк табысы} * 100\% \quad (1)$$

Рентабельділіктің жалпы деңгейін есептей отырып, біз пайдалылықтың жалпы көлемін анықтай аламыз. «Home Credit Bank» АҚ бойынша рентабельділіктің жалпы деңгейі 2020 жылы 100,4%, 2021 жылы 100,3% және 2022 жылы 102,3% болған. Оны келесі есептеулерден көре аламыз:

$$2020 \text{ жылы: } R_{\text{жалпы}} = 23,3/23,2 * 100\% = 100,4\%$$

$$2021 \text{ жылы: } R_{\text{жалпы}} = 31,5/31,4 * 100\% = 100,3\%$$

$$2022 \text{ жылы: } R_{\text{жалпы}} = 17,4/17,0 * 100\% = 102,3\%$$

Әлемдік тәжірибеде бұл көрсеткішті нақтылай түсу үшін пайданың меншікті капиталға қатынасы арқылы жалпы рентабельділікті есептеу қолданылады. Ол үшін келесі формуланы қолданамыз:

$$R_1 = \text{Пайда/Капитал} * 100\% \quad (2)$$

Басқаша сөзбен айтқанда ROE (return on equity) салықтарды төлегеннен кейінгі пайда көлемінің меншікті капитал көлеміне қатынасымен есептеледі. Аталмыш көрсеткіш 2020 жылы 25,0%, 2021 жылы 27,5% және 2022 жылы 13,2% болған. Яғни,

$$2020 \text{ жылы: } R_1 = 23,3/93,1 * 100\% = 25,0\%$$

$$2021 \text{ жылы: } R_1 = 31,5/114,6 * 100\% = 27,5\%$$

$$2022 \text{ жылы: } R_1 = 17,4/131,6 * 100\% = 13,2\%$$


Есептеулер нәтижесінде көріп отырғанымыз, есепті кезеңде ROE, яғни жалпы рентабельділік көрсеткіші өткен кезеңдермен салыстырғанда төмендеген, яғни банктің жалпы рентабельділігі төмендеп отыр. Бұл банктің бөлінбеген пайда есебінен меншікті капиталы артқанымен, ағымдағы таза пайда деңгейінің қысқаруы салдарынан болып отыр.

Жалпы жүргізілген талдаулар нәтижесінде келесі қорытындыларды жасауға болады: 2022 жылы Банкте 17,4 млрд. теңге көлемін пайда қалыптасқан. Бұл өткен жылдармен салыстырғанда төмен көрсеткіш. Оның төмендеуіне таза комиссиялық шығыстардың болуы,

сондай-ақ шетел валютасымен жасалған операциялар бойынша таза залал көлемінің артуы, борыштық қаржылық активтер бойынша несиелік залалдарға резервтер көлемінің ұлғаюы әсер етті. Сондай-ақ, Банк активтерінің жиынтық көлемі міндеттемелерінің жиынтық көлемінен жоғары болды. Бұл өз кезегінде Банктің меншікті капиталына оң әсерін тигізіп, 2022 жылы меншікті капиталдың жиынтық көлемі өткен кезеңдермен салыстырғанда көбейіп, 131,6 млрд. теңгені құрады. Жалпы Банк капиталын басқару, активті және пассивті операцияларды тиімді ұйымдастыру өз деңгейінде болған деуге болады.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Банковское дело и банковские операции: учебник / М.С. Марамыгин, Е.Г. Шатковская, М.П. Логинов, Н. Н. Мокеева, Е.Н. Прокофьева, А.Е. Заборовская, А.С. Долгов ; под ред. М.С. Марамыгина, Е.Г. Шатковской ; Министерство науки и высшего образования Российской Федерации, Уральский государственный экономический университет. – Екатеринбург: Изд-во Урал. ун-та, 2021. – 567 с
2. «Home Credit Bank» АҚ қаржылық есептемесі/www.kase.kz



УДК: 336.2

**Wang Yu,**

First-year master's student of High School of Economics and Business of Al-FarabiKazNU.  
Scientific supervisor-PhD, associate professor Berdimurat N. //

**Ван Ю,**

магистрант Высшей школы экономики и бизнеса КазНУ им. Аль-Фараби;  
Научный руководитель – к.э.н., доцент Бердимурат Н.  
г. Кызылорда, Республика Казахстан

### **INNOVATION IN FINANCIAL MANAGEMENT STRATEGIES FOR INTERNATIONAL TRADING ENTERPRISES // ИННОВАЦИИ В СТРАТЕГИЯХ ФИНАНСОВОГО МЕНЕДЖМЕНТА ДЛЯ МЕЖДУНАРОДНЫХ ТОРГОВЫХ ПРЕДПРИЯТИЙ**

**Abstract:** In recent years, within the increasingly evident framework of global integration, the scale of development in capital markets has continued to expand. As economic and trade cooperation among countries deepens, economic exchanges have become more intimate, offering cross-border trading enterprises unprecedented development opportunities. However, while benefiting from the advantages of international markets, cross-border trading enterprises also face numerous financial management challenges, stemming from both external and internal factors. Financial management, as a core aspect of cross-border trading enterprise operations, directly impacts profitability and market competitiveness. Therefore, research on financial management strategies for international trading enterprises holds significant practical relevance and theoretical value.

**Keywords:** Trading company; Financial management; International trade

**Аннотация.** В последние годы, в рамках все более очевидной глобальной интеграции, масштабы развития рынков капитала продолжают расширяться. По мере углубления экономического и торгового сотрудничества между странами экономические обмены становятся более тесными, что открывает перед предприятиями международной торговли беспрецедентные возможности для развития. Однако, пользуясь преимуществами

международных рынков, предприятия трансграничной торговли также сталкиваются с многочисленными проблемами управления финансами, обусловленными как внешними, так и внутренними факторами. Финансовый менеджмент, являясь ключевым аспектом деятельности международных торговых предприятий, напрямую влияет на прибыльность и конкурентоспособность на рынке. Поэтому исследование стратегий финансового менеджмента для международных торговых предприятий имеет значительную практическую и теоретическую ценность.

**Ключевые слова:** Торговая компания; Финансовый менеджмент; Международная торговля

International trading enterprises should recognize that by increasing their focus on financial management, they can not only safeguard their market share but also enhance their survival and development capabilities in the fiercely competitive global trade environment. Through rational planning and effective implementation of financial management strategies, enterprises can optimize resource allocation, reduce costs, and thereby strengthen their competitiveness, gaining more market opportunities. However, many international trading enterprises are still constrained by traditional work philosophies and management methods, resulting in various financial management issues such as inadequate internal control mechanisms, lack of timely responsiveness to external market changes, and unfamiliarity with international trade regulations and accounting standards. Therefore, these enterprises need to innovate their financial management to enhance their competitiveness and adaptability in international trade.

### **Deficiencies in financial management of international trade enterprises**

#### **(i) Awareness of accounting standards coordination is low**

With the rapid development of the global economy, significant economic conferences are regularly held worldwide, such as the World Economic Forum in Davos, the Annual Meetings of the International Monetary Fund (IMF) and the World Bank, the Asia-Pacific Economic Cooperation (APEC) Summit, the Association of Southeast Asian Nations (ASEAN) Summit, and the BRICS Summit, among others. These conferences provide crucial platforms for economic exchanges and cooperation among businesses worldwide, facilitating the increasing frequency of cross-border trade activities and the gradual expansion of business scopes for many enterprises from domestic to international markets.

However, this trend of globalization also necessitates an urgent need for the international harmonization of accounting standards. Despite certain progress in the development of international accounting standards, the current situation is not optimistic. Taking China as an example, many international trading enterprises still primarily rely on the domestic market, paying limited attention to the requirements of international accounting standards. Additionally, some accounting professionals lack awareness of aligning with international standards and exhibit passivity in acquiring new knowledge, resulting in a stagnation of the domestic accounting industry in the process of internationalization.

Therefore, in the face of the challenges posed by globalization, international trading enterprises and professionals need to actively adapt to the trend of internationalization. This includes enhancing understanding and compliance with international accounting standards, elevating the internationalization level of international trading enterprises, and promoting the development of the accounting industry towards internationalization, standardization, and specialization. Only through these efforts can international trading enterprises better integrate into the global economic system and achieve higher levels of sustainable development.

#### **(ii) Financial information asymmetry**

In the context of international trade, businesses encounter the issue of financial information asymmetry. Given the nature of cross-border operations for international trading enterprises, they confront discrepancies in financial data between domestic and international operations, primarily

due to variations in laws, taxation, exchange rates, and other policies across different countries and regions. Specifically, multinational enterprises engaged in cross-border transactions may face complexities related to currency conversion, tax regulations, and financial reporting standards, further exacerbating the asymmetry of financial information. Consequently, managers are unable to accurately grasp the true condition of the enterprise.

This asymmetry leads to higher discretion among managers in decision-making, potentially resulting in two extreme scenarios: overestimating the company's capabilities and setting overly ambitious strategic objectives, which could lead to investment failures or even severe economic crises; or underestimating the company's capabilities, setting excessively low strategic objectives, wasting resources, reducing market share, and ultimately diminishing the company's competitiveness.

### **Strategies for improving financial management of international trade enterprises**

#### **(i) Improve the importance of international trade enterprises to financial management**

High-quality and timely financial information serves as the cornerstone of business decision-making. To this end, trading companies should adopt modernized financial accounting information systems to enhance the quality and timeliness of financial information, enabling timely identification of issues and risks and providing reliable data and information support for managerial decisions. The financial accounting department should strengthen communication and collaboration with other departments, establishing coordination mechanisms to better support the economic management of the enterprise. Additionally, enhancing supervision and evaluation of financial accounting work is a crucial step for trading companies to elevate their focus on financial accounting. By setting goals and indicators, establishing performance assessment mechanisms, strengthening supervision and evaluation, promptly identifying and correcting issues, the quality and efficiency of financial accounting work can be improved. Furthermore, enterprises should intensify training for accountants, foster learning and exchange activities, establish regular dialogue and cooperation mechanisms to leverage strengths and mitigate weaknesses, thereby aligning the accounting standards used by enterprises more closely with international accounting standards.

#### **(ii) Establish a comprehensive financial management system**

The establishment of financial management systems needs to fully consider the actual circumstances of the enterprise. This means that corresponding regulations and provisions must be developed based on factors such as the company's scale, industry characteristics, and business model. The responsibilities, authorities, operational procedures, and requirements of financial management personnel must be clearly defined to ensure the smooth operation of financial management work. A comprehensive financial reporting mechanism should be established to ensure that financial information is provided to internal and external stakeholders in a timely and accurate manner. This includes aspects such as the preparation, auditing, and disclosure of financial statements to guarantee the accuracy and timeliness of financial reports.

Introducing advanced technology to effectively develop and utilize enterprise information data is crucial. Through this approach, a comprehensive evaluation of the company's business activities and economic operations can be conducted, providing management with authentic and reliable reference information for decision-making. This not only helps the company better understand its operational status but also provides robust support for future development endeavors.


#### **(iii) Using scientific and reasonable information technology methods**

In light of the evolving market economy, challenges within social labor relations have become increasingly apparent. To mitigate these challenges, it is imperative for relevant entities to adopt a comprehensive and nuanced approach, aiming for clarity and specificity in addressing these issues. Consequently, in the contemporary context, workers and various stakeholders are able to forge positive social, labor, and interest relations, steering the development of social law towards a more scientific and refined trajectory. This progress holds profound significance for the

workforce at large, facilitating the enactment of legal stipulations and fostering the realization of an ideal, law-abiding society.

#### References:

- [1] Cui Junqin. On Enterprise Financial Risk Management [J]. National Circulation Economy, 2019 (05):46-48.
- [2] Li Jinhong. How to Play the Role of Financial Accounting in Economic Management. Business Observation, 2022 (17): 74-77.
- [3] Li Bogang. On the Role of Financial Accounting in Economic Management [J]. Finance and Economics, 2021(29): 132-133.
- [4] Xia Donglin. On International Accounting Harmonization [J] Accounting Research, 1989 (2): 58-61.
- [5] Feng Shuping. China's basic attitude towards international accounting coordination and the challenges it faces Question [J] Accounting Research, 2004 (1): 3-8
- [6] Gao Qiuxia On the International Convergence of Accounting Standards in China China Management Information Hua, 2019,22 (7): 42-43.



ӘОЖ 336.027

**Макенова Айгуль Акимжановна,**  
э.ғ.к., «Қаржы, есеп және аудит» БББ аға оқытушысы  
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қ., Қазақстан  
**Ибраева Гүлайым Алиқожақызы,**  
э.ғ.м., «Қаржы, есеп және аудит» БББ оқытушысы,  
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қ., Қазақстан

### **ХАЛЫҚТЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ӨНІР ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ДАМУЫНА ӘСЕРІ**

Қаржылық сауаттылық әлемдік қозғалысқа айналды. Қаржы қызметтерін тұтынушылардың қаржылық сауаттылығын арттырудың ұлттық бағдарламаларын құру, әсіресе әлемдік қаржы дағдарысынан кейін жылдам қарқынмен таралуда. Бұл процесте мемлекеттің рөлі өте маңызды болады. Алайда, мемлекеттің функцияларын тиімді орындау үшін қаржылық сауаттылық деңгейін арттыру процесінің мүдделі тараптарымен, оның ішінде жеке сектормен, қаржы институттарымен ынтымақтастық қажет [1]

Қаржылық сауаттылық жеке адамдар үшін, қаржы жүйесі үшін және жалпы экономиканы дамыту үшін маңызды аспект болып табылады. Ұзақ мерзімді перспективада экономиканың дамуы ресурстарды бөлуге байланысты. Қалғанының бәрі тең болған жағдайда, тәуекел деңгейін ескере отырып, капитал сыйымдылығы коэффициенті неғұрлым жоғары болса, экономиканың ұзақ мерзімді даму перспективалары соғұрлым жақсы болады. Қаржылық сауаттылық экономикадағы ресурстарды бөлуге әсер ететін фактор болып табылады.

Егер инвесторлардың қаржылық сауаттылық деңгейі жоғары болса, онда олар инвестициялық стратегияны қалыптастыруға жауапкершілікпен қарайды, баламалы тәуекелдерге тиісті назар аударады және инвестициялардың тәуекелі мен кірістілігінің арақатынасын және ресурстарды өнімді пайдалануды сараланған талдауды жүзеге асыруы тиіс.

Қаржылық сауаттылық деңгейін арттыру проблемасын жалпы мемлекеттік мәселеге жатқызуға болады, өйткені ол мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігі мен оның қаржылық қауіпсіздігінің өсуімен тікелей байланысты.

Бүгінгі таңда әлемнің көптеген елдерінің сарапшылары жаһандық қаржы дағдарысы негізінен қаржылық қызметтерді тұтынушылардың сауаттылығынсыз қаржылық дағдарыс тудырды деген қорытындыға келді. Болашақта мұндай жағдайды болдырмау үшін әлемнің көптеген елдерінің үкіметтері қаржылық сауаттылықтың ұлттық стратегияларын әзірлеуге күш салуда халық арасында оның деңгейін көтеру үшін үлкен қаржы ресурстарын салады [2].

Жалпы қазіргі таңда үкімет тарапынан халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру мақсатында бірқатар іс-шара қолға алынған. Мәселен, ҚР Үкіметі 2020 жылы 30 мамырда «Қаржылық сауаттылықты арттырудың 2020-2024 жылдарға арналған тұжырымдамасын» бекіткен болатын. Оның басты мақсаты да халықтың түрлі топтарының қаржылық білім деңгейін, сауатын және қаржылық қолжетімділігін арттыру. Бұдан бөлек 2021 жылы мектеп жасындағы балалардың қаржылық сауаттылығын арттыру мақсатында Агенттік Freedom Finance Camp кеңейтілген жобасының шеңберінде Қазақстан мектептеріндегі қаржылық сауаттылық бойынша тегін сабақтар өткізілген. Сонымен қоса, 2021 жылғы мамырда агенттіктің азаматтармен жедел өзара іс-қимыл жасауы және қаржы реттеушісінің, қаржы ұйымдарының, реттелетін субъектілердің қызметі мен мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы ақпараттың халық үшін қолжетімділігі мен толықтығын арттыру мақсатында Call-орталық жұмысын бастады.

Қаржылық сауаттылық (ағылш. Financial literacy) - қаржымен байланысты және ақылға қонымды қаржылық шешімдер қабылдау, сондай-ақ жеке қаржылық әл-ауқатқа қол жеткізу үшін қажетті хабардарлықты, білімді, дағдыларды, көзқарастар мен мінез-құлықты ұштастыру; қаржылық шешімдерді орынды қабылдау үшін негіз болатын адамның құзыреттер жиынтығы. Қаржылық сауаттылықты дамыту қаржылық әл-ауқатты сақтауға және жақсартуға мүмкіндік береді деп саналады.

Қаржылық сауаттылық - бұл адамның әл-ауқатын жақсартуға және өмір сүру сапасын жақсартуға әкелетін қаржылық мінез-құлық саласындағы білімнің, дағдылардың және көзқарастардың жиынтығы.

Жоғары деңгейде ол банктермен және несие ұйымдарымен өзара әрекеттесуді, тиімді ақша құралдарын пайдалануды, өз аймағының және бүкіл елдің экономикалық жағдайын байыпты бағалауды қамтиды.

Қаржылық сауаттылық негіздерін меңгеру нақты мақсаттар қоюға және оларға қол жеткізуге сеніммен баруға мүмкіндік береді. Тапқан ақшаңызды сақтау үшін құралдарды басқару саласындағы біліміңізді үнемі жаңартып отыруыңыз керек. Табысты арттыру үшін үнемі табыс табудың жаңа құралдарын енгізу қажет.

Қаржылық сауаттылықтың болмауы негізсіз қаржылық шешімдер қабылдауға әкелуі мүмкін, бұл адамның қаржылық жағдайына жағымсыз әсер етуі мүмкін және тіпті оны қарыз шұңқырына апаруы мүмкін.

Көптеген зерттеулер көрсеткендей, қаржылық сауатты адамдар қандай позицияда және қай салада жұмыс істейтініне қарамастан өмірде сәтті болады.

Қаржылық сауаттылықтың негіздерін білу өмір сүру сапасын жақсартуға ықпал етеді және адамдардың әл-ауқатына оң әсер етеді деп сеніммен айтуға болады. Сондықтан қаржылық сауаттылықты оқыту әрбір адамға қатысты!

Қаржылық сауаттылық деп мынадай құрамдас бөліктердің жиынтығы түсініледі: қаржылық көрсетілетін қызметтер мен құралдарды пайдалана білу; меншікті қаржы қаражатын басқару дағдылары; халықтың қаржы жүйесі, оның жұмыс істеу қағидаттары, сондай-ақ қаржылық көрсетілетін қызметтер саласында тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы хабардар болу деңгейі. Осылайша, халықтың қаржылық сауаттылығының жоғары деңгейі азаматтардың өмір деңгейінің жоғарылауына, жеке инвесторлардан



қаражаттың ел экономикасына келуіне, қаржы нарықтарындағы бәсекелестіктің дамуына, қаржылық тұрақтылықтың нығаюына және халықтың әл-ауқатының артуына ықпал етеді [3].

Қазақстанда қаржылық сауаттылықты өлшеу үшін жыл сайын әлеуметтанушылық зерттеу жүргізіледі. 2020 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасындағы қаржылық сауаттылық деңгейі 39,07 % болды. Бұл көрсеткіш қаржылық білім мен қаржылық көрсетілетін қызметтерді пайдалану дағдыларының деңгейлерін, өз қаржы қаражатын басқара білуін және тұтынушылардың қаржы жүйесі туралы хабардар болуын бағалайды.

Қазақстанда өз қаражатын басқара білу көрсеткіші өте жоғары және 40 %-ті құрайды, бұл тұтынушылардың өз ақшасына қатысты мәселелерде өте мүдделі екендігін көрсетеді. Пікір жүргізілген азаматтардың шамамен 84 %-і отбасылық бюджетті жүргізеді. Бұл көрсеткіште айтарлықтай жас айырмашылығы байқалады, себебі жастардың бюджетті жоспарлау бейімділігі төмендеу және әдетте бюджетті отбасының басқа мүшелерімен бірлесіп қалыптастырады. Сауалнама жүргізілген қазақстандықтардың 66 %-тен астамы барлық шығыстарды мұқият қадағалап отырады және олардың есебін жүргізеді[4].

Тұтастай алғанда, Қазақстандағы қаржылық сауаттылық деңгейі орташа әлемдік деңгейге жақын.

Қазақстандағы қаржылық сауаттылық деңгейін арттыру үшін мыналар негізгі факторлар болып табылады:

- 1) нарықта ұсынылатын қаржылық қызметтерді қиындату;
- 2) халықтың қаржылық білімінің қаржы нарығындағы өзгерістерге сәйкес келмеуі;
- 3) тұтынушылар қабылдауы қиын ақпараттың ауқымды ағыны.

Аяқталған зерттеулердің нәтижелері негізінде, сондай-ақ Қазақстандағы қаржылық сауаттылық деңгейін халықаралық бағалауды назарға ала отырып, қаржылық сауаттылық саласындағы мынадай түйінді проблемаларды белгілеуге болады:

Жас топтарын жаппай қамту үшін халықтың қаржылық хабардарлығын арттыру үшін мемлекеттік, жеке және қоғамдық мекемелер мен ұйымдардың күш-жігерін біріктіру қажет мемлекеттің осы процесті қаржылық сауаттылық стандарттарына сәйкес сөзсіз үйлестіруі кезінде. Қаржылық сауаттылық пен хабардарлық деңгейін арттыруға ықпал етуге болады

келесі іс-шараларды іске асыру арқылы:

- қажетті білім мен дағдыларды стандарттау;
- халықтың қаржылық сауаттылығының нысаналы бағдарламаларын әзірлеу үшін жұмыс топтарын құру;
- қаржылық сауаттылық мәселелері бойынша құзыретті мамандар мен оқытушыларды даярлау;
- білім беру мекемелерінің оқу жоспарларына қаржылық сауаттылық мәселелерін енгізу; жергілікті билік органдары мен коммерциялық құрылымдардың қатысуымен оқу орындары мен жұмыспен қамту орталықтары, қоғамдық кітапханалар жанынан қаржылық хабардарлық орталықтарын құру; қаржы нарығында тұтынушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғаудың нақты жүйесін құру;
- билік органдарының сайттарында жеке беттерді ашу, ал одан әрі - әртүрлі мақсатты аудиториялар үшін үздік әлемдік тәжірибені ескере отырып, қаржылық сауаттылық бойынша ведомстволық сайттар құру;
- қаржылық сауаттылық бойынша нысаналы бағдарламаларды әзірлеу мен енгізуді қаржылық қамтамасыз етудің тиісті тетігін құру;
- үздік ақпараттық-білім беру өнімдерін бағалау, іріктеу және тираждау тетігін құру.

Осылайша, халықтың қаржылық сауаттылық деңгейін арттыруға бағытталған белгілі бір мақсаттар мен міндеттерді іске асырудың нәтижесі адами әлеуетті дамыту, Қазақстан азаматтарының әл-ауқаты мен қаржылық қауіпсіздігін арттыру болуға тиіс қаржы-экономикалық шешімдер қабылдаудың тиімділігін арттыру, қаржы нарықтарындағы бәсекелестікті дамыту және қаржылық тұрақтылықты нығайту. Жас топтарын жаппай қамту

үшін халықтың қаржылық хабардарлығын арттыру үшін мемлекеттік, жеке және қоғамдық мекемелер мен ұйымдардың күш-жігерін біріктіру қажет мемлекеттің осы процесті қаржылық сауаттылық стандарттарына сәйкес сөзсіз үйлестіруі кезінде.

Қаржылық сауаттылық пен хабардарлық деңгейін арттыруға ықпал етуге болады келесі іс-шараларды іске асыру арқылы:

- қажетті білім мен дағдыларды стандарттау;
- халықтың қаржылық сауаттылығының нысаналы бағдарламаларын әзірлеу үшін жұмыс топтарын құру;
- қаржылық сауаттылық мәселелері бойынша құзыретті мамандар мен оқытушыларды даярлау;
- білім беру мекемелерінің оқу жоспарларына қаржылық сауаттылық мәселелерін енгізу; жергілікті билік органдары мен коммерциялық құрылымдардың қатысуымен оқу орындары мен жұмыспен қамту орталықтары, қоғамдық кітапханалар жанынан қаржылық хабардарлық орталықтарын құру; қаржы нарығында тұтынушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғаудың нақты жүйесін құру;
- билік органдарының сайттарында жеке беттерді ашу, ал одан әрі - әртүрлі мақсатты аудиториялар үшін үздік әлемдік тәжірибені ескере отырып, қаржылық сауаттылық бойынша ведомстволық сайттар құру;
- қаржылық сауаттылық бойынша нысаналы бағдарламаларды әзірлеу мен енгізуді қаржылық қамтамасыз етудің тиісті тетігін құру;
- үздік ақпараттық-білім беру өнімдерін бағалау, іріктеу және тираждау тетігін құру.

Осылайша, халықтың қаржылық сауаттылық деңгейін арттыруға бағытталған белгілі бір мақсаттар мен міндеттерді іске асырудың нәтижесі адами әлеуетті дамыту, Қазақстан азаматтарының әл-ауқаты мен қаржылық қауіпсіздігін арттыру болуға тиіс, қаржы-экономикалық шешімдер қабылдаудың тиімділігін арттыру, қаржы нарықтарындағы бәсекелестікті дамыту және қаржылық тұрақтылықты нығайту.

Азаматтар қаржы ұйымдарымен өзара іс-қимыл жасау, қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғау, агенттікке азаматтардан бұрын түскен өтініштерінің мәртебесін нақтылау, қаржы ұйымдарының жұмысы туралы кеңес алу мәселелері бойынша консультациялар алу үшін жүгіне алады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Финансовая грамотность. Основы финансовой грамотности. - Режим доступа. - URL: <http://fingeniy.com/finansovaya-gramotnost-osnovy-finansovojgramotnosti/>
2. Финансовая грамотность. Известные Интернет-ресурсы в области финансовой грамотности. - Режим доступа. - URL: [http://www.banki.ru/wikibank/finansovaya\\_gramotnost/](http://www.banki.ru/wikibank/finansovaya_gramotnost/)
3. Социологическое исследование по финансовой грамотности // <https://www.fingramota.kz/ru/sociologicheskoe-issledovanie-po-finansovoj-gramotnosti>.
4. Левина М. Как воспитать финансово свободное поколение?// <https://vlast.kz/jekonomika/36006-kak-vospitat-finansovo-svobodnoe-pokolenie>.



УДК: 336.2

**Цой Давид Викторович,**  
студент группы Фин-21-1 п/я  
Кызылординского университета имени Коркыт Ата, г. Кызылорда, Казахстан  
**Айдосова Бахытжамал Хангереевна,**  
к.э.н., старший преподаватель БББ «Финансы, учет и аудит»  
Кызылординского университета имени Коркыт Ата, г. Кызылорда, Казахстан

## **РЕГИОНАЛЬНЫЙ АСПЕКТ ИНИЦИАТИВНОГО БЮДЖЕТИРОВАНИЯ КАК ОСНОВНОЙ ПРИНЦИП НОВОЙ ФИНАНСОВОЙ КУЛЬТУРЫ**

Финансовая культура содержит в себе финансово рациональное поведение, с помощью которого человек достигает оптимального материального уровня, не вступая при этом в антагонизм своим принципам жизни, а также диктующим обществом базовым ценностям [1].

Одним из фундаментальных принципов новой финансовой культуры в современных условиях является принцип выражения гражданской позиции по отношению к общественным финансам, таким как налоги, бюджет, инициативное бюджетирование.

Основным источником дохода государственного бюджета являются налоги граждан. Малая часть граждан понимает, как работает и функционирует бюджетная система, остальная же часть считает, что финансовые средства используются не по назначению и уходят в неизвестном направлении. К сожалению, программы реализации бюджетных средств не всегда эффективны. Это касается обслуживания территорий общего пользования, детских садов, школ, жилищно-коммунальных услуги в целом благоустройства территории [2].

Решением данной проблемы является инициативный бюджет – бюджет, главную роль в создании которого играют граждане. С помощью программы местных инициатив решаются наиболее злободневные проблемы, это то, что волнует каждого жителя конкретного населенного пункта: отсутствие уличного освещения, тротуаров, детских площадок или спортивного центра. Граждане сами определяют для себя, то, что им важно в данный момент. В регионах одновременно реализуется программа неравнодушных в обсуждении приоритетных проблем, требующих решения. Программа показывает, что регионы, в которых применялся данный метод распределения бюджетных средств, существенно преобразились наряду с повышением качества жизни населения.

Инициативное бюджетирование (ИБ) – это форма участия жителей в решении вопросов местного значения посредством определения и выбора направлений расходования бюджетных средств.

С помощью ИБ решаются наиболее актуальные проблемы, иницируется участие граждан в решении проблем местного значения через работу в проектных командах, голосование при определении приоритетов расходования бюджетных средств и т.д.

Инициативное бюджетирование – это обсуждение бюджетных вопросов, участие представителей власти, серийный (ежегодно повторяющийся) процесс реализации, публичное обсуждение с участием граждан, организация публичной отчетности, софинансирование, участие граждан в реализации проектов, встроенность практик в административный и бюджетный процесс.

Целью идеологии ИБ является поддержка инициатив жителей в решении вопросов местного значения, а в задачи входят следующие направления деятельности:

- вовлечение жителей в определении проектов инициативного бюджетирования, их реализацию и контроль;
- повышение открытости и эффективности расходования бюджетных средств;
- повышение открытости деятельности органов местного самоуправления;
- развитие взаимодействия органов местного самоуправления и населения;

- усиление общественного контроля за деятельностью органов местного самоуправления.

Эффекты от внедрения инициативного бюджетирования делятся на экономические, управленческие, институциональные и социальные.

К экономическим эффектам относятся повышение эффективности расходования бюджетных средств и сохранности реализованных проектов, а также привлечение дополнительного финансирования, что выражается в следующем:

- *Приоритезация проблем.* Выбор гражданами приоритетных проектов, решающих наиболее острые проблемы города, выбранные самими гражданами, как инструмент оптимизации бюджетных расходов;

- *Финансовый ресурс.* Появляется дополнительный ресурс решения вопросов местного значения и альтернатива неработающему институту самообложения граждан;

- *Экономия бюджетных средств.* Снижается стоимость объектов за счет участия граждан в подготовке проектной документации и реализации проектов.

Управленческие и институциональные эффекты от внедрения ИБ заключаются в повышении бюджетной грамотности населения (формирование знаний и навыков оперирования информации о бюджете), а также в сохранности и контроле (эффективный общественный контроль и бережная эксплуатация созданных объектов муниципальной и общественной инфраструктуры).

К социальным эффектам относятся формирования лояльности граждан, рост вовлеченности граждан в бюджетный процесс, повышение уровня доверия к власти и активизация участия населения, что выражается в следующем:

3. Өнімнің негізгі түрлерін (сүт, нан, ет және басқа да бірқатар) өндірудегі салаішілік бәсекелестік;

4. Импортталатын өнім саны;

5. Өңірдің АӨК кәсіпорындары жұмыс істейтін нарық модельдерінің үйлесімділігі;

6. Өңірлік деңгейде интеграциялық процестерді дамыту;

7. Өңірдің инфрақұрылымы және өнімді өткізу арналары

Үшінші деңгей - микроэкономикалық:

1. Негізгі өндірістік қорлармен қамтамасыз ету;

2. Білікті басқарушы кадрлардың болуы;

3. Кәсіпорын бөлімшелері арасында шаруашылық есеп қатынастары жүйесінің болуы;

4. Қызметкерлер мен басқарушыларды ынталандыру жүйесі;

5. Ауыл шаруашылығын жүргізудің нормативтік жүйесін қолдану деңгейі;

6. Өнімді сатудың ең тиімді арналарын таңдау

Кез – келген механизмнің негізгі мақсаты-жұмыс істеу, бірақ әртүрлі механизмдерде жұмыс істеу нәтижесі әртүрлі жолдармен көрінеді. Механизмнің техникалық әсер етуінде, мысалы, машина іске қосылмайды, сағат тоқтайды. Экономикалық механизмде әлдеқайда күрделі: оның қаншалықты тиімді жұмыс істейтінін өлшеу үшін жүйенің функционалдық критерийлерін анықтау қажет.

Ресейлік ғалым, экономика ғылымдарының докторы Л.И. Абалкиннің тұжырымдамасына сәйкес шаруашылық механизмнің құрылымына сүйене отырып, біз оның негізгі элементтерін бөліп көрсетеміз:

-басқару деңгейлері бойынша ұйымдастырушылық құрылымдар: экономикалық орта мен объектілерді аграрлық басқару (макро деңгей); жүйесінің негізгі шаруашылық буыны шеңберіндегі басқару (микро деңгей)

- басқару тетігі субъектілерін басқарудың нақты нысандары мен ішкі жүйелері, оның ішінде өзіндік құнын есептеу, баға белгілеу, пайданы қалыптастыру және бөлу тәртібі, қаржыландыру, несиелеу және т.б.

-әкімшілік немесе экономикалық құралдар басым басқару әдістерінің кешендері.

-қоғам нақты қалыптасқан жағдайды ескере отырып, экономикалық заңдарды қолданатын құқықтық нормалар

Л.И.Абалкин экономикалық механизмді өзіне тән нысандары мен әдістері, экономикалық ынталандырулары мен құқықтық нормалары бар қоғамдық өндірісті ұйымдастыру тәсілі ретінде анықтайды [9, 10-б.]. Сонымен бірге, ол өзінің әрі қарайғы зерттеулерінде экономикалық механизм «меншік нысандары мен өндіргіш күштердің байланысына делдалдық етеді» деп атайды [10, б.53].

Экономиканың мінсіз экономикалық механизмі нарықтың әсерінен қалыптасады және мемлекеттің реттеуші әсері кезінде қоғамның, мемлекеттің экономикалық мүдделерінің тауар өндірушілер – шаруашылық жүргізуші субъектілердің жергілікті топтық және жеке мүдделерімен органикалық үйлесуін қамтамасыз етуге арналады.

Негізгі экономикалық міндеттердің бірі-экономикалық механизмді дамыту. Бұл механизм экономиканы күрделі жүйе ретінде басқару қажеттілігімен байланысты. Қоғамдық еңбек бөлінісіне негізделген ірі әлеуметтік өндіріс объективті түрде ғылыми негізделген

басқару жүйесіне мұқтаж [1,2]. Қазіргі уақытта экономикалық ғылым еңбектерде «экономикалық механизм» ұғымының мазмұны туралы бірыңғай пікір қалыптасқан жоқ. Бірқатар зерттеушілер бұл ұғымдар бірдей деп санайды, ал басқалары оларды дұрыс ажырату қажеттілігін көрсетеді. Осы категориялардағы айырмашылықтарды егжей-тегжейлі қарастырмас бұрын, механизм ұғымын егжей-тегжейлі зерттеу керек. Бұл ұғымды әр түрлі сөздіктерде түсіндіру 1-кестеде келтірілген.

Осылайша, жоғарыда келтірілген анықтамалардан, «механизм» ұғымы шекті процестің жұмысына дейін азаятыны көрінеді, бұл жұмыс жүйесінің құрылымымен, оның құрамдас элементтерін өзара әрекеттесу тәсілдері мен әдістерімен анықталады.

Экономикалық механизмді зерттеу Ю. Осиповтың еңбектерінде жалғасты, ол оны «шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметін реттейтін өздеріне тән шаруашылық жүргізу тетіктері және бүкіл жүйеге тән қоғамдық шаруашылық институттары бар шаруашылық жүргізуші субъектілердің қоғамдық жүйесі» ретінде анықтайды [11. - Б.61].

И.С. Аверина экономикалық механизмді «мақсатқа жетудің нысандарын, әдістері мен құралдарын жетілдіру арқылы ойын ережелері мен шарттарын өзгерту арқылы экономикалық қызметті өзгертуді қамтамасыз ететін субъективті-объектілік қатынастар жүйесі» ретінде қарастырады [12. - Б.14].

Кесте 1

Әртүрлі сөздіктер мен энциклопедиялардағы «механизм» ұғымының мазмұны

Дереккөз атауы	Тұжырымдаманың мазмұны
Түсіндірме сөздік	Ішкі құрылғы, бір нәрсенің жұмыс істеуі, іс-әрекеттің қандай да бір түрінің аппараты
Орыс тілінің құрамына енген шетелдік сөздердің сөздігі	Күштің әрекет ету тәсілі; сонымен қатар біздің қызметіміздің бір немесе басқа әрекетін іске асыруға қажетті барлық құралдардың жиынтығы (мысалы, мемлекеттік механизм)[4]
Философиялық энциклопедиялық сөздік	Қозғалыс немесе оқиға жүйесі, сондай-ақ табиғат заңдарымен анықталған осы қозғалыстар орындалатын құрылғы [5]
Үлкен кеңестік Энциклопедия	Бір немесе бірнеше дененің қозғалысын басқа денелердің қажетті қозғалысына айналдыруға арналған дене жүйесі [6]

Осылайша, экономикалық ғылымдағы «механизм» ұғымын анықтауда ол өзіне тән формалары, әдістері мен институттары бар процесс немесе өзара байланысты элементтер жүйесі ретінде қарастырылады. Экономикалық механизмдер теориясы экономикадағы процестердің заңдылықтарын анықтауға және болып жатқан құбылыстардың мәнін түсінуге жақындауға мүмкіндік береді.

«Экономикалық механизм» ұғымдарын түсіну үшін, «ұйымдастырушылық-экономикалық механизм», «экономикалық механизм» жиі кездесетін мысалдарын қарастырамыз. Зерттеушілердің көпшілігі (И.С. Аверина, Н.В. Быковская, Н.Н. Лебедева және т.б.) экономикалық және экономикалық механизм ұғымдарын ажырату қажет деп санайды, өйткені екінші ұғым біріншісінің бөлігі болып табылады. Ғалымдардың едәуір аз саны бұл ұғымдарды анықтайды. Біз жүргізген зерттеулер көрсеткендей, бірінші тәсіл анағұрлым қолайлы, өйткені экономикалық механизм негізгі бола отырып, ұйымдастырушылық, саяси, мәдени және басқа тетіктермен бірге экономикалық механизмді қалыптастырады.

Әдеби дереккөздерді талдау бізге 2-кестеде келтірілгендей «экономикалық механизм» және «ұйымдастырушылық-экономикалық механизм» ұғымдарын анықтаудың негізгі тәсілдерін анықтауға мүмкіндік берді.

Ұйымдастырушылық-экономикалық механизм туралы айтатын авторлар, әдетте, оның құрамында экономикалық және ұйымдастырушылық компоненттерді шығарады. Алайда,

экономикалық механизмді сипаттайтын авторлар оның процестерді ұйымдастыру функциясында да, оны жүзеге асыратын және реттейтін институттарда да көрінетін ұйымдық құрамдас бөлігін жоққа шығармайды. Кез-келген экономикалық қызметті ұйымдастырушылық рәсімдеусіз жүзеге асыру мүмкін емес, ал басқару процесі ұйымдастыру және жоспарлау функциясын жүзеге асырмай жүзеге асырыла алмайды. Экономикалық механизм белгілі бір экономикалық мүдделерді белгілі бір нысандарда жүзеге асыру арқылы көрінеді, бұл мүдделерді іске асыру, әдетте, белгілі бір ұйымдық нысандарда ұсынылатын осы процестің субъектілерінің қатысуынсыз жүзеге асырыла алмайды.

Кесте 2

«Экономикалық механизм» және «ұйымдастырушылық-экономикалық механизм» ұғымдарын анықтау тәсілдері

Авторлар	Тұжырымдаманың мазмұны
Алтухов А.И., Кундиус В.И.	АӨК дамуының экономикалық тетігі-ұйымдық құрылымдардың жиынтығы, нақты жағдайларда қолданыстағы экономикалық заңдар іске асырылатын және кеңейтілген ұдайы өндіріс процесі қамтамасыз етілетін басқарудың нақты нысандары мен әдістерінің кешені [13. - С. 394]
Бычкова А.Н.	Экономикалық механизм-бұл субъектілерді басқару және өзара әрекеттесу тәсілдерінің жиынтығы, оның мақсатты функциясы ұтымды басқару және экономиканың дамуындағы тұрақты заңдылықтарды қалыптастыру болып табылады [14. - С. 42]
Павленко Н.Е.	Экономикалық механизм-бұл материалдық және рухани игіліктерді өндіруге, бөлуге және тұтынуға бағытталған экономикалық құралдардың (есепке алу, талдау, жоспарлау, реттеу және т.б.) заңдары мен заңдарының жиынтығы [15. - С. 9]
Ходос Д.В., Иванов С.Г., Дьяченко О.Г.	Экономикалық механизм-мемлекеттің бағдарламалық саясаты негізінде қалыптасатын өндірістік жүйеде шаруашылық жүргізуші субъектілерді дамытудың қолданыстағы нарықтық заңдарының нақты көрінісі [16. - С. 25]
Мочалов А.П.	Агроөнеркәсіптік кешеннің экономикалық тетігі-АӨК салаларының инновациялық дамуын қамтамасыз ету және халықтың азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің жаһандық міндетін шешуге бағытталған қоғамдық өндірісті реттеудің мемлекеттік және нарықтық нысандары, әдістері мен тәсілдерінің өзара іс-қимылының жиынтығы қамтамасыз етілетін қатынастар жүйесі [17. - С. 135]
Озерова М.Г.	Агро азық-түлік секторының экономикалық механизмі - аграрлық саланың басқарылатын жағдайында экономикалық процестің өзара байланысты ресурстарының жиынтығы ретінде әрекет етеді, бұл тауар өндірушілердің өндірістік қызметін ынталандыруға ықпал етеді және отандық азық-түлік нарығының қанықтылығына әкеледі [18. - С. 29]
Ушачев И.Г., Оглоблин Е.С., Санду И.С., Трубилин А.И.	Агроөнеркәсіптік кешендегі инновациялық процестің ұйымдастырушылық-экономикалық механизмі -бұл саладағы ғылыми-техникалық прогресті қамтамасыз ету бойынша негізгі міндеттерді шешуді қамтамасыз ететін өзара байланысты және келісілген жұмыс істейтін инновациялық қызметті жүзеге асырудың нысандары (буындары) мен әдістерінің жиынтығы [19. - С. 243]
Козаев И.С., Дементьев В.И.	Мал шаруашылығын дамытудың ұйымдастырушылық-экономикалық тетігі-бұл сала жұмысының ұйымдастырушылық, экономикалық және құқықтық компоненттерінің жиынтығы [20. - С. 41]
Ахмедова Ж.А.	Ауыл шаруашылығын реттеудің ұйымдастырушылық-экономикалық тетігі-оның тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған өндіріс процесінде шаруашылық жүргізуші субъектілер арасында туындайтын экономикалық қатынастарды үйлестіру жүйесі [21. - С. 16]
Цхурбаева Ф.Х., Фарниева И.Т.	Кәсіпорынды басқарудың ұйымдастырушылық-экономикалық механизмі-басқару субъектісінің басқарылатын объектіге әсер етуінің ұйымдастырушылық және экономикалық құралдарының жиынтығы, статистика мен динамиканың байланысын қамтамасыз ететін басқару шешімдерін әзірлеу арқылы басқару объектісінің қажетті күйлеріне қол жеткізу [22.- С. 153]

Жоғарыда айтылғандарға байланысты экономикалық механизм, оның ішінде ұйымдастырушылық компонент, нанымдарды бөлек атап көрсетуді қажет етпейді және «ұйымдастырушылық-экономикалық механизм» категориясын бөлу осы ұғымдардың мәнін түсінуде және олардың қайталануында кейбір шатасуларға әкеледі деген қорытынды жасау керек.

АӨК орнықты дамуының экономикалық тетігін қарастыру кезінде кез келген экономикалық қызмет осы қызметке тікелей және жанама қатысушылардың (субъектілердің) мүдделерін іске асыру қажеттілігімен айқындалатындығын негізге алған жөн. Бұл, әдетте, экономикалық қызметте басым болатын экономикалық, сондай-ақ әлеуметтік, мәдени, экологиялық және т.б. мүдделер болуы мүмкін. Оларды іске асыру қоғамның даму деңгейіне, өндірістік күштер мен өндірістік қатынастарға байланысты тауарлар мен қызметтерді өндірудің, айырбастаудың, бөлудің және тұтынудың қандай да бір түріне дейін азаяды. Мүдделері басым, ойын ережелерін белгілейтін және олардың орындалуын қадағалайтын экономикалық қызметке қатысушылар өндірілген өнімнің қосымша бірліктері түрінде үлкен пайда көреді, әдетте олардың артықшылықты жағдайы өндіріс құралдарына меншік құқығымен және қажетті заңдардың қабылдануына әсер ету мүмкіндігімен анықталады. Алайда, басқару механизмінің басқа қатысушылары да өз мүдделерін жүзеге асырады, бірақ аз пайда әкеледі. Мүдделер болмаған немесе оларды іске асыру мүмкін болмаған жағдайда – басқарудың бүкіл экономикалық механизмін іске асыратын қозғаушы күш жоқ.

Агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың экономикалық тетігі субъектілерінің қызметіне сыртқы және ішкі факторлар, ол жүзеге асырылатын жағдайлар әсер етеді.

Қорытынды. Жоғарыда айтылғандардың барлығын ескере отырып, осы тұжырымдаманың келесі анықтамасын тұжырымдауға болады: АӨК тұрақты дамуын басқарудың экономикалық механизмі – бұл өндіріс процесіне барлық қатысушылардың, сондай-ақ тұтынушылар мен мемлекеттің мүдделерін іске асыру процесі, өндірісті, айырбастауды, бөлуді, сатуды және тұтынуды ұйымдастырудың әртүрлі формалары арқылы жүзеге асырылады. АӨК орнықты дамуының экономикалық механизмі әр түрлі жағдайларда қосылған құнды ұдайы ұлғайтуға бағытталған.

Экономиканың мінсіз экономикалық механизмі нарықтың әсерінен қалыптасады және мемлекеттің реттеуші әсері кезінде қоғамның, мемлекеттің экономикалық мүдделерінің жергілікті топтық және жеке мүдделерімен – шаруашылық жүргізуші субъектілермен органикалық үйлесуін қамтамасыз етуге арналады. Өңірдің АӨК кәсіпорындарын басқарудың экономикалық тетігін жетілдіру бағыттары орнықты көпфункционалды бәсекеге қабілеттілікті және өңірдің АӨК дамытудың стратегиялық бағдарларына қол жеткізуді қамтамасыз етуі тиіс.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Векленко Е.В. К вопросу об экономическом механизме воспроизводственного процесса в сельском хозяйстве // Вестник Курской государственной сельскохозяйственной академии. – 2015. -№ 3. - С. 20-23.


2. Векленко Е.В. Цели, задачи и принципы построения экономического механизма воспроизводственного процесса в сельском хозяйстве // Вестник Курской государственной сельскохозяйственной академии. – 2015. - № 4. - С. 33-36.

3. Толковый словарь русского языка: в 4 т. Т. 2: Л — Ояловеть / Под ред. Д.Н. Ушакова. - М.: Гос. изд-во иностр. и нац. слов., 2018. — 1040 с.

4. Павленков Ф. Словарь иностранных слов, вошедших в состав русского языка [Электронный ресурс] // [http://dic.academic.ru/dic.nsf/dic\\_fwords/42123/%D0%9C%D0%95%D0%A5%D0%90%D0%9D%D0%98%D0%97%D0%9C](http://dic.academic.ru/dic.nsf/dic_fwords/42123/%D0%9C%D0%95%D0%A5%D0%90%D0%9D%D0%98%D0%97%D0%9C).

5. Ходос Д.В., Иванов С.Г., Дьяченко О.Г. Экономический механизм развития АПК региона // Вестник КрасГАУ. – 2013. – № 12. – С. 24-28.

6. Мочалов А.П. Экономический механизм АПК // Вестник Ульяновской государственной сельскохозяйственной академии. – 2021. – № 3(15). – С. 130-135.
7. Измалков С., Сонин К., Юдкевич М. Теория экономических механизмов (Нобелевская премия по экономике 2007 г. часть №1) // Вопросы экономики . – 2018. – № 1. – С. 4–24.
8. Озерова М.Г. Концептуальные основы экономического механизма агропродовольственного сектора // Вестник КрасГАУ. –2013. – №. – С.25-30
9. Абалкин Л.И. Хозяйственный механизм развитого социалистического общества. - М.: Мысль, 2013. – 263 с.
10. Абалкин Л.И. Собственность, хозяйственный механизм, производительные силы // Экономическая наука современной России. – 2010. – № 1(5). – С. 52-53.
11. Павленко Н.Е. Формирование и развитие экономического механизма в сельском хозяйстве России (теория, методология, практика): автореф. дисс. док. эк. наук. – М., 2022. – 50 с
12. Аверина И.С. Эволюция и классификация феномена «хозяйственный механизм» // Вестник Волгоградского государственного университета. Серия 3: Экономика. Экология. – 2022. – № 2(21). – С. 12-16.
13. Алтухов А.И. Российский АПК: современное состояние и механизмы развития: монография / А.И. Алтухов, В.И. Кундиус. – М. ФГУП «ВО Минсельхоза России»; Барнаул: Изд-во АГАУ, 2016. –723 с.
14. Бычкова А.Н. Экономический механизм: определение, классификация и применение // Вестник Омского университета. Серия «Экономика». –2010. – № 4.– С. 37-43.



ӘОЖ 338.012

**Кеулимжаева Алмагуль Утегеновна,**  
магистрант, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қ., Қазақстан  
**Талапбаева Гульнар Едиловна,**  
э.ғ.к., Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қ., Қазақстан

### **ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫНЫҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН АНЫҚТАЙТЫН КӨРСЕТКІШТЕР**

Мемлекеттің әлеуметтік саясатының аса маңызды бағыттарының бірі – халықтың денсаулығын сақтау саласы. Денсаулық сақтау саласы халықтың ұдайы өсімін, денсаулығын, әлеуметтік кепілдікті қамтамасыз ететін экономиканың стратегиялық маңызы жоғары саласы болып табылады.

Бүгінгі таңда халықтың денсаулық көрсеткіштері (орташа өмір сүру ұзақтығы, ана және бала өлімі, ауыру деңгейі және т.б.) әртүрлі мемлекеттер арасында салыстырылатын және әр елдің өркениеттілігінің деңгейін көрсететін факторлардың бірі болып саналады. Сондықтан денсаулық сақтау саласының проблемалары мемлекеттің әлеуметтік-саяси деңгейіндегі өзекті мәселелері деп қабылданып, күнделікті көңіл бөлінетін шараларға айналуы тиіс. Еліміздің дамуының геосаяси болашағы, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері, экономикалық өсу және қазақстандықтардың өмір сүру деңгейінің өсуі қоғамдағы адамдардың табиғи және рухани даму деңгейіне, олардың кәсіби белсенділігіне, өмір сүру ұзақтығына тікелей тәуелді болады. Мемлекеттің әлеуметтік саясатының басымдықтары ретінде ұлттың интеллектуалды және еңбек әлеуетінің сақталуы, адамдардың

психофизикалық денсаулығының жақсаруы, олардың өмір сүруінің сапасының артуы сияқты көрсеткіштер есептелуі қажет.

Бүгінгі күні елімізде халықтың денсаулық көрсеткіштері еріксіз алаңдатады. Статистикалық деректерді талдай отырып, халықтың наукастану деңгейінің жоғарылығын, еңбекке қабілетті азаматтардың арасында мезгілінен бұрын өлу көрсеткішінің көтерілуін, аурудан, әртүрлі жарақаттардан, мүгедектіктен еңбекке қабілеттілігін жоғалтқан азаматтардың санының өсуін, репродуктивті жастағы халықтың денсаулығының нашарлауын байқауға болады. Бүкіләлемдік әлеуметтік-экономикалық дағдарыс халықтың денсаулығына кері әсер ететін факторларды көбейтіп, бұған дейін қалыптасқан жағымсыз тенденцияларды күшейтіп жіберді. Аурулардың құрылымының ішінде кардиологиялық және онкологиялық аурулармен қатар туберкулез, жыныстық жолмен тарайтын жұқпалы аурулар, психикалық аурулар, алкоголизм, наркомания сияқты әлеуметтік бағыттағы аурулар бастапқы орындардан көрінеді. Сондай-ақ, кейінгі жылдары жұмыс істейтін халықтың денсаулығының нашарлауына байланысты компенсациялық төлемдерді жүзеге асыруға бағытталған экономикалық шығындардың көбейіп бара жатқандығы байқалады. Бүгінгі күні дамыған мемлекеттерде халықтың денсаулығы мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуының деңгейін сипаттайтын негізгі көрсеткіштердің бірі ретінде қаралады. Қазіргі жағдайда экономикалық даму жағынан көшбасшы болып саналатын мемлекеттерде нағыз байлық деңгейі адамның дамуын қамтамасыз ететін байлықтың материалдық емес нысанының жағдайымен анықталады. Мемлекеттің даму деңгейі ондағы өндіріліп жатқан өнімнің өсу қарқынымен емес, халықтың өмір сүру сапасының жоғарылауымен қамтамасыз етіледі. Дамыған мемлекеттердің ұлттық байлығының құрылымының көп бөлігі адамға күрделі салым салу (адами капитал) есебінен қалыптасатын материалдық емес байлықтан құралады. Адамға күрделі салым салу дегеніміз – бұл білім алуға, кәсіби оқытуға, денсаулық пен мәдениетке және басқа да әлеуметтік қажеттіліктерге жұмсалатын шығындар. Бұл процесс адами капиталдың өндірісті интеллектуализациялаумен, ақпараттық технологияларды дамытумен байланысты қазіргі заманғы қоғамдық дамудағы өсіп келе жатқан ролін көрсетеді. Бүкіләлемдік банктің сарапшыларының бағалауы бойынша, дамыған елдерде бір адамға келетін ұлттық байлықтың (АҚШ долларымен есептегенде) құрылымында адами капиталдың үлесі 68 % –дан 76 %-ға дейін жетеді екен [1].

Адами капиталдың динамикасы әлеуметтік-экономикалық дамудың маңызды сипаттамасы болып табылады. Біріккен Ұлттар Ұйымының даму Бағдарламасының (БҰҰДБ) аясында әрбір елдегі адамдардың өмір сүруінің сапалық деңгейін сипаттайтын жалпылама көрсеткіш ретінде адами әлеуметтің даму индексі (АӘДИ) қабылданған. Бұл көрсеткіштің негізгі мәні БҰҰДБ-ның алғашқы баяндамасында былай деп көрсетіледі: әлеуметтік және экономикалық прогрестің негізгі мақсаты -нарықтық экономиканың дамуын жылдамдату емес, қоғамдағы әрбір адамға өзінің әлеуетін пайдалануға, салауатты, толыққанды, рухани белсенді өмір сүруге мүмкіндік беруді қамтамасыз ету [2].

Соған орай, негізгі көрсеткіштер ретінде өмір сүру сапасының үш құрамдас бөлігі қабылданады: денсаулық және ұзақ өмір сүру; білім алу және кәсіби өсу; материалдық игіліктердің қажетті деңгейімен қамтамасыз етілу. Жалпы денсаулық сақтау саласындағы жүргізілген реформалар саланың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін келесі көрсеткіштерге (қағидаттарға) негізделеді:

- медициналық көмектің жеткіліктілігі;
- денсаулық сақтау жүйесінің ролі;
- денсаулық сақтаудың құны;
- тұтынушылардың сұранысына сәйкес келуі;
- саланы мемлекеттік реттеу;
- әлеуметтік әділеттілік пен үнемділікке бағытталған саланы қаржыландыру моделі.

*Жеткіліктілік* (немесе ауызбірлік қағидаты) қағидаты бойынша халықтың денсаулығы қоғамдық құндылық болып есептеледі. Кейбір елдердегі медициналық көмектің халыққа

жеткіліксіздігі (мысалы, АҚШ, Франция, Жапония) саяси даудың негізі болып табылады. Қоғамдық қорлардан қаржыландырылатын және мемлекетпен реттелетін денсаулық сақтау жүйелері көпшіліктің мақұлдауына ие болған. Сондықтан, көп мемлекеттерде британдық денсаулық сақтау жүйесі үлгі ретінде қаралады.

*Денсаулық сақтаудың ролі* – қазіргі заманды индустриялық дамуды бастан кешкен қоғамда адамның және ұлттың денсаулығының өзекті мәселелері тек қана медициналық қызмет көрсетуді жақсартумен шешілмейді. Мемлекеттік қаражаттар халықтың денсаулығына әсер ететін негізгі факторларды, яғни өмір сүру салты мен қоршаған ортаны ескере отырып, бөлінуі керек екені баршаға аян. Халықтың денсаулығын сақтау тек қана емдеу мекемелерінің ғана емес, қоғамның мүддесі болуы керек. Бүгінде көптеген мемлекеттерде профилактикалық шараларды жүргізуде қоғамдық ұйымдардың (мектептер, общиналар, ана мен бала денсаулығын қорғау орталықтары т.б) ролі өте зор.

*Денсаулық сақтаудың құны* (шығындарды азайту және тиімділікті көтеру)- бұл мәселе бүгінде барлық дамыған елдердің үкіметтерін алаңдатып отыр. Соңғы кездегі әлемдік денсаулық сақтау салаларының шығындарының жоғарғы қарқынмен өсуінің себептеріне халықтың қартаюын, медициналық қызметтердің еңбек сыйымдылығының жоғарылауын, техниканың қарқынды дамуын, қоғамдық күтудің өсуін, медициналық қызметтердің жабдықтаушыларының қысымын жатқызуға болады.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, денсаулық сақтаудың мемлекеттік жүйелері жеке меншік секторға қарағанда бөлінген қаражаттарды әділетті бөліп, үнемді пайдаланады екен. Жеке меншік денсаулық мекемелерінің қызметкерлері тиімді жұмыс істеуге көбірек ынталы болғанмен, медициналық көмек көрсетудің жеке меншік жүйесі тұтынушыларды медициналық қызмет көрсетумен байланысты барлық шығындарды (соның ішінде сақтандыру компанияларының шығындары) төлеуге мәжбүр етеді, соның нәтижесінде жеке меншік секторда медициналық қызметтердің құны жоғары болады [3].

Денсаулық сақтау саласының бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін негізгі көрсеткіштердің бірі – саланы қаржыландыру көлемінің жеткілікті болуы. Алайда салаға бағытталған қаржы ресурстарының көбеюі міндетті түрде медициналық қызметтердің сапасын жоғарылатады деген тұжырымнан аулақ болу керек. Әр елде қаржыландыру көлемі әртүрлі болғанымен, көптеген елдерде жүргізілген зерттеулер бір проблемаға келіп түйіседі: қай елдің болса да халқының көпшілігі мемлекеттегі денсаулық сақтау саласын қаржыландыру жүйесіне наразы және үкіметтің салаға бөліп отырған қаржысының көлемі жеткіліксіз деп есептейді екен. Ғылыми-техникалық прогресстің жоғары қарқынмен дамуы, медицинаға қазіргі заманға қымбат бағалы медициналық құрал-жабдықтар мен медициналық бағыттағы өнімдерді белсенді түрде енгізу, емдеу мен диагностика жасаудың шығыны мол әдістерін енгізу және басқа да медициналық қызметтердің сапасын жоғарылатуға бағытталған шаралар еріксіз медициналық қызметтердің бағасының жоғарылауына алып келеді. Алайда ДДҰ-ның жүргізген зерттеулері көрсеткендей, қаржы ресурстарының көлемі денсаулық сақтау саласының идеалды ұйымдастыру жүйесін құруға кепілдік бермейді [4].

Бұл зерттеулерге сәйкес медициналық қызметтің сапасы елдің аумағына, халқының санына, экономикалық жағдайына тікелей тәуелді емес. Сондай-ақ мемлекеттің гүлденуі мен өсуін қамтамасыз ететін әмбебап денсаулық сақтау жүйесінің болуы мүмкін емес. Солай болғанмен елдегі денсаулық сақтауға жұмсалатын қаржының тапшылығы әртүрлі себептерге байланысты. Мемлекеттік денсаулық сақтау жүйесіне негізделген елдерде мұндай тапшылық экономиканың жағдайымен немесе экономиканың басқа салаларына қарағанда әлеуметтік саланың қаржыландыру басымдығының жоқтығымен түсіндіріледі. Ал жеке медициналық сақтандыруға және әлеуметтік медициналық сақтандыруға бағытталған елдерде денсаулық сақтау саласын қаржыландыру көлемі медициналық қызметтерді өндіру мен тұтыну саласындағы маркетингтік қатынастар мен экономиканың деңгейін ескеретін экономикалық заңдалықтарға сәйкес келетін нарықпен реттеледі және бекітіледі. Қалай болғанда да кез-келген мемлекеттің денсаулық сақтау жүйесіндегі қаржы ресурстарының деңгейін реттеу



мен бекітудің қандай механизмі қолданылса да бұл деңгей мемлекеттің жалпы ішкі өніміне (ЖІӨ) қатысты анықталады және қоғамның басқа салаларын қаржыландыру көлемімен салыстырмалы үлес салмағы есептеледі. Авторитарлы мемлекеттік жүйеде бұл көрсеткіш директивті түрде бекітілетін болса, либералды жүйеде объективті қоғамдық және экономикалық заңдылықтарға сәйкес анықталады.

*Сәйкес келу* (тұтынушылардың сұранысын қанағаттандыру) – әлемдік тәжірибеде мемлекеттік немесе қоғамдық денсаулық сақтау жүйелері көп жағдайда оперативтілігінің төмендігі үшін, медициналық көмекке деген кезектің көптігіне, медициналық қызметтерді таңдаудың шектелуіне байланысты жиі сыналады. Шынымен, жеке меншік денсаулық сақтау жүйесіне негізделген елдерде пациенттердің сұранысын қанағаттандыру жоғары орынға қойылған. Ал қоғамдық денсаулық сақтау жүйелерінде көп жағдайда бюрократияның, кадрлық проблемалардың дамуына жол берілген.

*Мемлекеттік реттеу* – денсаулық сақтау саласында толығымен еркін нарық болмайды: ол әрдайым мемлекет тарапынан реттеліп отырылады, яғни жеке меншік сектор не дегенмен шектеулі болады. Сондықтан, денсаулық сақтау саласында жүйені реттеу қажеттігі жөніндегі мәселелер жиі қаралуы тиіс.

Көптеген елдерде өзін-өзі реттеуді ынталандыру және директивті реттеуден аулақ болу үшін мемлекеттік реттеудің әртүрлі қаржылық және құрылымдық әдістері қолданылады. Жалпы денсаулық сақтау саласында пайда болатын экономикалық қатынастар әртүрлі жолмен қалыптасуы мүмкін. Ол жолдарға нарықтық бәсекелестік моделі, монополиялық модель, монополиялық бәсекелестік моделі және олигополиялық модельдерді жатқызуға болады. Бұл модельдердің әрқайсысының өзіндік артықшылықтары және кемшіліктері бар. Еркін бәсекелестік кезінде медициналық қызметтер көрсететін жеке клиникалардың саны көбейеді. Бұл жағдайда медициналық қызметтер нарығына жаңа өндірушіні енгізу ешқандай қиындық тудырмайды. Ал таза монополия кезінде медициналық қызметтер нарығы мен медициналық тауарлар өндіру бір ғана институтпен (әдетте мемлекетпен) бақыланады. Мұндай жағдайда басқа ұйымдардың нарыққа ену мүмкіндігі нөлге тең десе де болады, соның салдарынан медициналық қызметтер мен тауарлардың дифференциациясы да болмайды.

Монополиялық бәсекелестік кезінде медициналық қызметтер мен өнімдерді өндірумен бірнеше ірі өндірушілер айналысады. Бұл жағдай медициналық қызметке тапсырыс берушілерге үлкен таңдау мүмкіндігін береді. Бұл жағдайда нарыққа жаңа өндірушілердің енуі таза монополиямен салыстырғанда әлдеқайда жеңіл өтеді.


Монополиялық бәсекелестікпен салыстырғанда олигополиялар кезінде медициналық қызмет көрсетушілердің саны шектеледі. Бұл жағдайда ірі олигополиялар нарықтағы қызметтер көлемі мен олардың бағаларын реттеп отырады.

Еліміздің денсаулық сақтау саласында сақталып келе жатқан медициналық көмек көрсетудің көпсатылы жүйесі нарықтың монополиялық типіне көбірек жақын келеді. Алайда біздің еліміздің денсаулық сақтау саласы үшін бүгінгі таңда монополиялық бәсекелестік моделін дамытудың қажеттілігі зор болып саналады. Бұл жағдайда бір деңгейдегі медициналық мекемелер арасындағы монополиялық бәсекелестік жүзеге асырылады. Оған қоса бүгінгі күні еліміздің денсаулық сақтау жүйесінде мемлекеттік тапсырыс алу үшін медицина мекемелері арасындағы бәсекелестік саланың дамуының басымдығы жоғары бағыты ретінде қаралады. Соған орай мемлекет медицина мекемелері арасында лицензиялау, аккредитациялау сияқты шараларды жүзеге асырады. Лицензиялау мен аккредитациядан өткен алғашқы және екінші деңгейдегі медициналық көмек көрсететін емдеу-профилактикалық мекемелері (емханалар мен стационарлар) монополиялық бәсекелестік жүйесінде жұмыс істеуі қажет. Ал үшінші дәрежелі, яғни жоғары маманданған медициналық қызмет көрсететін лицензиялау мен аккредитациялаудан өткен емдеу-профилактикалық мекемелері мемлекеттің басқаруында қалуы қажет. Лицензиялаудан өтіп, аккредитациядан өте алмаған жеке меншік клиникалар мен жеке дара дәрігерлер нарықтық бәсекелестік

моделіне сәйкес нарықта өздерінің медициналық қызметтерін халыққа еркін ұсынып, бәсекелестік ортаны қалыптастыруға қатысулары қажет [5].

Әдебиеттер тізімі:

1. Байгенжин А.К., Жужжанов О.Т. Инвестиции в здоровье человека – основа развития общества. – Астана, 2006. - С. 5-19.
2. Основы политики достижения здоровья для всех в Европейском регионе ВОЗ: обновление 2015 г. Копенгаген, ВОЗ, Европейское региональное бюро, 2015 г. Европейская серия по достижению здоровья для всех. - № 7. - С.16-38.
3. Velasco-Garrido M, Borowitz M, Øvretveit J, Busse R. Purchasing for quality of care. In: Figueras J, Robinson R, Jakubowski E, eds. Purchasing to improve health systems performance. - Maidenhead, Open University Press, 2015. - P. 26-37.
4. Figueras J, Robinson R, Jakubowski E, eds. Purchasing to improve health systems performance. - Maidenhead, Open University Press, 2015. - P. 61-94.
5. Saltman RB, Dubois HFW. The historical and social base of social health insurance systems. In: Saltman RB, Busse R, Figueras J, eds., Social health insurance systems in western Europe. - Maidenhead, Open University Press, 2014. - P.22-25.



ӘОЖ 338.001.36

**Рахмедуллаева Димзухра Рахмедуллақызы,**  
магистрант, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қ, Қазақстан  
**Ерниязова Жанат Нурахметовна,**  
э.ғ.к., Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қ, Қазақстан

### **КӘСПОРЫН ӨНІМІНІҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІНІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ МӘНІ МЕН МАҢЫЗЫ**

Ұлттық экономикадағы нақты саланың дамуын қамтамасыз етуде, отандық өндірушілердің өнімдерін әлемдік нарықтың сұранысына сәйкестендіру бағытында атқарылатын іс-шаралардың тобына шығарылатын өнімдердің бәсекелік қабілетін қамтамасыз ету мәселесін жатқызуға болады. Қазіргі кезде өзекті болып отырған мемлекеттің экономикалық, азық-түлік қауіпсіздігін қалыптастыру әрекеттері де сыртқы өндірушілердің ұқсас өнімдеріне төтеп бере алатын отандық өнімдердің өндірілуіне тәуелді.

Еліміздің табиғи, экономикалық, ұлттық ерекшеліктеріне сай иелігіміздегі құндылықтарды барынша тиімді, әрі ұтымды жұмсау, тек ішкі нарықтағана емес, әлемдік нарықта да жоғары сұранысқа ие болатын халық тұтынатын тауарлар шығару, сол нарықтың қомақты бөлігін қосылған құны жоғары өнімдер өткізу арқылы иемдену, осы арқылы мемлекетіміздің беделін арттыру бүгінгі таңда қарқынды жүргізіліп жатқан саяси-экономикалық үрдістердің негізін қалайды.

Сонымен қатар, тұтыну нарығындағы өскелең талаптар да отандық тауар өндірушілерге шығаратын өнімдерінің бәсекелік қабілетін арттыру мәселесін алдыңғы қатарға қойып отыр. Мұның өзі бәсекелік ортаның дамуына, өндірілетін өнімнің сапасын жоғарылатуға, бағаны төмендетуге ықпалын тигізіп, тұтынушылардың кең көлемді сұранысын қанағаттандыруға итермелейді. Бәсекеге қабілетті өнім шығару кәсіпорынның, саланың дамуына ықпал ететін негізгі фактор екенін уақыттың өзі дәлелдеуде [1].

Бәсекеге қабілеттілік дегеніміз - кез-келген экономикалық объектілерге тән қасиет. Физикалық табиғатына және атқаратын қабілетіне қарамай, барлық тауарлар, сондай-ақ

оларды өндіру, пайдалану жүйелері бәсеке мәселесі шеңберінде қарастырылады, тіпті мұндай талдау аспектісі абстрактілі емес, нақты экономикалық қызметтің практикалық мәні.

«Бәсеке қабілеттілік» түсінігі ХХ ғасырдың 70 жылдарында Батыста пайда болды. Шамамен сол уақытта өнімнің бәсеке қабілеттілігі мәселесімен КСРО да айналыса бастады.

Бәсекеге қабілеттілік - өнеркәсіптік өнімнің құндық және сапалық параметрлерін ғана қамтымай, сондай-ақ кәсіпорын қызметіндегі инвестиция мен инновациялық басқаруға, менеджмент деңгейіне тәуелді жан-жақты ұғым.

Өнімнің бәсекеге қабілеттілігі - тауарлардың тұтынушы қажеттілігін жоғары деңгейде қанағаттандыруын және осының арқасында нарықты өз орнын табуы. Басқа сөзбен айтқанда, бұл тұтынушының талғамына сай келетін және оның сатылуын қамтамасыз ететін өнімнің қасиеттері.

Өнімнің бәсекеге қабілеттілігінің сипаттамалары қандай? Оның негізгі құрауыштарын атап өтейік:

А. Негізгі құрауышы өнімнің өзімен тікелей байланысты және оның сапасына көп көңіл аударылады. Көптеген зерттеулер нәтижесінде өнімді сатып алу туралы қорытынды шешім (30-35%) оның сапалық сипаттамаларымен байланысты екенін көрсетеді.

Б. Екінші құрауышы өнімді сату мен сервисімен байланысты. Тұтынушы көбіне өнімнің сапасы төмен, бірақ сенімді және қымбат емес сервиспен (мысалы, авто-мототехника) сатылатын тауарды таңдайды.

В. Үшінші құрауыш бұл тұтынушыға, субъективті фактор ретінде жағымды немесе жағымсыз әсерін тигізетінің бәрі.

Кәсіпорын өнімінің бәсекеге қабілеттілігі белгілі бір фактордардың ықпалымен қалыптасады. Олардың арасындағы негізгілері:

- Баға;
- Сапалық;
- Жаңалық;
- Жарнама;
- Пайдалану сенімділігі;
- Көркемдеу, мәнерлеу;
- Буып-түю, т.б.

Кең мағынада бәсекеге қабілеттілік бұл – күрделі нарықтық жағдайдағы жұмыс философиясы. Ең алдымен ол тұтынушының қажеттілігін білу мен қанағаттандыру; нарықтың дамуы мен жағдайды түсіну; бәсекелестердің мүмкіндіктері мен қимылдарын алдын-ала білуіне бағытталған.

Өнімнің бәсекеге қабілеттілігін оны басқа өніммен салыстырғанда ғана анықталады, бұл салыстырмалы көрсеткіш болып табылады. Ол берілген тауардың басқа тауарынан белгілі бір қажеттілікті қанағаттандыру дәрежесі бойынша айырмашылығын көрсетеді. Тауардың бәсекеге қабілеттілігін анықтау үшін белгілі бір қажеттілікке сәйкес келу дәрежесі бойынша басқа тауарлармен салыстырып қана қоймай, сонымен бірге тұтынушының тауарға жұмсаған шығыны мен өз қажеттілігін қанағаттандыру үшін оның әрі қарай қолданылуы де есептеледі.

Өнімнің бәсекеге қабілеттілік мәселесі қазіргі жағдайдағы әлемде әмбебап сипатқа ие болды. Әрбір мемлекеттің тұтынушының экономикалық және әлеуметтік өмірі оның қаншалықты табысты шешілуіне қарай байланысты. Бәсекеге қабілеттілік – мемлекеттің, өндірушінің өнім шығару мен өткізудің мүмкіншілігінің жиынтығы десек те болады. Бәсекелік факторының өзі мәжбүрлік сипатқа ие, нарықтан ығыстыру қорқынышы өндірушілерді өз тауарлардың бәсекеге қабілеттілігі мен сапа жүйесімен тоқтаусыз шұғылдануға мәжбүр етеді, ал нарық олардың қызметінің нәтижелерін объективті және қатал бағалайды. Дамыған бәсекелестік нарықта өнімнің бәсекеге қабілеттілігі оның коммерциялық табыстың шешуші факторы болып табылады. Бәсекеге қабілеттілік тауардың нарық жағдайына, тұтынушының қажеттілігіне тек сапа, техникалық, экономикалық,

эстетикалық сипаттамалары бойынша ғана емес, сонымен бірге коммерциялық және өткізудің басқа жағдайларына (баға, жеткізу мерзімі, өткізу жолдары, сервис жарнама) байланысты болатын көп аспектілі түсінік. Сонымен қатар, өнімнің бісекеге қабілеттіліктің негізгі құрама бөлігі болып эксплуатация уақытына тұтынушының шығын деңгейі табылады. Басқаша айтқанда бәсекеге қабілеттілік – нарықтағы табысты анықтайтын тауардың тұтынушылық және құндылық (бағалық) сипаттамалардың кешені, яғни бәсекелес аналог тауарлардың алдында берілген тауардың артықшылығы. Тауарлардың артынан олардың өндірушілері тұрғандықтан, сәйкесінше бәсеке қабілеттілікті кәсіпорындар, кәсіподақтар, фирмалар, мемлекеттің негізінде айтуға болады. Нарықтағы әрбір тауар қоғамдық қажеттіліктерін қанағаттандыру көрсеткішіне тексеру өтеді: әрбір сатып алушы оның жеке қажеттілігін толығымен қанағаттандыратын тауарды сатып алады, ал барлық сатып алушылар бәсекелес тауарларға қарағанда қоғамдық қажеттіліктерге сәйкес келетін тауарды сатып алады. Сондықтан өнімнің бәсекеге қабілеттілігін (яғни, бәсекелестік нарықта коммерциялық тиімді өткізудің мүмкіншілігі) бәсекелестердің тауарларын бір-бірімен салыстыру негізінде ғана анықтауға болады [2].

Өнімнің бәсекеге қабілеттілігінің зерттелуі оның өмірлік циклының фазаларына тығыз байланысты үздіксіз және жүйелі түрде жүргізілуі тиіс. Мұның өзі бәсекеге қабілеттілік көрсеткіштерінің төмендеудің бас кезеңін уақытылы анықтау мен лайықты шешімдерді қабылдау (мысалы, өнімді өндірістен шығару, оны модернизациялау, нарықтың басқа секторына ауыстыру, т.с.с.) үшін қажет. Егерде ескі өнім өз бәсекеге қабілеттілік ұстанымын түгелдей жоймаса, ал кәсіпорын жаңа өнім шығаруды көздесе бұл экономикалық тиімсіз болады. Сонымен қатар, әрбір тауар нарыққа шыққаннан кейін өзінің бәсекеге қабілеттілік әлуегін бірте-бірте жұмсай бастайды. Бұл процесті баяулатып, уақытша ұстап тұруға болады, бірақ оны тоқтату мүмкін емес. Сондықтан, жаңа өнім ескі өнім бәсекеге қабілеттілігінде маңызды жоғалтулар болған кезде нарыққа шығаруды қамтамасыз ететін график бойынша болжайды. Яғни жаңа тауардың бәсекеге қабілеттілігі озық және ұзақ уақыттық болу қажет.

Тауар өндіруші өзінің нақты бәсекелестерін, олардың мүмкіндіктерін, артықшылықтары мен кемшіліктері ғана емес, сондай-ақ таңдаған нарықтағы бәсекелестің жалпы жағдайын, яғни осы нарықтың бәсекелестік сипатына байланысты типін, өзінің салалық нарығындағы бәсекелестіктің қозғаушы күштерін өте жақсы білуі керек. Бұл жағдайда өз бәсекелестерінің іс әрекеттері сипатын бағалау жүйесін, оның ішінде олардың іс-әрекеттерінің құрылымдық талдауын пайдалануға болады.

Бәсекелестіктің салалық деңгейдегі қозғаушы күштерін зерттеу нарықтық экономика жағдайында барлық деңгейлерде көрініс табатын жалпылама бәсекелестік механизмінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Мұндай зерттеу келесідей аспектілерді қамтиды: Салада потенциалды бәсекелестердің, яғни жаңа тауар өндірушілердің пайда болуы, бағалардың төмендеуі және (немесе) шығындардың өсуі, тиісінше пайда нормасының түсуіне алып келуі мүмкін өндірістік қуаттардың артуына әкеліп соқтырады.

Нарыққа жаңа бәсекелестердің енуі барысында белгілі бір тосқауылдар болуы мүмкін. Олардың негізгілері:

- өндіріс қажеттіліктерінің үнемделуі;
- өнімнің жіктелуі мен сатып алушылардың да сол кезеңдегі шығындары;
- тарату каналдарының салыстырмалы жетіспеушілігі;
- саладағы артықшылықтардың болуымен белгіленетін тосқауылдар.

Нарықта әрекет етуші компаниялар арасында бәсекелестіктің қарқандылығы мынандай факторлармен анықталады:

- бәсекелестердің сан жағынан көп болуы және олардың күштерінің теңдігі;
- саланың салыстырмалы баяу өсуі;
- үстеме шығындар немесе тауарлы-материалдық қорлар құны түріндегі тұрақты шығындардың жоғары деңгейі;

- дифференциацияның жоқтығы (және тиісінше – конверсия шығындары);
- қуаттардың секірмелі өсімі;
- жоғары деңгейге шығу тосқауылдары.

Бәсеке сипаттамалары және оларды анықтайтын факторларды шартты түрде микродеңгейлі (өнімнің сапасы мен бағасын көрсететін), мезодеңгейлі (салалардың қолда бар өндірістік қорларын тиімді қолданудың көрсеткіштерін жақсартатын) және макродеңгейлі (шаруашылық жүйелердің жалпы қалпын, олардың балансын, инвестициялық климатын, салық тәртібін, тариф кедендік саясатын және т.б. көрсетеді) болып бөлінеді.

Келтірілген бәсеке сайыстың және бәсекелесу қабілетінің факторлары мен сипаттамаларының субъектілерінің құрамы осы күрделі дәреженің элементтерінің құрамын сипаттауға және олардың байланысын шығаруға мүмкіндік береді. Бұл оның талдауына қажетті тиімді тәсілдер шығаруға, қолда бар қорларды алуға қосымша мүмкіндіктер ашуға және сүт өнімі кәсіпорындары үшін әр деңгейдегі бәсекеге қабілеттілікті жоғарлатудың стратегиялық бағытын анықтауға көмек көрсетеді.

Экономикалық әдебиетте бәсекені оның әдістері бойынша бағалық (баға негізіндегі бәсеке) және бағадан тыс бәсеке (тұтынушылық құнның сапасы негізіндегі бәсеке) бөлуге болады. Қазіргі әлемде бағалық бәсеке бағадан тыс әдістердің бәсеке сайысына қарай мінсіз болып келеді. Бұл қазіргі нарықта «бағалар қақтығысы» жоқ дегенді білдірмейді, олар бар, бірақ соншалықты анық емес. Бағадан тыс бәсеке алдыңғы қатарлы бәсекелестерге қарағанда тауардың тұтынушылық құнын арттырады. Бағадан тыс әдістердің санына фирманы басқарудың бүкіл маркетингтік әдістері жатады. Олардың негізгілері: тауардың жаңартылуы, сапа, жарнама, халықаралық стандарттарға сәйкес келу, т.с.с. [3].

Кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігінің жоғарылауы, оның жақсаруы көбінде іске асырылатын өнімнің сапасы мен өндірістің ұйымдастырушылық-техникалық деңгейіне тәуелді. Өнімнің бәсекеге қабілеттілігін бағалаудың бірнеше әдістері бар. Бірақ барлығының да бір ортақ кемшілігі бар, онда тұтынушыны қызықтыратын өнім бағасы мен сапаның қатынасы ескерілмейді, тек тауардың басқа қасиеттерінің жиынтығы ретінде анықталады. Осылайша, өнімнің бәсекеге қабілеттілігі біз оның өнімнің бағасы пайдалы тиімділікке қатынасындағы салыстырмалы баға деп анықтаймыз. Әрбір нарықтың өзіндік бір ерекшеліктері бар. Баға өткізу кезіндегі ұсынысты анықтау керек, ал жаңа өнім ұсынысы бағамен ынталандыруы қажет. Осылай, егер «баға» тек өнімді өткізу құралы ғана болса, «бәсекеге қабілетті сапа» нарық дамуының жалғыз факторы – тек өнімнің белгілі бір көрсеткіштері ғана емес, сонымен бірге ақырғы тұтынушыға бағытталған шаралар кешені. «Бәсекеге қабілетті сапа» зерттелуі перспективті нарықты бөлшектеп зерттеуінен басталады:

- жаңа өнімге талаптарды дайындау;
- сапалы шикізат жабдықтаушылады таңдау және күшейтілген бақылау;
- өндірістің барлық кезеңдері мен аралық бақылауды регламенттеу.

Ақырғы өнімнің шығу кезеңінде ол барлық белгілі бір сипаттамаларға (яғни, бағалық ниша мен нарыққа шығудағы бастапқы баға, оның мақсатты сегменті анықталады және сонымен сәйкес өндірілетін көрсеткіштер мен қасиеттер) сәйкес келу керек. Бәсекеге қабілетті сапаның ажырамас бөлігі сервистік қызмет көрсету деңгейі болып табылады. Өнімнің нарықта өмір сүруі үшін соңғы мәселе өте маңызды болып келеді және ол нарықтық жағдайлардың өзгеруіне тез және нақты жауап беруі тиіс [4].


#### Әдебиеттер тізімі:

1. Белоусова Д.С. Понятие и сущность конкурентоспособности. Факторы, влияющие на конкурентоспособность / Д.С. Белоусова// Фундаментальные и прикладные исследования в современном мире. – 2016. № 15–2.– С.72–76.

2. Коротина Н.М. Основы управления конкурентоспособностью современного предприятия // Современные тенденции развития науки и технологий. –2015. –№ 2–7.–С. 66–69.

3. Розанова Н. М. Конкурентные стратегии современной фирмы: учебник и практикум для бакалавриата и магистратуры / Н. М. Розанова. – М.: Издательство Юрайт, 2018. – 343 с.

4. Юданов А. Ю. Конкуренция: теория и практика. Учебник для вузов / Юданов А. Ю. – М.: ГНОМ и Д, 2018. – 304 с.



ӘОЖ 332.025.12

**Салединов Али Рефатович,**  
магистрант, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қ., Қазақстан  
**Ерниязова Жанат Нурахметовна,**  
э.ғ.к., Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қ., Қазақстан

## **АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУДІҢ ШЕТ ЕЛДІК ТӘЖІРИБЕСІ**

Аграрлық өндірісті мемлекеттік реттеу – бұл ауыл шаруашылық өнімдерін, шикізаттарын және азық-түлік өндіруге, өңдеуге және оларды өткізуге, сондай-ақ тауар өндірушілердің өндірістік-техникалық қамтамасыз етілуіне мемлекеттің экономикалық әсері болып табылады.

Аграрлық сектордағы мемлекеттің рөлін көрсетуде С.В.Киселев «Аграрлық секторды реттеуде және қолдауда бас рөлде, нарықтық экономиканың теориясы мен практикасы тудырған реттеу тетіктерінің қолданатын мемлекет болуы қажет» деп көрсетсе, қазақстандық ғалым Ғ.Қалиев «Мемлекет-дағдарыстық жағдайлар тереңдеген өтпелі кезеңде ауыл шаруашылық өндірісін дамыту шарттарын анықтауда маңызды рөл атқарады» деп тұжырымдайды. Батыс экономикасы нарық жағдайында экономиканы мемлекеттік реттеудің үлкен тәжірибесін жинақтады, сондықтан оларға көңіл аудару және оны үйрену бізге пайдалы болмақ.

Мемлекеттің, агробизнес жүйесіне араласуының қажеттілігі мемлекеттік бақылау мен реттеуге жататын негізгі параметрлері тіпті дамыған рынок жағдайында да бірқатар объективтік факторлармен анықталады. Ең алдымен, мемлекеттік реттеу шаралары экономикалық саясатпен тығыз байланыста болғандықтан, өздерінің әлеуметтік және экономикалық маңызы бойынша олар әртекті болып келеді және қоғамдық пікірмен әртүрлі қабылданады. Экономикалық дамудың әртүрлі кезеңдерінде бұл шаралар ауысып отытуы мүмкін. Бірақ олардың мәні тұрақты болып қалады. Сондай-ақ олар көп жылғы тәжірибеде сыналып, көпшілігі дамыған елдердің күнделікті қызметіне кірісіп кеткен және қазіргі жағдайда рыноктық экономикалық теорияның тиісті тарауларының, негізін құрайды. Сонымен қатар, кейбір шаралар қалыптасқан саяси және әлеуметтік конъюнктураның әсеріне ұшырады [1].

Халықтың азық-түлікпен қамтамасыз етілуінің төмендеуіне жол бермеу. Дағдарыстан шығуға алғышарттар жасау, ауыл шаруашылығы және экономиканың басқа салалары жұмысшыларының табыс дәрежелерін қалпына келтіру және азық-түлік рыноктарын қалыптастырып жұмыс істету, қаржыландыру, несие беру, сақтандыру және салық салу, сыртқы экономикалық қызметтерді жүзеге асыруда отандық тауар өндірушілердің мүдделерін қорғау, ауыл шаруашылық ғылымын және ауылдағы әлеуметтік саланы дамыту сияқты басты бағыттарда жүзеге асуы тиіс. Сондай-ақ шаруашылық өнімдері, шикізаттары және азық-түлік рыноктарын дамыту аграрлық өндіріс саласында еңбек етуші тауар өндірушілерге өнімдерін өткізуге мүмкіндік жасау, кепілдік беру арқылы жүзеге асуы тиіс.

Өнімді, шикізатты және азық-түлікті өткізудің рыноктық жүйесін қалыптастытуға мемлекеттік басқару органдар жауапты. Өтпелі дәуірде төмендегі элементтер «мемлекеттік реттеуді» басты элементтері болып табылады:

- ауыл-селоға мемлекеттік қолдау көрсету және төлем қабілетті сұранысты ынталандыру арқылы салалардағы табыстылықтың жалпы дәрежесіне қолдау жасау
- антимонополиялық реттеу және ішкі пропорциямен салааралық айрбасты реттеу, саланың бәсекелестік потенциалын көтеру;
- рыноктың инфрақұрылымының дамуына көмектесу;
- ауылды қолайлы кредитпен қамтамасыз ету;
- протекционизм саясатын жүргізу және отандық тауар өндірушілерге сыртқы рынокпен бәсекеге түсуге жағдай жасау;

Ауыл шаруашылығы үшін ресурстар өндіретін кәсіпорындарындағы, әсіресе машина құрастырудағы ауыр қаржылық жағдай бір жағынан олардың жолйылу қаупін тудырады, екінші жағынан олардың монополизм проблемасын көрсетеді. Ендігі жерде техника және басқа ресурстарға мемлекет қолдау көрсететін лизинг жүйесін дамыту жолымен, ауыл шаруашылық тауар өндірушілердің сатып алу қабілетін көтеру қажет. Баға және табыс саясатымен халықтың азық-түлікке сұранысы мен ұсынысын тек ішінара реттеуге болады, ал азық-түлікпен қамтамасыз етудің өзі реттелетін сипаты жоқ. Аграрлық секторды реттеуде және қолдауда басты рөлде рыноктық экономиканың теориясы мен практикасы тудырған реттеу тетіктерін қолданатын мемлекет болуы қажет.

Енді тікелей Қазақстандағы аграрлық секторды мемлекеттік реттеудің мүмкіндіктеріне тоқталайық. Ол бағалық, қаржылық, несиелік және салықтық құралдарды пайдалану арқылы экономикалық әдіспен шешіледі. Соңғы кездегі баға саясатының негізгі бағыты, бағаны еркін тағайындауға көшуден көрінеді. Рыноктың қалыптасуы барлық тауар өндірушілердің меншік формаларына және шаруашылық жүргізу әдістеріне қарамастан баға белгілеу мен өнімді өткізу арналарын таңдауға толық түрде өз бетінше шешім қабылдауын қарастырады. Қажет болған жағдайда ауыл шаруашылығы өнімдеріне деген белгілі бір мемлекеттік қажеттілікті өтеу үшін мемлекет өндірушілермен ерікті өзара тиімді келісім шартқа отырады. Еркін баға, өнеркәсіп кешенінің I және III сфераларындағы кәсіпорындарды демонополизацияланған жағдайда ғана тиімділік беруі мүмкін, ал басқаша жағдайда өндірістік құлдырауы мен бағаның өсуінен қашып құтылу мүмкін емес. Селолық өндірушілер табысын қолдау мақсатында өнімді өткізу мен жеңілдік несиелерге жол ашуды қамтамасыз етуге кепілдік беретін ауыл шаруашылығы өнімдерінің негізгі түрлеріне сауда және сатып алу операциялары қарастырылған. Мемлекеттік реттеусіз, монополиялы жағдайда өнекәсіп және ауыл шаруашылығының арасындағы бағаның паритетін қамтамасыз ету мүмкін емес. Сондықтан да өндіріс құралдарын шығаратын, ауыл шаруашылығы кәсіпорындарына қызмет көрсететін немесе олардың өнімін өңдейтін барлық монополист кәсіпорындар үшін келісімді бағаның жоғарғы шегін белгілеуі қажет.

Қаржылық саясат саласында, мемлекет көпукладты экономиканы құрудың бастапқы кезеңде бәсекелестікті тудыруға және дамытуға жағдай жасауы керек. Сондықтан да, қаржылық көмек ең алдымен тауар өндірушілерді қолдау үшін мемлекеттік бағаны қамтамасыз етуге, аграрлық сфераны жеңілдікпен қаржыландыруға көмектесетін коммерциялық белгілердің шығындарын жабуға, сондай-ақ жекелеген салалар және аудандар экономикалық аймақтар жөніндегі бағдарламаны жүзеге асыруға, шаруашылықтың айналымынан шығып қалған ауылшаруашылығы жерлерін қайта қалпына келтіруге бағытталуға тиіс. Мемлекеттік қаржылық қолдау шаруа қожалықтарын ұйымдастыруға, табиғат апаттарының шығындарын өтеуге, су шаруашылығы және топырақты суландыру жұмыстарын жүргізуге, ауыл шаруашылығы жаңа немесе ерекше қиын өндірістерді ұйымдастыруға бағытталады. Ауыл шаруашылығына деген мемлекеттік салық саясатына келсек, салықтың түрлерімен мөлшерін анықтаған кезде тікелей салық салу жолымен,

жеңілдетілген салық салу есебінен жүзеге асырылатын олардың ынталандырушы функцияларына ерекше назар аудару керек [2].

Дамыған рыноктық экономикалық елдер тәжірибесі, мемлекеттік реттеу бағыты ең бірінші барлық тауар өндірушілердің қызметтеріне бірдей жағдай жасауға, баға сәйкессіздігін және монополиялық баға үстемдігін жоюға бағытталғандығын көрсетеді. Ауыл шаруашылығы өнімдеріне бағаны реттеуде, тауар өндірушілердің және тұтынушылардың мүдделерін қорғау шаралары қамтылған. Сондай-ақ, әлеуметтік-экономикалық процестерге мемлекеттің араласуының негізгі құралы ретінде болжау, жоспарлау мен бағдарламаларды талқылау қарастырылады екен.

- тәуекел-тәбет, яғни жария-құқықтық білім беру оның экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында бюджеттік құқықтық қатынастарды іске асыру барысында қабылдауға дайын болатын тәуекел көлемі;

- тәуекелге төзімділік, яғни экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің қосымша құралдарын енгізбестен бюджеттік құқықтық қатынастарды іске асыру барысында жария-құқықтық білім беруге дайын болатын тәуекел көлемі.

Бухгалтерлік есепті жүргізу, қаржылық есептілікті жасау келесі төмендегі мемлекеттік объектілері бойынша дұрыстығын анықтайды:

- жергілікті атқарушы органның, соңымен қатар квазимемлекеттік саласының мекемелері мен ұжымдарының шарт талаптарын орындауын бақылау;

- жергілікті бюджетке түсетін түсімдердің, бюджетке түсетін түсімдердің алудың иолықтылығы мен уақыттылығын, жергілікті бюджеттен кәте не артық төленген соманы қайтаруға, есепке жазудың дұрыстылығына бақылау жүргізу;

- жергілікті бюджеттің қаражатын, оның ішінде жоғары туратын бюджеттен түскен қаражаттарды төмен тұрған бюджетке нысаналы трансферттер және кредиттер түрінде бөлінген қаражатты, байланысты гранттарды, мемлекеттік және мемлекеттік кепілдік берген қарыздарды, мемлекеттік кепілділігімен алынған қарыздарды дұрыс пайдалануың аудиторлық тексеру барысында анықтайды;

- квазимемлекеттік саласы бойынша мекемелер мен мемлекеттік ұжымдардың қаржылық-экономикалық негіздемесіне сәйкес, өздеріне бөлінген жергілікті бюджеттің қаражатын пайдалануына сәйкестік аудитін жүзеге асырады;

- жергілікті бюджеттің шоғырландырылған қаржылық есептілігіне аудит, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің және мемлекеттік мекемелердің қаржылық есептілігіне аудит жүргізеді.

Біздің ойымызша, мемлекеттік аудитті бағалаудың тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін өлшем-шарттарды анықтау қажет (2 кесте).

Мемлекеттік сыртқы аудит өткізуіне байланысты аудит көрсеткіштерінің жіктелуін анықтау қажет. Атап айтқанда, олар келесі белгілерді ажыратады:

- салалық немесе салааралық;
- әлеуметтік-экономикалық;
- абсолютті және салыстырмалы;
- сапалы және динамикалық.

Осы ерекшеліктердің әрқайсысы аудит тарапынан талдамалық мүмкіндіктер мен

бақылау туралы айтпағанда, қаржы қаражатын бөлу мен пайдаланудың кешенді және жүйелі тәсілі, аудиттің тиімділігін арттыру мақсатында мемлекеттік аудит міндеттерін шешу мүмкіндігін көрсетеді.

Республикалық бюджеттің атқарылуы көбінесе бюджеттік есепке алу және бюджеттің орындалу мониторингі деректері бойынша орындалатын тиісті бақылауға байланысты. Мысалы Қызылорда облысының 2021-2025 жылдарға арналған облыстың даму жоспары бойынша әлі кейбір бағдарлама бойынша кемшіліктер болған.

Кесте 2

Бюджеттің орындалуының нәтижелігін бағалау критерийлері

Критерийдің аты	Критерийдің сипаттамасы
Талдаулық	Тексеруге тіркелген жоспарланған бағдарламалар мен жобалар бағыттарының әр түрлі аспектілерін талдау нәтижелері негізінде анықталады
Нормативтік	Заңнамалық-директивалық құжаттардың ережелеріне сәйкес және тексерілетін мемлекеттік аудит объектілерінің белгіленген көрсеткіштері бойынша айқындалатын
Абстракттық анықталынатын	Бюджет қаражатының жұмсалуды бағалау және салынған қаражаттың экономикалық қайтарымын анықтау үшін қолданылады
Есепті-конструктивті	Аудит нәтижесінің тәуекелділігіне және қорытындысы үшін қолдану
Мәлімет: Аудит процедурасы бойынша жасалынған	

Сонымен қатар, бюджеттік мемлекеттік және салалық бағдарламаларды тексеру кезінде бөлінетін қаржыны ұтымсыз және мақсатсыз пайдалану байқалады.

2022 жылы 21 бюджеттік бағдарлама әкімшілеріне қаралған қаражат жыл көлемінде 38020,0 млн. теңгеге ұлғайған. Бюджет қаржысын жоспарлау барысында ББӨ -мен аудит объектісі тарапынан немқұрайлық танытылған. Бюджет өтінімдер келіп түскен уақытта инвестициялық жобалардың ұзақтылығы, алдыңғы қаржы жылдағы жоспардың тгерілген көлемі және жобалардың құжаттамаларының сәйкестігі толыққанды сараланбастан бюджет қаржысының қысқартылуына жол берген. Сонымен қатар жоспарланған ақшалар жылдың басында емес жылдың аяғына бөлінеді, бұл бюджет бағдарламаларының ақшасын толық игеруіне келтірмейді.

Сыртқы мемлекеттік аудит міндетін негізінде облыстық тексеру комиссиясына емес ҚР Президентіне тікелей байланысты жасаған негізінде әр түрлі кемшіліктерді азайтуға келтіреді. Сонымен қатар, млрдтар ақша қаражатын ұрлауды азайту үшін заңды түрде жауапкершілікті күшейту қажет.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Беспрозванных, О. В. Механизм обеспечения экономической безопасности региона: по материалам Кемеровской. - Санкт-Петербург, 2019. - 190 с.
2. «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты;
3. 2021-2025 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік стратегиясы;
4. Манохина Н.В. Экономическая безопасность: Учебное пособие / Н.В. Манохина, М.В. Попов, Н.П. Колядин, И.Э. Жадан. – М.: НИЦ ИНФРА-М, 2016.
5. Конституция Республики Казахстан № 30.08.1995 г.
6. Манохина Н.В. Экономическая безопасность: Учебное пособие / Н.В. Манохина, М.В. Попов, Н.П. Колядин, И.Э. Жадан. – М.: НИЦ ИНФРА-М, 2016.

ӘОЖ 338.012

**Бижігіт Әсет,  
Жұмағалиев Тимур,  
Турлыби Саян**

«Есеп және аудит», 3 курс студенттері  
Ғылыми жетекшісі: э.ғ.м., аға оқытушы **Казбекова Ж.Ш.**  
Нархоз университеті, Алматы қ., Қазақстан

## **ТИІМДІЛІКТІ БАҒАЛАУ: ҰЙЫМНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЫН ТАЛДАУ**

**Андатпа.** «ҚазТрансГазАймақ» АҚ – Қазақстан республикасының газбен жабдықтаушы ірі компанияларының бірі. Қазіргі таңда компания еліміздің 11 обылысында және 3 ірі маңызы зор қалаларында магистралды газ құбырларын қолданушы ретінде елімізді газбен қамтып отырған компания. Бұл компания Қазақстандағы газды қазандыру, сақтау және тасымалдау жүйесін жүзеге асыратын орталық оператор болып саналады. Бұл компания Қазақстандағы газ құбырларын салу, сауда жасау, қайта өңдеу және өнімдерін жасау саласындағы бірнеше жобаларды жүзеге асыратын орталық компания. Газ жолын салу және транспорттау саласы Қазақстан Республикасының энергетика саласында өте үлкен рөл атқарады.

Компания 2002 жылы 15 сәуірде «ҚазТрансГаз» АҚ-ның шешімімен «ҚазТрансГаз Дистрибушн» ЖАҚ құрылған болатын. Сонымен қатар 2005 жылдары компанияға «Аймақтық Газ тасымалдау жүйесі» «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ компаниясына қосылғаннан кейін компания атауы, жаңа атауға өзгеріп 2007 жылдың 25 қаңтарында «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ болып қайта құрылған болатын, және 2007 жылдың 11 маусымында компания өз жұмысын газ таратушы ретінде өзгеде филиалдарымен қарқынды түрде жұмысын бастай бастады. «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ негізгі бір ғана серіктеспен жұмыс атқарып келеді ол «QazaqGaz ҰҚ» АҚ болып табылады «QazaqGaz ҰҚ» АҚ компаниясы «Самұрық қазына» ҰӘҚ» еншілес компания ретінде танылады.

Қазіргі таңда бұл компания Қазақстандағы газ транспорттау желілерін және құрылғыларын жасау, қайта өңдеу, жою және өңдеу жұмыстарын жасау үшін жетекші болып жатады. ҚазТрансГаз, Қазақстан Республикасының үш республикалық қатарында жасауы мүмкін болатын қатарлы жобаларды жүргізуі мүмкін.

«ҚазТрансГаз» атқаратын міндет бағыттар бірнеше байланысқан жобаларын іске асырады: Газды жолын жүргізу және транспорттау: ҚазТрансГаз компаниясы Қазақстан Республикасының территориясындағы газды жүргізу жұмыстарын атқарады. Бұл агенттік бағыттау арқылы газды өзгерту, ұйымдастыру, жасау және қайта жасау үшін ұжымдар мен жасау құрылғыларын қолданады. Газды көлікке қою: «ҚазТрансГаз» компаниясы газды көлікке қою қызметтерін атқарушы болады. Бұл арқылы газды апару, жүргізу үшін көліктерді пайдаланады. Газ пайдаланушыларына қызмет көрсету: ҚазТрансГаз компаниясы мемлекеттік және жеке секторлардың газ пайдаланушыларына газ транспорттау қызметтерін ұсынады. Қайта өңдеу және жою: Бұл бағыттау арқылы ҚазТрансГаз компаниясы газды қайта өңдеу және жою жұмыстарын жүргізеді. Бұл, міндеттерімен келісімше белгіленген көлемде қайта өңдеу және жою іс-шарасын орнату арқылы жасалады. Техникалық және техникалық-эксплуатациялық қызметтер: ҚазТрансГаз компаниясы үштік таңдау және тексеру, барлық техникалық-эксплуатациялық қызметтерді ұсынады. ҚазТрансГаз компаниясы Қазақстан Республикасының газ жолындастыру және транспорттау саласындағы мемлекеттік және жеке тапсырыстарға байланысты өз іс-шарасын жүргізеді.

Сонымен қатар компания бүгінгі таңда көлемі 60 980 км болатын газ таратушы магистралдарымен танылып еліміздің ірі газ өндіруші кенішіне айналды.

Компания қызметіне баға беру, оның бірнеше жылдық кірісін талдау жұмыстарынан басталады (кесте 1).



АҚ «ҚазТрансГаз Аймақ» жиынтық кіріс туралы есебі, мың теңге

Көрсеткіштер	2020ж.	2021ж.	2022ж.	бағ.2- бағ.1	бағ.3-бағ.2
Жалпы пайда	18 913 616	22 864 671	5 496 890	3 951 055	-17367 781
Операциялық қызметтен(зиян/пайда)	13 861 528	18 250 055	-981 055	4 388 527	-19231 110
Жылдағы (залал/пайда)	4 108 156	10 484 886	-5 574 317	6 376 730	-16059 203
Бір акцияға шаққандағы мың теңгемен пайда/залал	0,06	0,153	-0,081	0,09	-0,23
Ескерту: [1, 2] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған.					

ҚазТрансГаз Аймақ компаниясының жиынтық кірісі туралы есебін ең алдымен оның жалпы пайдасынан бастасақ. 2020 жылы жалпы пайда 18 913 616 мың теңге-ден 22 864 671 мың теңге-ге дейін өсті. Ал жалпы пайданың өсуі компания өз қызметін тиімді пайдаланғанынан байқай аламыз. Бұл жерде табыс көлемі көрсетілген қызмет құнынан жоғары болып тұр. Осылайша 2021 жылы компания жақсы көлемде пайдаға ие болды. Бірақ 2022 жылы жалпы пайда күрт төмендеп, 5 496 890 мың теңге-ге дейін түсіп кетті. Себебі, 2022 жылы ҚазТрансГаз Аймақ компаниясының рентабельдік деңгейі төмендеді және еңбек өнімділігі сәйкесінше сол жылы азайған еді [3]. Сол себепті оның көрсеткіші 2021 жылға қарағанда -17 367 871 мың теңге дейін азайды.

Енді операциялық қызметке тоқталсақ, бұл ақша қозғалысында бір жылы өсіп, келесі жылы күрт төмендегенін көре аламыз. Оның өсіп төмендеп жатқанына үлкен әсерін тигізген ол басқада операциялық кірістердің өсіп төмендеуі болды. Мысалы 2020 жылы 13 861 528 мың теңге болса, 2021 жылы ол 4 388 527 мың теңге өсіп, 2022 жылы 18 250 055 мың теңге санын құрады. Ал бірақ келесі жылдары ол -19 231 110 мың теңге дейін қатты түсіп кетті. Оның себебі осы басқада операциялық кірістің күрт төмендеуі мен жалпы пайданың азаюы.

Осы жоғарыда берілген мәліметке сәйкес жылдағы пайда мен залалды қарайтын болсақ. 2020 жылы 4 108 156 мың теңге-ден 2021 жылы 10 484 886 мың теңге-ге дейін өсті. Өйткені сол кезде салық салғанға дейінгі мөлшерлеме өсіп, сонымен қатар табыс салығы да жоғарылаған еді. Алайда осы көрсеткіш 2022 жылы -5 574 317 мың теңге-ге дейін қатты түсіп кетті.

Сәйкесінше осы жылы салық салғанға дейінгі табыс пен табыс салығы азайған болатын. Сол себепті бұл көрсеткіш 16 059 203 мың теңге-ге дейін төмендеді.

"ҚазТрансГаз Аймақ" АҚ-ның тауарлар бойынша өзіндік құнын немесе айналым капиталындағы әсер ететін көрсеткіштерді қарастыруға болады. Кестеде біз тауарлардың өзіндік құнын және шикізат көліктердің, тауардың бағасына қалай әсер ететінін көруге болады. Ол бойынша төмендегі кестеде тауардың өзіндік құндарын көруге болады.

Ұйымның басты міндеттері газ тасымалдау болғандықтан ұйымның тасымалдау және жеткізу бойынша өзіндік құны туралы есептері берілген. Ұйым осы тасымалдау және жеткізуге өзіндік құнына компания 2022 жылы 13 696 504 мың теңге жұмсаған. Ұйымның жеткізу бойынша динамикасына қарасақ жоғарылай бастағанын көреміз бұл инфляцияның әсері бар деп атауға болады.

Бұл өзгеріс динамикасына қарасақ 2022 жылы 2021 жылға қарағанда 1 691 659 мың теңгеге өзгергенін көреміз. 2020 жылы жеткізудің өзіндік құны 10 181 908 мың теңгені құраған. 2021 жылмен салыстырғанда 1 822 937 мың теңгеге төмен болған.

Компанияның өнімі негізі газ болғандықтан шикізат қоры газ қоры болып табылады. Ұйымның шикізаттың қаржылық есептен салыстыруға болады. Негізінен еліміздің соңғы жылдардағы ғалымдардың зерттеуі бойынша "ҚазМұнайГаз" компаниясының газ қоры 2030 жылға дейін зерттеген және тонналарын көрсеткен. Сондықтан компаниядағы соңғы жылдар шикізат қорыда азайып жатқанын көруімізге болады. Ең үлкен көрсеткіш 2020 жылы 103 920 мың теңгені құраған. Ал 2021 жылмен салыстырғанда шикізат көлемі 7 720 мың теңге төмендеп, 96 200 мың теңге шикізат құраған. Ең төмен көрсеткішті 2022 жылы шикізаттың өзіндік құны 48 655 мың теңгеге жеткен. Бұл көрсеткіш бойынша 2021 жылдан екі есеге дейін төмендеген нақтырақ айтсақ 47 545 мың теңгеге төмендеген.

«ҚазТрансГазАймақ» АҚ сату құны туралы есебі, мың теңге

Көрсеткіштер	2020ж.	2021ж.	2022ж.	бағ.2- бағ.1	бағ.3-бағ.2
Тауарлы газдың құны	172877101	197264833	236520569	24387 32	3925536
Тасымалдау және жеткізу	10 181 908	12 004 845	13 696 504	1822 937	1 691 659
Жалақы және соған байланысты салықтар	5 784 727	5 779 561	10 456 578	-5 166	4 677 017
Шамадан тыс газ шығындары және ілеспе салықтар	3 649 667	4 237 295	4 760 784	587 628	523 489
Шикізат	103 920	96 200	48 655	-7720	-47545
Барлығы	217443870	245915254	292613652	2847138	4669839
Ескерту: дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған [1,2]..					

"ҚазТрансГаз Аймақ" АҚ-ның соңғы жылдардағы сату құны бойынша өзіндік құны жылдары көтерілгенін көруімізге болады. Ұйымның сату құны бойынша өзіндік құны жалпы соммада 2022 жылы 292 613 652 мың теңгеге жеткенін көруімізге болады. 2021 жылы бұл сомма 46 698 398 мың теңгеге төмен болып, 245 915 254 мың теңгеге тең болған. Қаржылық көрсеткіштерге қарасақ жыл сайын көтеріліп келе жатқанын көруімізге болады. 2020 жылы 217 443 870 мың теңгеге тең болған және 2021 жылға қарағанда 28 471 384 мың теңгеге аз көрсеткіш көрсеткен.

Бұл ESG талаптары "ҚазТрансГаз Аймақ" АҚ-да орындалып жатқанын жыл сайын беріп отыратын есептерінен және аудиторлық қорытындыдан көруге болады. Бұл талаптар негізінен қысқартылған үш әріп қорытындысынан туындаған. Е әрпі экологиялық мақсатта, S әрпі әлеуметтік қағидаттарды және G корпоративтік басқаруға арналған. Бұл талаптар не үшін керек дегенге әлемдік белгілі бір шкалалар арқылы есептеледі. Бұл ұйымға немесе компанияға сенім білдіруі үшін керек инвесторлар үшін. Бұл талаптарға сәйкес келетін ұйымдар өзіне сенімді түрде басқа жақтан инвесторлардан тарта алады. Сәйкес келмейтін болса оған деген сенімді төмендете алады. Біздің зерттеп отырған компанияда бұл талаптар бойынша өзінің есебінде көрсетілген.

Әлеуметтік жауапкершілікке компания ішінде өзіндік есеп беру кезінде бірнеше тармақтарға бөлінген. Олар жалақы бойынша, адам саны, әлеуметтік мінез-құлық, денсаулық сақтау мен қауіпсіздік ережелері, білім беру және дайындық, корпоративтік мәдениет, жемқорлыққа қарсы күрес бойынша есептерін беріп отырады. Ұйымның есеп беруі бойынша соңғы 2022 жылғы есеп бойынша 1 954 адамды жұмыспен қамтып отыр. Оның 150 персонал администрациялық басқаруда қызмет жасайды. Компания құрамының 48,1 пайызын әйелдер, 51,9 пайызын ерлер құрайды. Компанияның 74% персонал жоғары білімге ие болып табылады. Компания әрбір 4 кварталда премия беріп отырады. Жәнеде белгілі ұлттық мейрам кездерде де белгілі АЕК көлемінде пермия бөліп береді. Орташа жалақы мөлшері 2022 жылы 519 267 теңгені құрады компания ішінде. Соңғы жылдағы дерек бойынша компания демалыс үшін бөлінген соммасы 900 млрд теңгеге жетеді екен. Сақтандыру бойынша келісімшартта 2022 жылғы дерек бойынша 3 758 млн. тг. құрады. Компаниядағы есеп жүргізу саясаты өте айқын және ашық болып табылады ұйым ішінде жемқорлық бойынша іс әрекеттер тіркелмеген, өйткені компания белгілі бір заңдарға сүйеніп қызмет етеді.

Экологиялық ұйым негізінен мұнай мен газ тасымалдау саласында жұмыс жасайтындықтан өзіндік салықтар төлейді және сол бойынша өзінің есептерінде қаншалықты норативтермен берілген көлемді көрсетіп отырған. Компания 2021 жылы негізгі құралдарға модернизация мен реконструкция жүргізіп 2022 жылы ауаға жіберілетін қалдықтардың мөлшерін азайта түсті. 2021 жылы атмосфераға 50 859 тонна қалдық шықса, 2022 жылы 45 858 тонна қалдық шығарылды. Компания суды тек тұтыну үшін және офис үшін қолданады және көрсеткіш 16 242 мың м3 болған. Ұйым соңғы жылдары энэгрриялық менеджмент қолданып энэргиялық ресурстарды аз қолдану туралы шешім қабылдады. Энэктрэнэргиясын 2021 жылы 2782 Вт-сағ қолданса, 2022 жылы 1930 Вт-сағ қолданған.

Зиянды газдарды шығару бойынша сыртқы ортамен салыстырып отырып нормативке сәйкес шығарады.


Қорытындылай келсек “ҚазТрансГаз Аймақ” АҚ қазіргі таңда еліміздегі мұнай мен газ тасымалдау саласының жетекшілерінің болып табылады. Ұйымның қазіргі таңда еліміздің 11 облысына тасымалдау құбырларын тартқан. Ұйымның соңғы жылдары ақша қаражатындағы өзгерісті болып табылады. Қаржылық есептерге қарасақ активтердегі бөлімде ұзақ мерзімді активтер көлемі азайып, қысқа мерзімді кірістері көбейіп отырған оған себеп тауарларды немесе қорларды сату көбейгенін байқауға болады. Ұзақ мерзімді активтер бұл негізгі құралдар бойынша шикілік бар екенін көруге болады. Соның әсерінен пассив бөлімі міндеттемелерде азайып көбейіп жатқанын байқаймыз.

Компания өзінің активтерінің азаюына барасында оларды мықтылау үшін 2022 жылы 830040 бірлік акция шығарған. Соның әсерінен бөлінбеген пайда 2022 жылы төмендеген, оған себептердің бірі осы жылы дивиденд төлеуі болып табылады. Компанияның жалпы пайдасы 2022 жылы алдыңғы екі жылға қарағанда біршама төмендеген. Ол дұрыс деп табуға болады өйткені, барлық есеп беруді қарасақ 2022 жылы барлық түрінде төмендуді көрсеткен. Тіпті ақша қозғалыстарында үш қызметтенде алдыңғы жылға қарағанда төмендуді көрсетіп өзгеріс шамаларыда минусқа кетіп отырғанын көреміз. Соңғы үш жылдағы ақша қаражаты бойынша 2021 жылы ең үлкен көрсеткішке жеткен.

Ұйымның корпоративтік басқаруына тоқтала кетсек ұйым өзінің тәртіптерін ҚР-ның Кодекстік заңдарымен біріктіріп, жүйелі тәртіппен басқарады. Ұйымда басшылық әр 3 жыл сайын ауысып отыратын көруімізге болады. Соңғы сайланған жыл 2022 жыл болып табылады. Компанияның негізінен жалғыз ғана акционері бар ол- “QazaqGaz” ҰҚ компаниясы болып табылады. Ұйымның өзінің есеп берулерінде барлық шығын шығатындарды толық көрсеткен. Ұйымның жұмыскерлерге деген оқыту мен медициналық сақтандыру және қауіпсіздікпен қамтамасыз еткен.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. “ҚазТрансГаз Аймақ” АҚ-ның 2022 жылғы есебі [http://www.ktga.kz/wp-content/uploads/2023/06/22YE\\_FS\\_RUS\\_KTGA\\_signed.pdf](http://www.ktga.kz/wp-content/uploads/2023/06/22YE_FS_RUS_KTGA_signed.pdf)
2. “ҚазТрансГаз Аймақ” АҚ-ның 2021 жылғы есебі [http://www.ktga.kz/wp-content/uploads/2022/06/fin\\_report\\_2021.pdf](http://www.ktga.kz/wp-content/uploads/2022/06/fin_report_2021.pdf)
3. Андыбаева Г.Т. Экономикалық талдау: оқулық / Г.Т. Андыбаева, А.К. Канабекова, А. К. Абитова; Т. Рысқұлов атындағы Жаңа экономикалық университеті. – Электрон. Текстовые дан. (20,5 Мб). – Алматы : Экономика, 2016. – 296 б. – ISBN 978-601-225-890-5. <http://megapro.narxoz.kz/ProtectedView/Book/ViewBook/659>



ӘОЖ 657.08

**Шапай А.М., Тажмағанбет А.Н.,**  
Менеджмент» БББ-ның 2 курс студенттері  
**Нуркашева Н.С.,** ғылыми жетекшісі: ассистент-профессор  
«Экономика және менеджмент» мектебі, Нархоз Университеті, Алматы қ., Қазақстан

## **ЭКОНОМИКАНЫҢ ТҰРАҚСЫЗДЫҚ ЖАҒДАЙЫНДА БАСҚАРУШЫЛЫҚ ЕСЕПТИҢ ОРНЫ МЕН МАҢЫЗЫ**

**Зерттеу мақсаты** - соңғы 10 жыл ішіндегі еліміздегі ішкі саясатта орын алып жатқан мәселелерге назар аудара отыра, экономикалық тұрақсыздықты ескеріп, процестің негізгі

тенденциялары мен салдарын анықтап, компаниялардың өз қаржысын тиімді басқару және негізделген стратегиялық шешімдер қабылдау қабілетіне айтарлықтай әсер ететін басқарушылық есептің нақты аспектілерін анықтауға бағытталған.

**Әдіснамасы.** Жұмысты жазу барысында келесі әдістер қолданылды: статистикалық дереккөздермен жұмыс, жүйелеу, сандық және сапалық талдау, деректерге салыстырмалы талдау жасау.

#### **Зерттеу міндеттері:**

1. Экономикалық тұрақсыздықтың компаниялардың қаржылық көрсеткіштеріне әсерін бағалау

2. Басқару есебін өзгермелі нарық жағдайына бейімдеу әдістерін зерттеу

3. Компаниялардың қаржылық тұрақтылығын басқарудағы басқарушылық есептің рөлін анықтау

4. Тұрақсыз экономика жағдайында басқарушылық есепті оңтайландыру бойынша ұсынымдар әзірлеу

5. **Түйінді сөздер:** Қазақстанның экономикалық жағдайы, табыс деңгейі, инфляция, ЖІӨ, басқару есебі, тәуекелдер, капитал, қаржылық бағалау, кіріс, шығыс және т.б.

**Кіріспе.** Басқару есебіне қызығушылық нарықтық қатынастарға көшу мен экономикалық өзгерістер туындаған кезеңдерде пайда бола бастады. Компаниядағы жұмыс ортасына басқару есебі шараларын қолдану кезінде ұйым алдында бірнеше мәселелер туындайды.

Бірінші мәселе «басқару есебі» тұжырымдамасына көзқарастарды өзгертуде жатыр: жоспарлы экономикада статистикалық деректерді қарапайым сақтау мен өңдеуден оны нарықтық экономикада компанияның тиімділігін арттырудың барлық мүмкіндіктерін анықтауға көмектесетін бизнесті басқарудың тиімді құралына айналдыру деген көзқарас қалыптастыру.

Екінші мәселе басқару есебін әзірлеуге және оны енгізуге қатысатын қызметкерлердің біліктілігін арттыру.

Үшінші мәселе – сатылымдар, шығыстар, кірістер, кірістер және т.б. туралы ақпаратты жинаудың автоматтандырылған жүйесін жасау, шығындарды есептеудің жаңа әдістерін енгізу, аналитикалық және бақылау әдістерін қолдану (бухгалтерлік есеп әдістері мен әдістемесін құрудың негізін жасау). өртінші мәселе топ-менеджерлер мен құрылымдық бөлімшелердің басшылары арасындағы басқару есебін енгізу және жүргізу қажеттілігіне қатысты пікірлердің қайшылықтарымен байланысты.

Кейбір менеджерлер басқару есебінен бас тартып, тек бухгалтерлік есеп жүргізу жеткілікті деп есептейді. Дегенмен, қаржылық есеп беру заңға сәйкес ұйымдастырылған, ал басқарушылық есептілік математикалық талдау элементтерін қамтитын ақпаратты есепке алу мен талдаудың неғұрлым егжей-тегжейлі жүйесі болып табылады және басқару шешімдерін қабылдау үшін қажет.

Сонымен, басқарушылық есеп кәсіпорын ішіндегі әр түрлі қызмет түрлерін жедел басқару, бақылау және есепке алу мәселелерін жүйелі түрде қарастыруға, ауқымды есеп жүргізу арқылы шығындар мен нәтижелерді салыстыруға, өндірістік-шаруашылық қызметтің тиімділік деңгейін анықтауға мүмкіндік береді [1]. Тұрақты өзгерістермен, ауытқулармен және белгісіздікпен сипатталатын қазіргі динамикалық экономикада басқарушылық есеп тиімді басқару құралы ретінде ерекше орын алады. Экономикалық тұрақсыздық әртүрлі факторларды қамтиды, мысалы, инфляция, валюталық ауытқулар, еңбек нарығындағы өзгерістер және компаниялардың бизнес-процестеріне елеулі әсер ететін басқа да қиындықтар. Бұл мақалада экономикалық белгісіздік жағдайында басқарушылық есептің мәні мен рөлі қарастырылады, оның негізделген стратегиялық шешімдер қабылдау, тәуекелдерді басқару және қазіргі заманғы бизнес әлеміндегі кәсіпорындардың табысы мен тұрақтылығына жету үшін өзгермелі жағдайларға тиімді бейімделу мүмкіндігін көрсетеді.

**Зерттеу әдістері.** В.П.Варфоломеев, С.В.Умрихина өз зерттеу жұмыстарында басқару есебін құру мәселелері бойынша технологиялық енгізу әдістерінің кезеңдеріне тоқталады. Себебі кез-келген экономикалық, қаржылық немесе сыртқы орта жағдайына бейімделуде компания басқару есебін ұтымды ұйымдастыру шаралары арқылы стратегиялық жоспарларына түзету енгізіп, нәтижелікке ұмтыла алады деп тұжырымдайды.

1-кезең. Компанияда басқару есебін ұйымдастыру бойынша жұмыс тобын қалыптастыру. Жұмыс тобының құрамы компанияның ішкі жұмыс ортасына негізделеді. Жұмыс тобына: Бас Директор, Қаржы директоры, Құрылымдық бөлімшелерінің басшылары және қызметкерлері, экономикалық қызметтің басшысы кіреді.

2-кезең. Кәсіпорынның қазіргі жағдайын және оның қаржылық құрылымын диагностикалау.

3-кезең. Басқару ақпаратын пайдаланушыларды анықтау.

4-кезең. Басқару есебінің құрамын, мазмұнын және нысандарын әзірлеу.

5-кезең. Басқару әдістерін әзірлеу, яғни шығындар есебі және өнімнің өзіндік құнын калькуляциялау.

6-кезең. Бухтарлік есепті басқару жоспарын және стандартты іскерлік операцияларды көрсету тәртібін құру.

7-кезең. Күту мен құндылықтар арасындағы қарым-қатынастарды дамыту: акционерлер, қызметкерлер, клиенттер, жеткізушілер, үкімет.

8-кезең. Компанияның әрбір құрылымдық бөлімшесі бойынша қызметтің негізгі көрсеткіштерін әзірлеу, 9-кезең. Басқару есебін жүргізуді реттейтін ішкі ережелер мен нұсқаулықтарды әзірлеу, 10-кезең. Кәсіпорынға басқару есебін енгізу [2].



1 сурет. 2012-2022 жылдар аралық кезеңіндегі Қазақстан Республикасындағы инфляция көрсеткіші

Жоғарыда көрсетілген сызбада еліміздегі инфляция мөлшерінің 2012-2022 жылдар аралығындағы ауытқу кезеңдерінің өзгерісі суреттелген. Ең алдымен 2012 және 2014 жылдар аралығындағы көрсеткіштермен салыстырғанда 2015 жылдардағы тауар мен қызмет көрсету бағаларының экстрималды түрде жоғарылағандығын байқауға болады.

Ресми дереккөздерге жүгінсек, бұл кезеңдерде тұрғындардың күнделікті қолданысындағы азық-түлік бағамы 10.95%-ға, одан өзге тауарлар мен өнімдер 22.60%-ға, ал ақылы түрде жүргізілетін қызмет көрсету саласы 6.0%-ға дейін өскен. Демек соңғы 10 жыл ішіндегі тауар мен қызмет бағасының ең төменгі дәрежелерін 2013, 2018 және 2019 жылдар аралығындағы экономикалық өзгерістер сипаттайтындығын айқын аңғаруға болады.

Осы мәселе аясында Ұлттық Банктің жүргізген зерттеулеріне сәйкес 2019 жылға қарай ел ішіндегі инфляция деңгейі 4,80%-ға дейін төмендеген. Ал бұл экономикалық жағдайдың бастау алуындағы алғышарттардың бірі ретінде пандемия кезеңін ескеруге болады. Байқап

қарасақ, 2020-2021 жылдар арасындағы үдеріс жоғарғы қарқынды болғанымен, бұл 2022 жыл ішіндегі өсіммен салыстырғанда әлдеқайда қалыпты болып табылады. Бұл кезеңде мемлекеттегі инфляция мөлшері Ұлттық Банк қабылдаған болжамды шешім 20-22% диапазон шеңберінде қалыптасып, 20.30%-ды құраған болатын.

Сандық сипаттаманың осыншама деңгейдегі қарқынды өзгерісі соңғы жылдар кезеңінің ең ауқымды экономикалық мәселесінің бірі бола алды. Оған қоса, бұрын-соңды орын алмаған мұндай жоғары көрсеткіш тұтыну шығындарының төмендеуімен, қоршаған ортаның сыртқы жағдайының көрінісімен әрі жанармай бағамының күрт көтерілуімен сипатталды. Бұл өз кезегінде экономикалық өсуді барынша тұрақтандырды [4].



2 сурет. 2012-2022 жылдар аралық кезеңіндегі Қазақстан Республикасы халқының орташа табыс деңгейі

Бұл графикте 2012-2022 жылдар аралығында Қазақстан Республикасы тұрғындарының жан басына шаққандағы орташа айлық табысының өзгеріс ауқымы суреттелген. Ұсынылған дереккөздерге көз жүгіртсек, ел азаматтарының айлық табыс мөлшері әрбір жылдарда қалыпты түрде артып жатқандығын аңғаруға болады. 2008 және 2010 жылдар ішінде орын алған жаһандық дағдарыс жағдайларының әсерінен АҚШ доллары бағасы өзгеріссіз күйде қалды, яғни 1 долларға шаққанда 149-155 теңгені құраған болатын. Осы экономикалық өзгерістің әсерінен елдегі азаматтардың жан басына шаққандағы ең жоғарғы орташа айлық кірісі 2013 жылға қарай 137 000 теңге болып енгізілді. 2015-2016 жылдары қаржылық дағдарыс кезеңі қайта орын алды. Осы кезеңнен кейін ҚР Үкіметі мен Ұлттық Банк жүйесі ұлттық валютаның бағамынан бас тарту жайында қорытынды шешім қабылдау арқылы 4 жыл бойы теңгенің еркін айналымда болуына зор әсерін тигізді. Ал 2013-2019 аралық кезеңінде елдегі жалақы АҚШ долларымен есептегенде 46-47%-ға, яғни 497 долларға дейін төмендеп кетті. 2020-шы жылдың бастапқы кезеңінде орын алған COVID-19 пандемиясы салдарынан әлемдік мұнай бағасының құлдырауы әсерінен мемлекеттегі барлық өндіріс салалары жұмысын уақытша тоқтатып, бұл теңге валютасының қайтадан тұрақсыздануына әкеліп соқты[4].

Тағы бір ескеретін нәрсе, азаматтардың орташа айлық табысының көлемі жыл сайын ақырындап артқанымен, инфляция мөлшері мемлекеттің әлеуметтік және экономикалық әл-ауқатын әлсіретіп жатыр. Оған дәлел ретінде 2012 жылдары азаматтардың еңбекақысы 100 000-105 000 аралығында болған кезде, қарапайым нан бағасы 78 теңгеге ие болған. Ал бұл

көрсеткіш 2022 жылмен салыстыру кезінде 105-106%-ға арзан екендігін анықтаған және бұл уақыттарда сәйкесінше азаматтардың орташа еңбекақы көлемі шамамен 270 000 теңгеге дейін жеткен. Бұл зерттеулерден шығатын қорытынды соңғы 10 жыл ішінде ҚР халқының өмір сүру сапасы жылдан жылға өзгеріссіз күйде ауысып отырған. Демек, еліміздегі тұрғындардың орташа табыс деңгейі олардың күнделікті тұтыну шығындарының сандық мөлшерлемесін ғана өтейді.



3 сурет. 2012-2022 жылдар аралық кезеңіндегі Қазақстан Республикасы бойынша ЖІӨ көлемі

Жоғарыдағы кескіндемеде бейнеленгендей, Қазақстан Республикасындағы 2013 жылғы ЖІӨ көлемі 2012 жылдың қаңтар және желтоқсан айларымен салыстырғанда 6%-ға өскендігін аңғаруға болады. Оның ішінде өнеркәсіп өндірісіндегі көлем 2,3%-ға, тау-кен өндіру өнеркәсібінде 3,1%-ға, өңдеу өнеркәсібінде 1,6%-ға, ауыл шаруашылығы өнімдерінің көлемі 11,6%-ға, көлікте қызмет көрсету көлемі 7,6%-ға, байланыста 14%-ға, саудада 12,7%-ға өскен. ҚР Статистика Агенттігінің хабарлауынша, ЖІӨ көлемінің мұншалықты жоғарғы көлемді өсімінің себебі тұтыну бағаларының индексі 2013 жылғы желтоқсанда 2012 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 4,8%-ды құрауы, азық-түлік және азық-түлік емес тауарлардың бағасы 3,3%-ға, ақылы қызметтер 8%-ға өскендігі болып табылады. Соның нәтижесінде 2013 жылы еліміздің сыртқы сауда айналымы 120 млрд 361 млн АҚШ долларын құраған[5]. Яғни ағымдағы жылда ресурстарды өндіру маңызды болып табылатын Қазақстандық экономика жағдайында заманауи басқарушылық есеп әдістерін қолдану компанияларға шығындарды оңтайландыруға, өнімділікті арттыруға және негізделген стратегиялық шешімдер қабылдауға көмектесті.

Сонымен қатар 2013 жылы энергияға, металдарға және басқа да тауарларға әлемдік бағалардың құбылмалылығы жағдайында басқарушылық есеп Қазақстандағы компанияларға қаржылық тәуекелдерді тиімді басқаруға, баға саясатын талдауға, өндіріс шығындарын және ресурстарды бөлуді бақылауға мүмкіндік берді. Бұл кәсіпорындардың қаржылық тұрақтылығын нығайтуға және олардың әлемдік нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал етті. Ұлттық Экономика Министрлігінің мәліметінше, ЖІӨ қалыпты динамикалық көрсеткіштен 2020 жыл 2,6%-ға төмендеген. Яғни құрылыс (өсім 11,2%), ақпарат және байланыс (8,6%), ауыл шаруашылығы (5,6%), өңдеу өнеркәсібі (3,9%), білім беру (2,3%) мөлшерін көрсеткен[6]. Бұл теріс нәтиженің салдары ретінде елдегі экономикалық тұрақсыздық, соның ішінде инфляция көлемінің өсуі және COVID-19 байланысты көптеген



кәсіпорындардың жабылуы, соның салдарынан ресурстардың, кіріс пен шығыс, міндеттемелер, активтер мен кәсіпорын капиталының көлеміне толық есептеу жүргізілмеуі салдарынан жұмыссыздықтың көбеюі, ұйымдардың жабылуы қарастырылады.



4 сурет. Экономиканың әртүрлі салаларындағы үлестірілген басқарушылық есеп жүйелерін бағалау

Экономиканың қай секторында басқарушылық есеп неғұрлым қарқынды енгізіліп жатқандығы туралы талқылайтын болсақ, экономикалық қызметтің барлық түрлерінің ішінде басқару есебі өнеркәсіпте -20%, ауылшаруашылығында -16%, құрылыс саласында -15% және қоғамдық тамақ өнеркәсібінде -10% және т.б екендігін аңғаруға болады[7]. Бұл дегеніміз өнеркәсіп саласында басқару есебін енгізу арқылы кәсіпорындық процестер мен ресурстардың тиімділігін ескеруде шығындарды оңтайландыру, өндірістің қаржылық жағдайын анықтау кезінде өнімнің рентабельділігін бағалау, қаржылық жоспарды бақылау кезінде ауытқуларды талдау және оны жою шараларын қабылдау, тауарлы-материалдық қорларын тізбектеу мен ұйымның кірісі мен шығысы, активтері мен пассивтері туралы басшылыққа ұсынылатын есептеулерді жүргізу сияқты шараларды тиімді жүзеге асыруға болады.



5 сурет. 2012-2022 жылдар аралық кезеңдегі Қазақстан Республикасы бойынша валюта бағамы




2010 жылдардың басында әлемдік экономикалық дағдарыс жағдайында теңге Қазақстан үшін маңызды экспорттық тауар – мұнай бағасының құбылуы салдарынан қысымға ұшырады. 2012-2015 жылдар аралығында мұнай бағасының төмендеуі және нарықтардағы жаһандық тұрақсыздық салдарынан теңгенің долларға шаққандағы бағамының айтарлықтай құлдырауы байқалды, яғни осы жылдар аралығында 1 АҚШ доллары құны 150,15-тен 187,05 теңгеге дейін жоғарылады [8]. Ал 2016 жылы ұлттық валюта «Самұрық-Қазына» Ұлттық қоры және нарықты тұрақтандыру шаралары енгізілгеннен кейін нығая бастады. Дегенмен 2017 жылы мұнай бағасының құбылуы мен басқа да сыртқы факторлардың әсерінен теңге қайтадан әлсіреді. Одан кейінгі жылдары экономиканы әртараптандыру және қаржылық тұрақтылықты нығайту бағдарламасы аясында Қазақстан теңге бағамын тұрақтандыру шараларын қолға алды. 2020 жылы жаһандық COVID-19 пандемиясына және мұнай бағасының төмендеуіне байланысты теңге қайтадан әлсіреді, бірақ кейін қалпына келді.

**Қорытынды.** Қорытындылай келе, экономикалық тұрақсыздық жағдайында басқарушылық есеп компанияның қаржылық қызметін бағалау және ақша ресурстарын тиімді бөлу мен қадағалауда маңызды рөл атқаратындығын білуге болады. Ал оған талдау жасау мақсатында бірнеше экономикалық факторларды ескеру керек. Мысалы, басқару есебі компанияның шығындары мен кірістеріне инфляцияның әсерін бағалауға, бағалардың өсуі жағдайында қаржылық жоспарлар мен стратегияларды түзетуге мүмкіндік береді. Инфляциялық талдау бағаның жалпы деңгейін болжауға және инфляцияның жағымсыз салдарын барынша азайту үшін компанияның баға саясатын бейімдеуге мүмкіндік береді. Ал халықтың орташа табыс мөлшерін есепке алу бюджетті жоспарлау, персонал шығындарын бағалау және әділ жалақыны қамтамасыз ету үшін маңызды. Еңбекақының өзгеруін талдау персоналды басқару, қызметкерлерді ынталандыру және шығындарды оңтайландыру бойынша шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді. Оған қоса, басқару есебі валюта бағамдарының компанияның қаржылық көрсеткіштеріне, әсіресе халықаралық операцияларға әсерін ескереді. Оны жан-жақты талдау арқылы валюталық ауытқулардың тәуекелдерін басқаруға, шетел валютасындағы активтер мен міндеттемелерді әртараптандырудың оңтайлы стратегияларын анықтауға көмектеседі. ЖІӨ көлеміне келер болсақ, ол компанияларға экономикалық жағдайларды, нарық мүмкіндіктерін және бизнесті дамыту әлеуетін бағалауға мүмкіндік береді. Яғни ұйымның өсу стратегияларын құруға, өнімдер мен қызметтерге сұранысты болжауға және бизнесті өзгертін нарықтық жағдайларға бейімдеуге жағдай жасайды.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Друри К. Басқару және өндіріс есебі. Кіріспе курс. М.: Бірлік, 2019. 320 б.
2. Алексей Николаевич Бобрышев. Учетное обеспечение системы управленческого учета в условиях кризисных процессов экономики. *Economic analysis: theory and practice*, 2018, vol. 17, iss. 4, pp. 671–689
3. В.П.Вапфоломеев, С.В.Умрихина. Современные проблемы методов и способов организации управленческого учета в компании. *Экономический анализ: теория и практика*, 2010. стр 17-25
4. stat.gov.kz. Бюро национальной статистики АСПР РК. // URL:<https://www.gov.kz/memleket/entities/stat?lang=ru>
5. ҚР Премьер-Министрінің ресми ақпараттық ресурсының ҚР ЖІӨ көлемі бойынша 2013 жылғы берген мәлімдемесі <https://primeminister.kz/ru/news/rost-vvp-kazahstana-v-2013-godu-sostavil-6-agentstvo-rk-po-statistike->
6. ҚР Премьер-Министрінің ресми ақпараттық ресурсының ҚР ЖІӨ көлемі бойынша 2020 жылғы берген мәлімдемесі <https://primeminister.kz/ru/news/prognoz-socialno-ekonomicheskogo-razvitiya-na-2020-2024-gody-vvp-na-dushu-naseleniya-uvelichitsya-do-14-3-tys>
7. Костюкова Е.И., Алексей Николаевич Бобрышев. Теория и методология управленческого учета в условиях кризисных процессов экономики. 2017. Стр 91-234

8. nationalbank.kz. Официальные курсы валют в среднем за период  
URL:<https://nationalbank.kz/ru/news/oficialnye-kursy>



ӘОЖ 657.07

**Садықова Мадина,**  
«Есеп және аудит» БББ-ның 3 курс студенті Қорқыт Ата атындағы  
Қызылорда университеті, Қызылорда қ., Қазақстан Республикасы  
**Алимбетов Асхат Шыңғысбайұлы,**  
ғылыми жетекші: «Қаржы, есеп және аудит» БББ аға оқытушы, Қорқыт Ата атындағы  
Қызылорда университеті, Қызылорда қ., Қазақстан Республикасы

### **КӘСІПОРЫННЫҢ ӨНДІРІСТІК ЕСЕБІН АУДИТОРЛЫҚ ТЕКСЕРУ ЖӘНЕ ТАЛДАУДЫҢ МАҢЫЗЫ**

Өнімнің өзіндік құны өнімді сатудан түскен табыстан аз болса, онда жалпы табыстың мөлшері де оң болады. Ал егер керісінше, өнімнің өзіндік құн өнімді сатудан түскен табыстан асып көп болса, онда жалпы табыстың мөлшері теріс көрсеткішті көрсетеді де, кәсіпорынның рентабельділік деңгейі байқалмайды.

Кәсіпорындағы қаржылық жағдайды талдау барысында жалпы табыстың әсер етуші факторларға талдау жасау өте маңызды болады. Өйткені жалпы табыс өнімді өткізудің қаржылық нәтижесін білдіреді және негізгі қызмет нәтижесінде өнімді өткізуден түскен табыс пен өткізілген өнімнің өндірістік өзіндік құны арасындағы айырма ретінде анықталады.

Жалпы табысқа әсер ететін маңызды фактор өндірістік өзіндік құн, сондықтан оның төмендеуі оның көлеміне көп әсер тигізеді.

Жоғарыда аталған факторлардың жалпы табысқа әсерін анықтау үшін қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы есептің мәліметтері бойынша келесі талдау кестесін құруға болады.

1 кесте

2020-2022 жылдардағы «ArafatСТРОЙ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жалпы табысын талдау

Көрсеткіштер	Жылдар			Өзгеріс (+/-)	
	2020 ж.	2021 ж.	2022 ж.	2021/2020	2022/2021
Өнімді (жұмыс, қызмет) сатудан түскен табыс	10758	336705	113390	+325947	-223315
Өнімнің өзіндік құны	10515	132790	97804	+1222	-34986
Жалпы табыс	2401	203915	15586	+201514	-188329
Кезең шығындар	438	37187	25800	+36749	-34387
Таза табыс	104	166715	-10890	+166611	-177605
Ескерту - Жылдық баланстан алынған					

Талдау жасап көріп отырғанымыздай, жалпы табыстың мөлшері 2021 жыл мен 2022 жылдың көрсеткіші оң болып отыр. Өйткені өнімнің өзіндік құны өнімді сатудан түскен табыстан аз болып отыр. Ал 2021 жылы осы мекемеде жалпы табыстың мөлшері жоғарлаған. Егер 2021 жылы 2020 жылмен салыстырғанда жалпы табыс 201514 мың теңгеге өссе, 2022 жылы 2021 жылмен салыстырғанда 188329 мың теңгеге азайғанын байқауға болады. Міне жоғарыда қарастырып, талдау жасап отырған мәліметтеріне сүйене отырып, «ArafatСТРОЙ»

жауапкершілігі шектелі серіктестігінде үш көрсеткіштердің құрамына байланысты диаграмма құрайық.




Диаграмма 1. Жалпы табыстың құрылу көздері  
 Ескерту - Бухгалтерлік баланстан алынған

Өнімнің өзіндік құнын талдау барысында оның өндірістік шығындардың элементтер түрлері мен шығындардың баптары бойынша қарастыру қажет.

Шығындардың баптарына мынадай өндірістік шығындар жатады: материалдық шығындар, еңбек ақы және ақшалай шығындары, негізгі құралдардың тозуы, әлеуметтік салық шығындары және т.б. жатады.

Енді келесі талдауға көшу үшін, өзіндік құнның неден, қалай құрылатынына мән беріп көрейік.

«ArafatСТРОЙ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде өнімнің өзіндік құны келесі шығындар элементтерінен құрылады. Осыған байланысты шығындардың элементтеріне талдау жасап, 2 кестені құрайық.

2 кесте мәліметтері негізінде мынадай талдау жасауға болады:

1) Барлық шығындар немесе толық өзіндік құнның мөлшері 2022 жылы 2021 жылмен салыстырғанда 25817 мың теңгеге немесе 26,4 пайызға азайған. Оның ішінде ең үлкен үлесін материалдық шығындар алып отыр. Оның ішінде материалдық шығындар 2021 жылы 46009 мың теңгеге тең болса, 2022 жылы олар 15430 мың теңгеге немесе 50,5 пайызға азайып отыр.

Негізгі құралдардың тозуы да азайып отыр. Олар есепті жылы 2021 жылмен салыстырғанда 340 мың теңгеге немесе 1,9 пайызға өскен.

Еңбекақы бойынша шығындардың сомасы азаюда. Олар есепті жылы 15642 мың теңгеге немесе 76,3 пайызға азайып отыр. Әлеуметтік салық бойынша шығындардың сомасы да 2395 мың теңгеге немесе 10,7 пайызға азайғанын байқап отырмыз.

Басқадай түрлері бойынша шығындар 2022 жылы өткен жылмен салыстырғанда 1178 мың теңгеге немесе 17,7 пайызға азайған.

Міне, «ArafatСтрой» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде өнімнің өзіндік құнына талдау жасап, келесі қорытындыға келуге болады. Өнімнің өзіндік құнының мөлшері азайғанымен, өнімді сатудан түскен табысы да азайып отыр. Сондықтан осы талдап отырған шығындардың элементтерін азайту жолдарын қарастыра отырып, жоғары табыс табу көздерін анықтау керек.

Осыған орай шығындардың элементтерінің үлес салмағын қарастыра отырып, оның үш жылда өзгерісін байқап көрейік.

Кәсіпорынның өнімнің өзіндік құнының құрамын талдау

№	Көрсеткіштер	Жылдары		Өзгерісі 2022/2021	
		2021	2022	(+,-)	%
1	Толық өзіндік құн:	132790	97804	-25817	-26,4
	Материалдық шығындар (отын, электржарығы, материалдар)	46009	30579	15430	-50,5
2	Құрылыс саласындағы жұмысшылардың еңбекақы шығындары	36140	20498	-15642	-76,3
3	Әлеуметтік салық бойынша аударымдар	24778	22383	-2395	-10,7
4	Құрылыс участкілеріндегі НҚ амортизациясы	18032	17692	-340	-1,9
5	Құрылыстағы басқадай шығындар	7831	6653	-1178	-17,7
Ескерту - Бухгалтерлік баланс мәліметерінен алынған					

3 кестеден көріп отырғанымыздай ең үлкен салмақты материалдық шығындар алып отыр. Егер 2020 жылы олардың үлес салмағы 37,5 тең болса, 2021 жылы оның үлес салмағы 2,9 пайызға көбейді. Ал 2022 жылы 2021 жылмен салыстырғанда 3,3 пайызға арттып отыр. Одан кейін еңбек шығындардың үлесі 2020 жылы 26,4 пайызға тең болса, 2021 жылы шығындардың құны 27,2 пайызға, 2022 жылы 2021 жылмен салыстырғанда 6,3 пайызға азайып отыр.

Әлеуметтік салық бойынша шығындардың үлесі 2021 жылы 2,5 пайызға, есепті жылы 4,2 пайызға өсіп отыр.

Негізгі құралдардың амортизациясының үлес салмағы жылдан жылға өсуде. Егер 2021 жылы ол 1,0 пайызға өссе, 2022 жылы 2021 жылмен салыстырғанда 4,5 пайызға өсіп отыр.

Басқа да шығындардың үлес салмағы кесте мәліметтерінен көріп отырғанымыздай, үш жылдың ішінде азайып кеткен. Егер 2021 жылы оның үлес салмағы 5,9 пайызға тең болса, есепті жылы ол 0,9 пайызға өскенін байқауға болады.

Өнімнің өзіндік құнының құрамындағы шығындардың элементтері бойынша үлес салмағы

Шығындардың баптары	2020 ж.	2021 ж.	2022 ж.	2022ж/2021ж үлестің азаюы/ кемуі
Материалдық шығындар (отын, электржарығы, материалдар)	37,5	34,6	31,3	-3,3
Құрылыс саласындағы жұмысшылардың еңбекақы шығындары	26,4	27,2	20,9	-6,3
Әлеуметтік салық бойынша аударымдары	16,2	18,7	22,9	+4,2
Құрылыс участкілеріндегі НҚ амортизациясы	12,6	13,6	18,1	+4,5
Құрылыстағы басқадай шығындар	7,3	5,9	6,8	+0,9
Барлығы	100	100	100	-
Ескерту - Бухгалтерлік баланс мәліметерінен алынған				

«ArafatСтрой» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде өзіндік құнның құрамы мен құрылымына 3 кестеде қарастырдық, енді осыған сүйене отыр 2020-2021 жылдар аралығында өнімнің өзіндік құны қалай өзгергенін байқап көрейік.

Біздің талдап отырған серіктестігінде өнімнің мөлшері 2020 жылы 122262 мың теңгеге тең болса, 2021 жылы ол көрсеткіш 18781 мың теңгеге азайды, яғни 103481 мың теңгені құрап отыр. Ал 2022 жылы 2021 жылмен салыстырғанда 25817 мың теңгеге азайып, 77664 мың теңгені құрап отыр.

Осыған байланысты өзіндік құнның өсу динамикасын 2 диаграмма түрде көрсетуге болады.




Диаграмма 2. Өнімнің өзіндік құнының 2020-2021 жылдары аралығындағы құрылымы  
 Ескерту - 2020-2021 жылдар аралығында бухгалтерлік баланстан алынған

Әрі қарай өнім, қызмет көрсету көлеміндегі 1 теңгеге шаққандағы шығындардың мөлшеріне талдау жасау керек. Өйткені қазіргі заманның талабына сай, осы көрсеткіштерді талдай отырып, жұмсалған шығындардың қай баптары бойынша төмендету жолдарын анықтап, отыру қажет. Ол үшін төмендегідей аналитикалық кестені құрайық.

4 кесте

Өнім көлемінің 1 теңгеге шаққандағы шығындардың динамикасын талдау

Көрсеткіштер	2021 ж.	2022 ж.	Өзгерісі (+, -)	
			абсолюттік шама	үлес бойынша
Қызмет көрсету, өнім өткізуің өзіндік құны, мың теңге	132790	97804	-34986	-35,8
ҚҚС қоспағандағы қызмет көрсету, өнім өткізудің өзіндік құны, мың теңге	170527	122688	-47839	-38,9
Өнім көлемінің 1 теңгеге шаққандағы шығындар, теңге	77,8	63,4	-14,4	-22,7
Ескерту - Бухгалтерлік баланс мәліметерінен алынған				

Өнім көлемінің 1 теңгеге шаққандағы шығындардың өзгерісіне келесі факторлар әсер етуі мүмкін: өндірілген өнімнің, көрсетілген қызметтердің құрылымының өзгеруі; өнімнің әрбір түрі бойынша өзіндік құнның өзгерісі; өнімнің көтерме бағасының өзгерісі. Аталған көрсеткіштердің әсер етуі келесі аналитикалық кесте түрде құрастыруға болады.

Бір теңгесіне шаққандағы шығындарды факторлық талдау жасаған кезде өнімнің, көрсетілген қызметтердің түрлері бойынша өзгерісін талдайды:

Оны мына формула арқылы анықтауға болады:

$$\Delta Z1 = \sum Soq1 / \sum Zoq1 * 100 - \sum Soq0 / \sum Zoq0 * 100$$

«ArafatСтрой» ЖШС – не ол мынаған тең:

$$\Delta Z1 = 81,8 - 77,8 = +4$$

Есепті жылдың өзіндік құнының өнімнің өткен жылдың бағасы бойынша шығындардың өзгеруі келесі формула арқылы табуға болады:

$$\Delta Z2 = \sum S1q1 / \sum Zoq1 * 100 - \sum Soq1 / \sum Zoq0 * 100$$

«ArafatСТРОЙ» ЖШС – не ол мынаған тең:

$$\Delta Z2 = 243,1 - 77,8 = +165,3$$

Өнімнің 1 теңгеге шаққандағы шығындарды факторлық талдау

№	Көрсеткіштер	Формулалар	Сомасы
1	Өткен жылғы өнімнің өзіндік құны, мың теңге	$\sum S_{0q_0}$	132790
2	Есепті жылы көрсетілген қызметтердің құны мың теңге		
-	өткен жылдың өзіндік құны бойынша	$\sum S_{0q_1}$	113390
-	есепті жылдың өзіндік құны бойынша	$\sum S_{1q_1}$	336705
3	Өткен жылғы өнімінің көрсетілген қызметтердің көлемі, мың теңге	$\sum Z_{0q_0}$	170527
4	Өткен жылдың бағалары бойынша өнімнің көрсетілген қызметтердің көлемі, мың теңге	$\sum Z_{0q_1}$	138517
5	Есепті жылдың бағалары бойынша өнімнің, көрсетілген қызметтердің көлемі, мың теңге	$\sum Z_{1q_1}$	122688
6	Өткен жылғы өнімнің 1 теңгесіне шаққандағы шығындар	$\sum S_{0q_0} / \sum Z_{0q_0} \cdot 100$	77,8
7	Өткен жылғы өнімнің 1 теңгесіне шаққандағы шығындар: оның ішінде		
-	өзіндік құн және өткен жылдың бағасы бойынша	$\sum S_{0q_1} / \sum Z_{0q_1} \cdot 100$	81,8
	Есепті жылдың өзіндік құны өнімінің өткен жылдың бағасы бойынша	$\sum S_{1q_1} / \sum Z_{0q_1} \cdot 100$	243,1
-	Есепті жылдың баға және өзіндік құн бойынша	$\sum S_{1q_1} / \sum Z_{1q_1} \cdot 100$	274,4
Ескерту - Кәсіпорынның мәліметтерінен алынған			

Үшінші көрсеткіштің факторлық әсері (өзіндік құнның бағасы) мынаған тең болды:

$$\Delta_{32} = \sum S_{1q_1} / \sum Z_{1q_1} \cdot 100 - \sum S_{1q_1} / \sum Z_{0q_0} \cdot 100$$

«ArafatСтрой» ЖШС – не ол мынаған тең:

$$\Delta_{32} = 274,4 - 243,1 = +31,3$$

Өнімнің бағасының өсуі 1 теңгеге шаққандағы шығындардың сомасы 31,3 теңгеге көбейді, ол келесі формула бойынша анықталады:  $(274,4 - 243,1) = +28,7$  теңге. Демек өнімнің 1 теңгеге шаққандағы шығындардың өсуі, өнімнің бағасының өсуімен байланысты болып отыр.

Экономиканың дамуы барысында нарықтағы кәсіпорындардың ырғақты жұмыс жасауы өндірісті тиімді басқару мен ұйымдастыруға тікелей байланысты. Қазіргі талаптарға сай етіп өндіріс тиімді ұйымдастырылып басқарылатын болса, соғұрлым шығындардың аз жұмсалуды қалыптасады.

Сондықтан ұйымда басқару есебін тиімді жүргізу мен жетілдіру барысында «Arafat СТРОЙ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің мәліметтері бойынша нақты қорытындылар мен ұсыныстар жасаймыз.


Кәсіпорын қызметінің экономикалық тиімділігін анықтау барысында негізгі экономикалық көрсеткіштерін қарастырамыз. 2022 жылды 2021 жылмен салыстырғанда сатудан түскен табыс көлемі 4425583 теңгеге, ал жұмсалған шығын 3596882 теңгеге төмендеген. Соның нәтижесінде кәсіпорынның жалпы пайдасы 828701 теңгеге төмендеді. Сондықтан кәсіпорын өндіріс көлемін арттыра отырып, шығынды басқару процесіне аса мән беру қажет. 2022 жылды 2021 жылмен салыстырғанда барлық шығын көлемі 3956570,2 теңгеге немесе 4,2 пайызға төмендеген. Ол еңбекақы, әлеуметтік аударымдар, негізгі құралдар амортизациясы және басқа да шығындардың төмендеуі әсерінен болған жағдай. Шығындарды элементтері бойынша талдағанда өзіндік құнды төмендетудің резервтерін де ескеру қажет. 2022 жылды 2021 жылмен салыстырғанда материалдық шығындардың үлесі 8 пайызға дейін артқан. Бұл кәсіпорынға қажетті материалдар құнының уақыт өте қымбаттауынан болған жағдай.

Кәсіпорында 2022 жылы түсім көлемі 4425583 теңгеге төмендеуінің әсерінен салыстырмалы көрсеткіші 11,4 пайызға төмендеген. Шығынның алдыңғы жылмен салыстырғанда 3596882 теңгеге төмендеуі әсерінен жалпы табыс көлемі 828701теңгеге төмендеп отыр. Бұл дегеніміз кәсіпорында шығындарды тиімді басқару мәселесі қолға дұрыс алмағандығын байқатады. Кәсіпорында 2022 жылы түсім көлемі 4425583 теңгеге төмендеуінің әсерінен салыстырмалы көрсеткіші 11,4 пайызға төмендеген. Шығынның алдыңғы жылмен салыстырғанда 3596882 теңгеге төмендеуі әсерінен жалпы табыс көлемі 828701теңгеге төмендеп отыр. Бұл дегеніміз кәсіпорында шығындарды тиімді басқару мәселесі қолға дұрыс алмағандығын байқатады.

Жалпы табыс 2020 жылы 2401 мың теңге тең, ал 2021 жылы 201514 мың.теңгеге өсіп 203915 мың теңгені құрады. Ал 2022 жылы 2021 жылмен салыстырғанда 188329 мың теңгеге азайып, есепті жылы 15586 мың теңгені құрады. Осы көрсеткіштің азаюына өнімнің өзіндік құнының өсуі әсір етіп отырғанын көріп отырмыз. Өйткені, оның құны 2022 жылы өнімді сатудан түскен табыстан асып отыр, жалпы табыстың мөлшері де теріс көрсеткішке ие болып отыр. Сонымен қатар, оған әсер еткен ең негізгі факторлардың бірі болып, кезең шығындарының өсуі болып табылады. Егер, кезең шығындарының мөлшері 2020 жылы 999 мың теңге, 2021 жылы 2020 жылмен салыстырғанда 36188 мың теңгеге немесе 97,3 пайызға өскен. Ал 2022 жылы 2021 жылмен салыстырғанда бұл көрсеткіш 11387 мың теңгеге азайып, 25008 мың теңгені құрап отыр.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Зейнуллина А.Ж. Басқару есебінің негіздері. оқу құралы.- 168.-2021
2. Сборник бухгалтерских проводок / составители: В.И. Скала, Н.В. Скала, А.И. Белкин. Алматы, ИД “LEM”, 2018 г. –56с.
3. Нұрсейтов Е.О. Ұйымдардағы бухгалтерлік есеп: Оқулық құралы. / Е.О.Нұрсейтов. – Алматы: «Издательство LEM»,2019 ж
4. Барышева С.К.Бухгалтерский учет [Электронный ресурс] : учебное пособие / С.К. Барышева. - 2-е изд., перераб. и доп. - Алматы : Асыл Принт, 2017. - 205 с
5. Бухгалтерский учет : учебник / под ред. проф. В.Г. Гетьмана. - 2-е изд., перераб. и доп. - М. : ИНФРА-М, 2017. - 601 с. + Доп. материалы [Электронный ресурс; Назарова В.Л. Бухгалтерский учет от первичного документа до отчетности : учебное пособие / В.Л. Назарова. - Алматы: Экономика, 2018. - 232 с.



УДК 657.1.011.56

**Лаубаева Амина Абдуалиқызы**  
## **ФОРМИРОВАНИЕ ОБЩЕСТВЕННЫХ ОТНОШЕНИЙ НА ОСНОВЕ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ИНФОРМАЦИОННО-КОММУНИКАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В РЕСПУБЛИКЕ ТАТАРСТАН**

2024 год в Республике Татарстан (далее – РТ) объявлен годом научно-технологического развития [1]. Его актуальность обусловлена стремительно меняющимся технологическим укладом в мире. РТ как субъект Российской Федерации (далее – РФ) должна остаться на лидирующих позициях в системе экономического развития РФ. На базе принципиально новых технологических решений предпринимательскому сообществу, учёным, органам государственной власти необходимо трансформировать хозяйственную жизнь республики в соответствии с технологическими вызовами. Технологические инновации пронизывают не только промышленность, производство, торговлю, но и социальные сферы – образование, медицину, культуру.

Определяющим фактором перехода на новую технологическую парадигму является цифровизация, которая остро ставит вопрос не только эффективного развития хозяйственных сфер жизни, но и занятости человека при тенденции массового высвобождения рабочей силы из непосредственного производства.

В этих условиях точками роста являются все сферы общественно-экономической жизни, пронизанные научно-исследовательскими, опытно-конструкторскими работами в области создания робототехники, искусственного интеллекта (далее – ИИ) в повседневную и производственную жизнь человека. Особо актуален процесс цифровизации сферы здравоохранения в РТ.

В ноябре 2023 г. в рамках международной конференции по искусственному интеллекту и машинному обучению группа учёных из Татарстана победила в номинации «Премия регионам» за вклад в развитие в технологии ИИ [2].

Для формирования новых моделей общественных отношений в декабре 2022 г. Кабинетом Министров РТ принята государственная программа РТ «Научно-технологическое развитие Республики Татарстан» [3]. В ходе реализации программы должны быть достигнуты следующие результаты технологического и научного развития региона к 2030 г.: рост удельного веса населения с высшим образованием в 1,17 раза; рост доли валовой добавленной стоимости по виду экономической деятельности «Образование» в 1,4 раза; рост численности персонала, занятого научными исследованиями и разработками в 3 раза; рост количества отечественных патентных заявок на изобретения в 1,5 раза; рост доли продукции высокотехнологичных и наукоёмких отраслей в 1,2 раза; рост доли малого и среднего предпринимательства в 1,1 раза; увеличение доли научно-педагогических работников, имеющих научную степень до 80%; увеличение доли молодых научно-педагогических работников в возрасте до 39 лет в 1,2 раза, как итог должен быть накоплен эффективный интеллектуальный человеческий капитал и создана привлекательная среда в сфере научно-технической инновационной деятельности.

В сложившихся технологических условиях окном возможностей для РТ становится развитие цифровизации экономики, повышение доступности образования, совершенствование подходов в сфере организации дистанционных сервисов в потреблении товаров и услуг, занятости созданием и развитием электронных платформ, организацией бизнес-процессов и модернизацией бизнес-моделей.

Для реализации данных целей в РТ создана особая экономическая зона для развития технологичных компаний «Иннополис». Молодые компании на льготных условиях здесь могут арендовать офис в формате open-space, для стартапов есть коворкинги.

Резиденты ОЭЗ «Иннополис» могут арендовать земельный участок под строительство собственного офисного и производственного здания на особых условиях. ОЭЗ «Иннополис» проводит необходимые инженерные сети к земельному участку резидента и подключает к ним по льготным тарифам. После завершения строительства резидент может приобрести земельный участок в собственность. Индустриальный парк «Лаишево» предназначен для размещения инновационных промышленных компаний-резидентов, реализующих проекты в сферах робототехники, микроэлектроники, аддитивных технологий, беспилотных аппаратов и биомедицины.

По итогам 2023 г. в тройку лидеров IT парков РФ наряду с представителями инновационной инфраструктуры Санкт-Петербурга, Новосибирской области вошёл IT-парк РТ в сооператорстве с технопарком «Идея». Приоритетным проектом, реализуемым на основе цифровых платформ является государственная информационная система «Социальный регистр населения Республики Татарстан». Данный проект ставит целью внедрение информационно-коммуникационных технологий в социальную сферу для обеспечения доступности и повышения качества оказания государственных и социально-значимых услуг для жителей РТ. Данная информационная система даёт возможность формирования адресного предоставления услуг в сфере социального обслуживания, учёта, мониторинга семей и несовершеннолетних, находящихся в социально опасном положении, а также оказания социальных услуг в сфере социальной защиты. Программные продукты, на основе которых работает социальный регистр, позволяет максимально эффективно реализовать индивидуальную работу с каждым гражданином, нуждающимся в помощи.

Безусловно, реализация федерального проекта «Цифровая экономика» на территории РТ создало все условия для внедрения нейросетей, ИИ во все сферы социально-экономической жизни республики. Хотя, еще пять лет назад внедрение ИИ в экономику и повседневную жизнь казалось делом очень отдаленного будущего, но неизбежность освоения дальнего космоса, развития атомной энергетики и других сфер с высоким риском для жизни человека уже сегодня требует использования роботизированной техники и нейросетей. Способность ИИ решать мгновенно сложные задачи открывает принципиально

новые возможности и в социально значимых сферах. При этом стремительное внедрение ИИ сегодня вызывает опасения у общества.

10 декабря 2019 года Президентом РФ В.В. Путиным утверждена «Национальная стратегия развития искусственного интеллекта на период до 2030 года» (далее – Стратегия) [4]. В ней дается определение понятия искусственный интеллект как «комплекс технологических решений, позволяющий имитировать когнитивные функции человека (включая самообучение и поиск решений без заранее заданного алгоритма) и получать при выполнении конкретных задач результата, сопоставимого, как минимум, с результатами интеллектуальной деятельности человека. Комплекс технологических решений включает в себя информационно-коммуникационную структуру, программное обеспечение (в том числе в котором используются методы машинного обучения), процессы и сервисы по обработке данных и поиску решений» [4, 5].

Это определение отражает ключевые технологические свойства, подчеркивающие искусственную природу новейшей технологии. С другой стороны, у общества вызывает тревогу то, что ИИ должен имитировать интеллектуальную деятельность человека – «как минимум».

Учитывая, что «мыслительные процессы» нейросетей алгоритмизированы, но при этом создаются с целью облегчения обработки информационных потоков, с которыми не может справиться естественный интеллект человека, то вполне понятно, что в любой социально-производственной деятельности будут возникать проблемы адекватного правового регулирования, поэтому из-за сложности формирования правовых норм в данной высокотехнологичной сфере требуется опережающее этическое регулирование. С этой целью в Стратегии подчеркнута необходимость выработки этических норм для стимулирования развития и использования технологии ИИ. Данные этические правила должны определять характер взаимодействия человека с искусственным интеллектом [4].

В октябре 2021 года на конференции «Этика искусственного интеллекта (ИИ): начало доверия» был принят «Кодекс этики в сфере искусственного интеллекта» (далее – Кодекс), нормы которого призваны регулировать отношения, связанные с этическими проблемами создания, внедрения и использования ИИ в случаях, когда существуют пробелы в законодательстве, регулирующем данную сферу [6].

Как и любой другой этический кодекс, данный Кодекс имеет рекомендательный характер, но сам факт его принятия говорит о высокой степени ответственности бизнес-сообщества, государственных структур за результаты внедрения прорывной технологии. Первый раздел подчеркивает человекоориентированный и гуманистический подход, еще раз утверждая, что наивысшая ценность – человек, его права и свободы и что данные технологии должны способствовать цели «наивысшего расцвета личности», сохраняя его культурно-языковое многообразие, где свобода воли человека также является важнейшим условием внедрения ИИ в общественные отношения.

Как никакая другая, данная технология предполагает обязательную оценку рисков и социальных последствий для человека и общества – об этом говорится в пп. 1.5 п. 1 раздела I Кодекса.

В науке существует традиционная проблема ответственности ученого за свои открытия. В начале 21 века она приобретает особенную остроту на всех этапах использования нейросетей в общественных процессах. Кодекс уделяет пристальное внимание ответственному и осознанному подходу при создании и использовании ИИ, поэтому так актуально звучит этическая норма о необходимости принимать значимые для общества государственные решения в области применения ИИ, сопровождая их не только научно выверенным прогнозированием последствий и рисков, но и изучением возможных изменений в ценностно-культурной парадигме развития общества с учетом национальных приоритетов (пп. 2.1 п. 2).



Принципиально важно, что контроль рекурсивного самосовершенствования систем искусственного интеллекта должен находиться только под контролем государства (пп. 2.9). Данная этическая норма особенно важна в условиях стремительной коммерциализации всех этапов разработки и внедрения ИИ.

Сегодня в правовом поле встает вопрос о том, кто несет ответственность за правонарушения, связанные с использованием технологии искусственного интеллекта [7]. Кодекс утверждает в качестве этической нормы – «ответственность за применение ИИ всегда несет человек», таким образом, давая законодателю вектор для формирования правовой нормы.

Стратегия определяет приоритетное использование ИИ для повышения качества услуг, во-первых, в социальной сфере – образовании и медицине (раздел IV, пункт 22). Поэтому так важно, что Кодекс подчеркивает нужность использования ИИ там, где это принесет пользу людям (пункт 4).

На современном этапе экономического развития без технологий ИИ невозможно осуществить прорыв к качественно новому уровню благосостояния общества. Возникающая «конкуренция» естественного и искусственного интеллекта обостряет проблему нормативного регулирования общественных отношений, и этические нормы, как никогда ранее, становятся приоритетными в системе социальных норм, регулирования новых отношений. Об актуальности поднятой проблемы говорит обсуждение в Совете Федерации различных вариантов нормативно-правового закрепления положений Кодекса в существующем законодательстве или в специализированном федеральном законе [8].

#### Список литературы:

1. Указ Раиса Республики Татарстан от 14.09.2023 №639 «Об объявлении 2024 года в Республике Татарстан Годом научно-технического развития». – [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://mon.tatarstan.ru/god-nauchno-tehnologicheskogo-razvitiya.htm?ysclid=lupsof8foi710353547> (дата обращения: 01.04.2024)
2. Татарстан – лучший по внедрению Искусственного Интеллекта в медицине // Министерство здравоохранения Республики Татарстан : [сайт]. – 2023. – Режим доступа: <https://minzdrav.tatarstan.ru/index.htm/news/2255452.htm?ysclid=lupshirjv1190851022> (дата обращения: 03.04.2024)
3. Постановление Кабинета Министров Республики Татарстан «Об утверждении государственной программы «Научно-технологическое развитие Республики Татарстан». – [Электронный ресурс]. – Режим доступа: [https://pravo.tatarstan.ru/npa\\_kabmin/post/?npa\\_id=1184046&ysclid=lupsu7a1yg272677931](https://pravo.tatarstan.ru/npa_kabmin/post/?npa_id=1184046&ysclid=lupsu7a1yg272677931) (дата обращения: 03.04.2024)
4. Указ Президента Российской Федерации «О развитии искусственного интеллекта в Российской Федерации». – [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://ivo.garant.ru/#/document/72838946> (дата обращения: 01.04.2024)
5. Васильев А.А. Термин «искусственный интеллект» в российском праве: доктринальный анализ // Васильев А.А., Шпоппер Д., Матаева М.Х. / Юрислингвистика, 2018. – №7-8. – С. 35-44.
6. Кодекс этики в сфере искусственного интеллекта. – [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://www.aiethic.ru/code> (дата обращения: 01.04.2024)
7. Цирит О.А, Татьяна А.Н. О некоторых вопросах уголовной ответственности за ДТП с участием беспилотного автомобиля. / Вопросы российской юстиции, 2019. – Выпуск 4. – С. 461-471.
8. Совфед предложит вписать в законы вопросы этики искусственного интеллекта. – [Электронный ресурс]. – Режим доступа: [https://www.rbc.ru/technology\\_and\\_media/22/12/2021/61c1ef2b9a79478e39e8aa85?from=newsfeed](https://www.rbc.ru/technology_and_media/22/12/2021/61c1ef2b9a79478e39e8aa85?from=newsfeed) (дата обращения: 01.04.2024)

ӘОЖ 343.1

**Отарбаев Ғанибек Сырмағанбетұлы,**  
заң ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы,  
Қызылорда қ., Қазақстан Республикасы  
**Саниязова Еркемай Казбековна**  
заңтану магистрі., аға оқытушы, Қоркыт Ата атындағы  
Қызылорда университеті, Қызылорда қ, Қазақстан Республикасы

## ТЕРГЕУШІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ

**Андатпа.** Мақалада ҚР Қылмыстық процестік құқығы жүйесіндегі тергеуші қызметінің құқықтық мәртебесіне және тергеуші қызметінің процестік ерекшеліктеріне арналған. Тергеуші өз қызметінің шегінде қылмыстық істі босату сотқа дейінгі тергеп тексеру жүргізуге өкілдік берілген лауазымды тұлға. Қылмысты ашу және тергеу, кінәлілерді табу, адамның адамгершілік қасиетін қалпына келтіру - тергеуші жұмысының мәні болып табылады.

**Анонс.** Статья посвящена правовому статусу деятельности следователя в Уголовно-процессуальном законе Республики Казахстан и процессуальным особенностям деятельности следователя. Следователь является должностным лицом, уполномоченным производить досудебное расследование в пределах своей деятельности. Раскрытие и расследование преступления, нахождение виновных, восстановление человечности человека – суть работы следователя.

**Announcement.** The article is devoted to the legal status of the activities of the investigator in the Criminal Procedure Law of the Republic of Kazakhstan and the procedural features of the activities of the investigator. The investigator is an official authorized to conduct a pre-trial investigation within the scope of his activities. Disclosing and investigating a crime, finding the perpetrators, restoring the humanity of a person is the essence of the work of an investigator.

**Кілт сөздер:** тергеуші, қызмет, қылмыстық процесс, азаматтардың құқығы, тергеу.

**Ключевые слова:** следователь, служба, уголовный процесс, права человека, расследование.

**Keyword:** investigator, service, criminal process, human rights, investigation.

Қазақстан Республикасы өзінің құқықтық тәуелсіз және өркендеуші мемлекет ретінде даму жолында құқықтық реформаларды жүзеге асыруға қоғамдық қатынастарды жалпы жан-жақты кеңістікте дамытуға күш жұмсауда.

Тергеушінің қызметі сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жұмыстарын жүргізудегі рөлі, оның күнделікті атқаратын қызметінің мазмұны мен түрлері осы қызметтің ішкі құрылымы болып табылады да және әрбір қызмет түрі тергеуші қызметінің құрамдас бөлігін құрай отырып, біртұтас тергеуші қызметінің мазмұнын құрайды, сапалық дәрежесін көрсетеді, оның еңбегінің нәтижесі талданады.

Қазіргі таңда қылмысқа қарсы күресті күшейту мен болған қылмысты тез арада және толық ашу үшін қылмыстық қудалауды жүзеге асырушы органдардың жұмысын ұтымды ұйымдастыру қажеттілігі айтылып жүр. Ендеше, қылмысты ашу, қылмыскерді әшкерелеу және оның кінәлі екендігін дәлелдеу үшін, қылмыстық процестік заң нормалары мен жүргізілетін тергеу әрекеттердің **тергеуші** жетік меңгеруі тиіс. Яғни тергеу қызметі қашанда сауаттылық пен біліктілікті, төзімділікті талап ететіні белгілі. Бұл мамандықтың иелері қылмыскерлерді құрықтап қана қоймай, бұлтартпайтын айғақтар арқылы оның ақ пен қарасын айырып, тергеу амалдарын жүргізеді.

Процестік функциялар тергеушінің ғылыми құралы ретінде қызметті атқарудың жеке дара үлгісі ретінде қарастырылады. Тергеуші қандай қылмыстық іс бойынша қай бағыттағы

мәселені шешсе де, осы тезис ұдайы оның басшылығында болады, оның функцияларын жүзеге асыруына бағыт-бағдар береді [1]. Осы бағыттардың бірі мемлекет және азаматтарға аса қауіп төндіретін құқық бұзушылықтарды дер кезінде анықтап, қылмыс пен құқық бұзушылықты болдырмау жолын қарастырып, оны болдырмау шараларын жүзеге асыратын мемлекеттің өкілетті органдары мен лауазым иелерінің, сондай-ақ құқық қорғау органдары қызметкерлерінің атқаратын қызметтерінің орны ерекше. Мемлекетке аса қауіп келтіретін қылмыстардың және құқық бұзушылықты зерттеу және ашумен айналысатын мемлекеттің өкілетті органдарының және лауазым иелерінің мемлекеттің адамдар мен азаматтардың құқықтарының қорғалуын жүзеге асыратын құқық қорғау органдарының орны ерекше.

Қылмыстық істер бойынша іс жүргізудің заңда белгіленген тәртібі азаматтарды негізсіз айыптау мен соттаудан, олардың құқықтары мен бостандықтарын заңсыз шектеуден қорғауды, кінәсіз адам заңсыз айыпталған немесе сотталған жағдайда оны дереу және толық ақтауды қамтамасыз ету, сондай-ақ заңдылық пен құқық тәртібін нығайтуға, қылмыстың алдын алуға, құқықты құрметтеу көзқарасын қалыптастыруға жәрдемдеседі.

ҚР ҚПК-нің 60-бабына сәйкес, тергеуші – қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеруді өз құзыреті шегінде жүзеге асыруға уәкілетті лауазымды адам: ішкі істер органдарының тергеушісі, ұлттық қауіпсіздік органдарының тергеушісі, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің тергеушісі және экономикалық тергеу қызметінің тергеушісі болып табылады [2]. Тергеуші өз қаулысымен істі өзінің іс жүргізуіне қабылдап, ол бойынша алдын ала тергеуді жүзеге асыруға және ҚР ҚПК көзделген барлық тергеу әрекеттерін орындауға құқылы. Тергеуші істің мән-жайларын жан-жақты, толық және объективті зерттеу үшін барлық шараларды қолдануға, адамның қылмыстық құқық бұзушылық жасағанын көрсететін оған қатысты жеткілікті дәлелдер жиналған адамды күдіктінің іс-әрекетін саралау сонымен бірге оған бұлтартпау шараларын таңдау, қылмыстық құқық бұзушылықтың мән-жайлары баяндалған, жинақталған дәлелдер сипатталған сотқа дейінгі тергеп-тексерудің аяқталғаны туралы есепті жасау арқылы қылмыстық қудалауды жүзеге асыруға міндетті.

Осыған сәйкес тергеушінің негізгі міндеті - қылмысты тез арада және толық ашу, қылмыс жасаған адамды әшкерелеу оны тиісті жауапкершілікке тартып, оны айыптау бойынша қылмыстық істің сотқа берілуін қамтамасыз ету болып табылды.

Қоғамдағы қылмысты ашу, қылмысты жасаған айыптыларды әшкерелеу, істердің көпшілігінде арнайы құралдар мен әдістерді қолданатын ұзақ және күрделі жұмыстарды қажет етеді. Қылмыс жасаған айыптыларды әшкерелеу, қылмысты тез арада және толық ашу мақсатында сотқа дейінгі тергеп тексеру органдары құрылып, өз әрекеттерін жүзеге асырады. Бұл органдар қылмыстың барлық жасау жолдарын және қылмыстың оқиғасын анықтауға, қылмысты жасауда айыпты адамдарды анықтауға және оларды жазалауға, сонымен қатар айыптының жауапкершілігін ауырлататын және жеңілдететін жағдайларды бекітеді; қылмыс нәтижесінде келтірілген материалдық зиян мөлшерін және материалдық зиянды өндіру үшін қолданатын шараларды бекітеді; қылмысты жасауға итермелеген себептерді анықтайды. Барлық дәлелдерді тауып, оларды процессуалды түрде бекітеді. Осы әрекеттердің барлығы тергеуші қызметінің күрделілігінің айғағы. Тергеуші өз қызметінде дербес қызмет атқарады, яғни *тергеушінің процессуалдық дербестігі дегеніміз* - оның тергеудің бағыты мен тергеу әрекеттерін жүргізу жөнінде шешімдердің барлығын өзі дербес қабылдайтындығын және іс бойынша жүргізілетін процесстік әрекеттердің заңды, әрі уақытында орындалуы үшін толық жауапты болатындығын білдіреді [3, 376.].

Заңда көрсетілген кейбір жағдайларда тергеуші тергеу әрекеттері үшін тергеу судьясының (мысалы, тінту жүргізу үшін) санкция алу қажет, қоғамға қауіпті әрекет жасаған адамды мәжбүрлі түрде сот- психиатрлық сараптамасын жүргізу үшін медициналық мекемеге мәжбүрлеп орналастыру үшін соттың рұқсаты қажет.

Келесі маңызды мәселе - тергеушінің анықтау органдарымен қарым-қатынастарының процесстік тәртібінің заңмен реттелуі болып табылады. Тергеуші өзінің тергеуіндегі

қылмыстық іс бойынша: анықтау органдарына орындауға міндетті іздестіру және тергеу әрекеттерін жүргізу туралы тапсырмалар мен нұсқауларын беруге және олардан тергеу әрекеттерін жүргізуге жәрдемдесуді талап етуге; сондай-ақ жедел-іздестіру шараларының материалдарын сұратып алуға, олармен танысуға және қажет болған жағдайларда ол материалдарды заңда белгіленген тәртіп бойынша іске тіркеуге құқылы.

Тергеушінің құқықтық жағдайына байланысты оның қызметіне биліктік бастама тән екендігін де айту кету қажет, яғни, тергеушінің өзінің жүргізуіндегі қылмыстық іс бойынша заңға сәйкес шығарылған қаулыларын орындау басқа мекемелер, ұйымдар, лауазымды адамдар мен азаматтар үшін міндетті болып табылады. Олай болмаса, тергеуші өзінің алдына қойылған міндеттерін, соның ішінде қылмыстарды тез арада және толық ашу, қылмыс жасаған адамдарды тиісті жауапкершілікке тарту қызметін жүзеге асыра алмас еді.

Сотқа дейінгі тергеп тергеу жүргізген кезде тергеудің бағыты туралы және тергеу әрекеттерін жүргізу туралы барлық шешімдерді тергеуші өз бетімен, дербес қабылдайды, ешкімнің бұйрығы, нұсқауы оның дербес әрекетіне бөгет бола алмайды, өйткені қарауына алған қылмыстық іс бойынша шешімді тергеуші өз өкілеттілігінің шеңберінде ғана қабылдай алады. Қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі тергеп тексеру кезінде жинақталған қылмыстық іске тіркелген сөйтіп арнайы тізім арқылы сотқа жіберілген материалдар басты сот талқылауының негізін құрайды және басты сот талқылауы барысында басшылыққа алынады, сол материалдардың заңға сәйкес алынғандығы шындыққа сәйкес екендігі дәлелденеді.

Жан-жақты, объективті, толық түрде жүргізілген сотқа дейінгі тергеп тексеру әрекеттерінің қорытындылары, шығарған қаулы, толтырған хаттамалары сотта іс қарау барысында заңды, негізделген, әділ үкім шығаруға жағдайлар туғызады. Егер тергеуші заңмен белгіленген сотқа дейінгі тергеп тексеру органдарының дәлелдемелерді жинау, бекіту, зерттеу тәсілдері мен құралдарын толығымен қолданбаса, істің мән-жайын бір жақты, үстірт зерттесе, өзінің заң шеңберінде берілген міндеттерін дұрыс атқармаса, яғни негізсіз айыптауға жол берсе немесе заңға қайшы әрекеттерді жүзеге асырса, мұндай әрекет сотта іс жүргізуді қиындатып жіберуі мүмкін, кейде тіпті ақтау үкімінің шығуына әкеліп соқтырады.

Тергеушіге тек жасалған қылмыстың бетін ашып, қылмыс жасаған адамдарды әшкерелеп, оларды қылмыстық жауапкершілікке тарту ғана тапсырылып қоймай, сонымен қатар қылмыстың алдын алу, қылмыстың жасалу себептері мен жағдайларын анықтау, қоғамға қауіпті әрекеттерді болғызбау, құқық бұзушылықтың алдын алу шараларын ұйымдастыруға ат салысу, заңдылықты нығайту және азаматтардың құқықтық сана сезімін тәрбиелеу тапсырылады.


Қылмыстық істер бойынша анықтау мен алдын ала тергеу жүргізуді арнаулы органдар жүзеге асырады және бұлардың қызметі сот пен прокуратурадан бөлінген. Алдын ала тергеу органдарының негізгі міндеті - қылмысқа қарсы күрес, қылмыстарды ашу мен алдын ала тергеу жүргізу. Мұндағы негізгі тұлға - тергеуші, осындай толып жатқан міндеттер жүктелген тергеуші мәртебесін көтеру кезек күттірмейтін мәселе болып табылады.

Мемлекет тергеушінің құқықтық мәртебесін анықтап, оған нақтылы құқықтар берді және міндеттер жүктейді, осы өкілеттілік негізінде тергеуші қылмыстық іс бойынша тергеу амалдарын жүргізеді. Тергеушінің процестік мәртебесін реттейтін нормаларды жетілдіру үшін, тергеуші немен шұғылдануы тиіс, оған қандай функцияларды атқару жүктелген, қандай міндеттері мен құқықтары бар, ол қай кезде және қалай жүзеге асырылуы керек, оған сеніп тапсырылған қылмыстық істі тергей отырып, сот ісін жүргізудегі мақсаттарға жетуде оған қандай рөл берілген, міне, осыларды нақты айқындау қажет, дегенменде мұндай нақты мүмкіндіктер әлі де шешімін таппай келе жатыр. Тергеуші функциясының қызметіне ҚР КПК-не 199-баптың үшінші бөлігіне арнайы заңмен қатысты өзгертулер мен толықтырулар енгізілгені белгілі [4]. Мәтінде "Тергеу әрекетінің барысы мен нәтижелері дыбыс-, бейнежазба құралдарының көмегімен толық тіркелген жағдайда, тергеу әрекетін жүргізетін адам алынған нақты деректерді және іс үшін маңызы бар анықталған мән-жайларды қысқаша баяндаумен шектелуге құқылы» деп көрсетеді нормада. Алайда

жоғарыда аталып өткен тергеушінің күрделі де сан қырлы қызметінде бұл қызметті атқару үшін яғни дыбыс-, бейнежазба құралдарын пайдалануда тергеушінің ассисенті (көмекшісі) деген арнайы қызмет қарастыруды ұсынамыз. Сонымен бірге, тергеуші қызметіне қоғамда аса құрметтеушілікті қалыптастыру да өзекті мәселелердің бірі болып қалып отыр. Осы бағытта күрделі қылмыстарды ашуда, қылмыскерлерді құрықтауда тынымсыз еңбек етіп жатқан тергеушілерді дәріптеу мақсатында мемлекеттік қолдаулар, жеңілдіктер жалпы жүйелі жұмыстар жүргізілуі қажет деп есептейміз.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. [https://baq.kz/ush-buyndy-model-qylmystyq-protsestege-azamattardyn-ququqtaryn-qorgaudyn-kepili\\_278990/](https://baq.kz/ush-buyndy-model-qylmystyq-protsestege-azamattardyn-ququqtaryn-qorgaudyn-kepili_278990/)
2. ҚР 2014 жылы 04 шілдеде қабылданған Қылмыстық процестік кодексі <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000231>
3. Патсаев У. Предварительное следствие в Республике Казахстан: проблемы и возможные пути повышения роли следователя. Алматы. 2010. 37 б.
4. Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық сот ісін жүргізу саласындағы адам құқықтары, жазаны орындау, сондай-ақ азаптау мен басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе қадір-қасиетті қорлайтын қарым-қатынас түрлерінің алдын алу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2023 жылғы 17 наурыздағы № 212-VII ҚРЗ. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2300000212#z6>



ӘОЖ 4414

**Әділхан Ақжан Бахытжанқызы**

Қорқыт Ата атындағы ҚУ Ю-23-3 оқу тобының 1 курс студенті, Қызылорда қ.,  
Қазақстан Республикасы;

**Тойлыбекова Эльмира Орынтайқызы**

заң ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы, «Құқықтану» кафедрасы,  
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қ., Қазақстан Республикасы

#### ҚҰҚЫҚТЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ТҮСІНІГІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ӘДІСТЕРІ

**Аңдатпа:** Бұл мақалада құқықты жүзеге асырудың түсінігі және оның әдістері басты назарға алынған. Келесі ретте терминге жалпы сипаттама беріліп, мазмұнына сілтеме жасалады. Құқықтық нормалар адамдардың санасы мен еркіне мақсатты түрде әсер ете отырып, оларды заңнамаға сәйкес жүріп-тұруға итермелеу үшін қажет. Қоғамдық қатынастардың қатысушыларының жүріс-тұрыстары арқылы кез-келген заң шығарушы қалайтын нәтижелерге жетуге болады. Мақала құқық саласында кездесетін "құқықты жүзеге асыру" түсінігі, оның нысандары мен әдістері бойынша ерекшеленеді.

**Кілт сөздер:** құқықты жүзеге асыру, түсінігі мен нысандары, құқықтық нормалар, нормаларды қолдану актілері, құқықтағы оққылықтар, іске асыру нысандары.

Адам әртүрлі әлеуметтік қатынастарға түседі. Қарым-қатынас нәтижесінде адамдар арасында өзара әрекеттестік қалыптасады, түсіністік пайда болады, қамқорлық жасау және көмек беру жүзеге асады. Қоғамдық қатынастар әлеуметтік нормалар арқылы реттеледі, олардың арасында құқық нормалары ерекше орын иеленеді. [1]

Бұл жерде құқық заңмен және мемлекетпен байланыста болмайды, тікелей қоғам арқылы қамтамасыз етіліп, қорғалады. Бұл құқықтың жалпы әлеуметтік мағынасын ашады. Құқық мемлекетпен қабылданатын және қорғалатын, жалпыға ортақ нормалардың жиынтығы болып табылады. Бұл нормалар адамның жүріс-тұрысы мен мінез-құлқы ережелерінен тұрады. Ол ережелер рұқсат ететін және тыйым салатын нормаларды қамтиды. Құқық заң, түрлі қаулылар мен жарлықтар түрінде болады. Бұл құқықтың заңды мағынасын ашады. Қабылданған құқықтық нормалар іс жүзінде жүзеге асырылуы тиіс. Құқықтық нормаларды жүзеге асыру - субъектінің мінез-құлқында оның ұйғарымдарының іс жүзінде іске асырылуы деп түсініледі. Құқықтың жүзеге асырылуы құқықтың өміршеңдігін көрсетеді, онсыз құқық өзінің әлеуметтік маңыздылығын жоғалтады. [2]

Құқықты жүзеге асыру мемлекеттің заңмен бекітілген еркін, бостандықтың тең және әділ шегін, қоғамдағы өндіруші күштердің өзара қатынасын айқындап, олардың өзіне заңмен берілген мүмкіндіктерін жүзеге асыруын көрсетеді. Құқықты жүзеге асыру объективтік мағынасында заң талаптарын сақтауда көрініс табады. Ал субъективтік мағынасында ол субъектінің өзіне берілген заңды құқықтары жүзеге асырып, заңды міндеттерін орындауын білдіреді. Объективтік және субъективтік құқықтың бірлігін ескерсек, құқықты жүзеге асыру құқықпен танылған бостандығы бар қоғамдық қатынас қатысушыларының құқыққа сай жүріс тұрысында көрініс табады. Құқықты жүзеге асыруда көбінесе тұлға өзінің ішкі сезімдері мен ұстанымдарына сүйенеді. Бірақ кейбір мәселелерде адам сыртқы ортаға да мән беріп, өз шешімін өзгертуі мүмкін. Кей кездері адамның нақты іс-әрекетті жүзеге асыруы өзгелердің іс-әрекетіне де байланысты болуы мүмкін. Көбінесе ата-аналар, экономистер, психологтар, некені тіркеушілер, сынақ алушылар, ең алдымен өзге тұлғаның жасаған әрекетін толықтай бақылап, содан кейін ғана шешім қабылдайды.

Құқықты жүзеге асыру дегеніміз - тұлғаның құқық нормасының талаптарын құқыққа сай мінез-құлық арқылы өмірге ендіру, яғни іске асыру. [3]

Құқық жүзеге асыру үшін жасалады. Құқықтық қоғамда бір жағынан мемлекет, екінші жағынан азаматтар заң жолымен жүру туралы міндеттеме алады. Осыған байланысты құқықты жүзеге асырудың екі жағы болады, сондықтан ол екі бағытта қарастырылады.

1) мемлекет органдары, лауазымды адамдар заң бойынша қызмет істеуі керек;

2) азаматтар, олардың бірлестіктері және ұйымдары өз әрекеттері арқылы құқықты жүзеге асыруы тиіс.

Құқықты жүзеге асырудың ерекше тәсілдері бар.

Құқықты сақтау. Құқықты сақтау тыйым салатын нормалар арқылы жүзеге асырылады.

Бұл тәсілдің мәні тыйым салынған әрекетті жасаудан бой тарту;

Құқықты орындау. Құқықты орындаудың мәні - жүктелген міндетті жүзеге асыру үшін белсенді әрекеттер жасау. Мысалы, баланы тәрбиелеу үшін ата-анасы үнемі, жүйелі түрде қызмет істеп, оны оқытуы, әдепке баулуы қажет;

Құқықты пайдалану. Тұлға өзіне берілген құқықтар мен бостандықтарды пайдалана ма, жоқ па еркі. Егер оларды пайдаланғысы келсе, белсенді немесе енжар әрекет жасау арқылы құқықтық норманы жүзеге асырады.

Құқықтарды пайдаланудың, барысында субъектілер өздерінің, заңдарда көрсетілген құқықтарын жүзеге асырады. Құқықты пайдалану тұлғаның құқық өкілеттігін жүзеге асыруға бағытталады. Демек, ол тұлғаның іс-әрекеті өз білігінше мұнда яки белсенді, яки енжар түрінде болуы мүмкін.

Құқықты жүзеге асырудың осы 3 түрінің барысында қоғамдық қатынастардың субъектілері өз әрекеттері арқылы заң нормаларын тікелей іске асырады. Мұны *құқықты тікелей жүзеге асыру нысаны* деп атайды. Осындай нысандар түрінде көптеген (бірақ барлығы емес) құқық нормалары асырылады. Болмыста заң нормаларын бұлжытпай пайдалану және оларды орындауға толық жағдайлар жеткілікті болмайтын кездер болады. Ондайда бұл іске мемлекеттік-биліктік өкілеттіктері бар. Құзырлы органдардың араласу қажеттілігі туындайды. Мысалы, жоғары оқу орнына студенттер қабылдау, жұмысқа алу,

зейнетақы тағайындау, әскери қызметте міндеттерді атқару және тағы басқалар. Құқықты қолдану бұл билік қызметін жүргізу арқылы жүзеге асырылады. Демек, құқықтық норманы мемлекет органдары қолданады.

Есте болатын жайт: тек қана ресми баспаларда басылып шыққан, яғни, жарияланған нормативті актіні қолдануға болады. Қолдану екі жолмен жүзеге асырылады:

1) билік жүргізетін қызмет арқылы. Мысалы, полицейдің қылмыскерді ұстауы;

2) нақтылы істі шешу арқылы.

□ Құқықты қолдану - құзырлы органдардың нақты жағдайда құқық нормаларын жүзеге асыру жөніндегі биліктік- ұйымдастырушылық қызметі. Мұның нәтижесінде дербес құқықтық акт (құқық қолдану актісі) қабылданады. Құқықты қолдану арқылы мемлекет өз қызметінде екі функцияны жүзеге асырады: а) құқықтық нормалар ұйғарымдарының орындалуын ұйымдастыру, дербес актілер арқылы позитивтік (оңтайлы) реттеуді жүргізу; б) құқықты бұзылудан сақтау және оны қорғау.

Осыған сәйкес құқықты қолданудың екі нысаны: жедел атқаруға және құқық қорғауға жататын түрлері болады.

Құқықты қолданудың белгілері (нышандары):

1. Мемлекет пен қоғамдық ұйымдардың ұйымдастырушылық-биліктік қызметі. Мұның өзі болмыстық ахуалдардың шешімін табуға білімділікті, дағдылардың қалыптасуын талап етеді. Осыларды ескеріп мемлекет соншама қызметтерді жүзеге асыру үшін арнайы субъектілерге билік өкілеттіктерін тиісінше береді. Бұлар - мемлекеттік органдар, лауазымды тұлғалар, қоғамдық ұйымдар. Азаматтар құқықты қолдану субъектілері болып табылмайды, өйткені мемлекет оларға бұл қызметтерді атқаруға өкілеттік бермеген.

2. Құқықты қолдану нақты құқықтық қатынастар шеңберінде жүзеге асырылады.

3. Қызметтің жүзеге асырылуы ерекше түрде белгіленген іс жүргізу заңдары бойынша атқарылады.

4. Құқықты қолдану нәтижесінде дербес құқықтық акт - құқық қолдану актісі қабылданады (жасалады).

Құқықты қолданудың мынадай сатылары болады:

а) істің нақты жағдайларын анықтау;

б) істің заңдық негізін анықтау. Бұған құқық нормасын таңдап алу, оның түпнұсқаға сәйкестігін тексеру, құқық нормасын түсіндіру жатады;

в) іс бойынша шешім қабылдау.

Құқық қолдану актісі - құзырлы органның нақты заңдық іс бойынша қабылдаған ресми түрдегі шешімі. Құқық қолдану актілері көптүрлі болып келеді.

Құқық нормаларды қолдану актілері.

Қоғамдағы сан алуан қатынастарды реттеп, басқару үшін құқықтық нормалар өмірге келіп, өзгеріп, дамып, ескіріп, жаңарып отырады. Құқықтық нормалар заңда көрсетілгендей мақсатты түрде адамдардың еркі және санасына әсер ету үшін пайда болады. Қоғамдық қатынастарға қатысушылардың іс-әрекеті арқылы заң шығарушы құқықтық нормаларды орындаудың нысандары әр түрлі болып келеді, олардың пайда болу себептері де әр түрлі болады:

А) қоғамдағы қатынастардың мазмұнының әр түрлі болуы;

Б) нормативтік актілердің адамдарға әр түрлі әсер етуі;

В) норманың ерекше мазмұнының әсері;

Г) құқықты іске асырудағы субъектілердің күзіреті мен өкілеттілігінің әр түрлі болуы;

Д) субъектілердің құқықтық тәртібінің әр түрлі деңгейде болуы. [4]

Құқықтық нормалардың негізгі мақсат қоғамдағы қатынастарды уақытында реттеп, басқарып, оны іске асыру. Құқықтық нормаларды іске асырудың бірнеше түрлерін атал өтуге болады.

1. Норманың мазмұнына қарай орындалуын әр түрге бөлеміз: норманың мүдде-мақсатын орындау; жалпы міндет қағидаларын орындау; нақты қатынастағы норманы орындау.

2. Норманы іске асырудағы қатынас субъектілерін жеке және топтық субъектілерге бөлеміз. Бұл субъектілердің өз құқықтарын іске асыруы.

3. Нормативтік актілердің ерікті түрде емес, қоғамдық мүдде үшін әкімшілік-тәртіптік және қылмыстық жауапкершілік түрінде еріксіз іске асырылуы.

4. Құқықтық нормаларды іске асыруда саяси және идеологиялық, әдіс-тәсілдерді пайдалану.

Субъектілердің құқықты іске асыруға әсер етуінің 4 түрін көрсетеміз:

\ Құқықты сақтау құқықта тыйым салынған іс-әрекеттерге жол бермеу;

\ Құқықты орындау - заң міндеттерін орындауға белсенді түрде қатысу;

\ Құқықты пайдалану - өзінің мүддесін қорғай отырып, субъективтік құқықты іске асыру;

\ Құқықты қолдану - ресми өкілеттікке байланысты және соның нәтижесіне сай жеке актіні енгізу. Құқықты қолдану құқықты іске асырудың ерекше түрі. Бұл адамдардың өз құқықтары мен міндеттерін билік органдарының көмегінсіз іске асыра алмаған жағдайда қажет көрінеді.

Құқықты қолданудың белгілері мынадан көрінеді: 1) Ресми өкілеттікке ие органдардың құқықты қолдануы; 2) Оның билік мәніне ие болуы; 3) Іс жүргізу түрінде іске асырылуы; 4) Жеке түрдегі билік актілерді іске сай қолдануға байланысты көрінеді. [5]

Құқықты қолданудың бірнеше кезеңдері бар:

1. Істің нақты мазмұнымен және жағдайымен танысу, қарым- қатынастың басталуын, оған қатысушы субъектілерді анықтау.

2. Пайда болған қатынастың заңды негізін анықтау, анализ жасау, іске заңды баға беру.

3. Іс бойынша шешім қабылдау, құқықты қолдануды, тиімділігін анықтау және оны рәсімдеу, шешімді мүдделі тұлғаларға жеткізу.

4. Қабылданған шешімді жүзеге асыру.

Құқық қолданатын акті мемлекет атынан жасалатын, нақтылы заң бойынша қарауға құзыреті бар, тараптардың құқықтары мен міндеттерінің бар-жоғын анықтайтын, соған сәйкес шараларды белгілейтін органның актісі. Құқықтық нормаларды анықтау кезінде нормалар коллизиясы (қарама-қарсы тараптардың немесе мүдделердің қақтығысуы) және құқықтағы кемшіліктер деген құбылыстармен кездесеміз.

Заң коллизиясы дегеніміз қоғамдық қатынастарды реттеуге қатынасты құқықтық актілер арасындағы қайшылықты айтамыз. Олар заңды қолдануды қиындатып, құқықты қолдану тәжірибесінде қолайсыз жағдай тудырады.

Коллизияның бірнеше түрлері бар:

1) Конституция және барлық басқа актілер арасында пайда болады. Нәтижесінде Конституцияның пайдасына шешіледі.

2) Заңдар және заң негізінде актілер арасында пайда болады. Заңдық күші жоғары болғандықтан заңдар пайдасына шешіледі.

3) Әр түрлі мерзімде шағарылған бір органның актілері арасында туады. Бұл жерде соңғы қабылданған акті қолданылады.

4) Әр түрлі органдар қабылданған актілер арасында пайда болады. Қай орган өкілеттігі жағынан жоғары тұрса, сол органың актісі қолданылады.

Құқықтағы кемшіліктер - қажетті заң нормаларының толық немесе жеке бөлімдерінің заңдарда болмауы. Бұл кемшілік тек құқық шығармашылық процесте жаңа құқықтық актілерді қабылдау арқылы жойылады.

Сонымен, мақаламды **қорытындылай келе айтарым...** Қандай да болмасын ғылымның алғашқы ірге тасын сол ғылымға қатысты негізгі болса, сол ғылымның алғашқы баспалдағын құқық түсінігі, оның мән-мағынасын қалыптастыратыны бізге жоғарыдағы



мәліметтерден белгілі болды. Неге менің бұл мақала жұмысымда "құқық" түсінігі төңірегінде осыншама ой қозғалды деген сұрақ туындаса, оған мен былай жауап берейін: "Құқықтық норма" ұғымы, оның мән-жайы, белгілері өздігінен туындаған жоқ. Құқықтық норманың туындауына арқау да негіз де болған - "құқық" термині. Егер мемлекет (немесе қоғам) болмаса, сол мемлекеттің қарым-қатынасын реттейтін құқық болмаса, онда заңды жауап - құқықтың жазбаша нысаны - құқықтық норманың да болмайтындығы айдан анық. Демек, менің айтар ойым мынада: жоғарыдағы мәліметтерде белгілі болғандай құқықтық норма ұғымы құқық түсінігімен, құқықтың қайнар көздерімен тығыз байланыста құқықтың құқықтық норма тудыратыны белгілі болды. Енді құқықтық норма мен құқықтың қайнар көздері арасындағы байланысты айқындап көрелік.

Біріншіден, құқықтың қай негізден бастау алғандығы құқықтық норманың белгісін айқындауға мүмкіндік тудырады.

Екіншіден, жылдар бұрын, тіпті ғасырлар бұрын, өзге саяси режим тұсында қабылданған құқықтық нормалардың өзі бұл кездері теориялық тұрғыда құқықтың қайнар көздері бола алады деген сөз. Құқық нормаларын іске асыру, нақтылы түрде адамдардың тәртібінде көрсетеді. Құқық нормаларын іске асыру (пайдалану), қоғамдық қатынастар мүшелерінің құқығы. Заңдарымыздың дәлме-дәл, әрі бұлжытпай іске асу нысандары: сақтау.

Құқық қолдану дегеніміз - арнаулы субъектілердің (мемлекеттік органдардың, лауазымды. Құқықты қолдану қызметі бірнеше жүйелі әрекеттік кезендерден тұратын қиын.


1. Істің нақты мән-жайын белгілеу;

2. Тексерілетін деректі, мән-жайларға қолдануға жататын құқық нормалары.

Құқықты жүзеге асырушылар мен оны қолданушылар үшін заңдардың, жүйелі көлемінің ұлғай көбейген кездерінде әсіресе керек болады. Олай болатын заң халықтың қалың бұқара топтарының түсуіне оңай болуы тиіс.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. [https://kk.m.wikipedia.org/wiki/%D2%9A%D2%B1%D2%9B%D1%8B%D2%9B\\_%D2%B1%D2%93%D1%8B%D0%BC%D1%8B](https://kk.m.wikipedia.org/wiki/%D2%9A%D2%B1%D2%9B%D1%8B%D2%9B_%D2%B1%D2%93%D1%8B%D0%BC%D1%8B) / Құқықтық түсінік
2. Өміржанов Е. / «Мемлекет және құқық теориясы» / Алматы «Жеті Жарғы» 3. 015 / Құқықты жүзеге асыру / 187 бет
4. <https://pps.kaznu.kz/kz/Main/FileShow2/19737/113/1/367/0//>
5. <https://ulagat.com/2020/09/21/кұқықтық-нормаларды-қолдану-актілер> / Құқықтық нормаларды қолдану актілері
6. <https://www.uniface.kz/index.php?post=article&section=1&id=632> / Мемлекет және құқық теориясы. Құқықты жүзеге асыру



ӘОЖ: 347.91/95

**Әбубәкірова Гүлнұр Мұратбекқызы,**  
заң ғылымдарының магистрі, Қорқыт Ата атындағы  
Қызылорда университеті, Қызылорда қ., Қазақстан Республикасы

#### **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА АТҚАРУШЫЛЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ: МӘСЕЛЕЛЕР ЖӘНЕ ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ**

Сот жүйесі жұмысының тиімділігі көптеген жағдайларда сот орындаушыларымен және олардың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз жұмысын мінсіз орындауымен байланысты. Атқарушылық іс жүргізудің сенімді жүйесін қалыптастыру сот билігінің беделін

арттырудың негізгі белгісі болып табылады. Бұзылған құқықтар мен заңды мүдделерді қорғау тетігі сот актісін шығару және оның күшіне енуі ғана емес, сонымен бірге оны уақтылы орындау болып табылады. Сот актілері орындалғаннан кейін ғана азаматтардың, заңды тұлғалардың және мемлекеттің бұзылған немесе даулы құқықтары, бостандықтары мен заңмен қорғалатын мүдделері қалпына келтіріледі.

Сот актілерін мүлтіксіз орындауға, оның ішінде сот шешімін орындаудан жалтарғаны үшін жауапкершілікті күшейту, борышкерлерге қатысты шектеу шараларын қолдануды одан әрі кеңейту, атқарушылық іс жүргізуге процестік сот бақылауын күшейту жолымен қол жеткізу қажет. Шынында да, егер қол жеткізу мүмкін болмаса азаматтың немесе ұйымның құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау пайдасына шығарылған сот шешімдерін орындаудың нақты нәтижесі, содан кейін Заңның әділдігі мен сот шешімінің заңға сәйкестігінің пайдасы неде? Сонымен, А. Узелац сот шешімдерінің орындалмауы немесе кешіктірілуі адам құқықтарының бұзылуына әкеліп соқтырған жағдайларды талдай отырып мұндай бұзушылықтардың мысалы ретінде сот шешімдерін орындамау мәселесін өтпелі экономикасы бар елдердің жүйелік проблемасы ретінде қарастырады [1, б. 182-194].

Өздеріңіз білетіндей, сот шешімдерін орындау сот төрелігін жүзеге асырудың негізгі кезеңі болып табылады. Осыған байланысты сот жүйесінің жұмысын бағалау және сот билігінің беделі қабылданған шешімдердің саны мен сапасына байланысты емес деген қоғамдық пікірмен келіспеуге болмайды, әлбетте ол осы шешімдерді орындаудан және азаматтар мен заңды тұлғалардың бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіруден көрініс табады. Соттың атқарушылық іс жүргізу сапасына әсері жоғары болғанымен, сапалы және уақтылы орындау сот орындаушысының жұмысына тікелей байланысты. Сонымен қатар, В.В. Ярков атап өткендей, "мәжбүрлеп орындаудың тиімді жүйесі сот билігінің беделін арттыру үшін ғана маңызды емес. Оның қызметінің негізгі нәтижесі экономикалық болып табылады, өйткені күшті мәжбүрлеу жүйесі азаматтық айналымға қатысушылардың мінез-құлқына алдын-ала әсер етіп, қоғамдағы экономикалық процестерді реттей алады. Заңды мінез-құлықты тиімдірек етеді" [2, б. 205-206]. Сондықтан сот актілерін уақтылы және тиісті түрде орындаудың маңыздылығы күмән тудырмайды.

Заңнамаға сәйкес сот актілерін орындауға қатысты көптеген мәселелер соттың ресми қызметімен немесе қанағаттануымен анықталады, бұл жағдайда сот орындаушыларының қызметі осы формальдылықтарға байланысты және көптеген қиындықтарға әкеледі.

Теорияда басты мәселе сот шешімдерінің төмен орындалуы болып табылады, оның себебі, бір жағынан, борышкерлер мен кредиторлар тарапынан теріс пайдалану, екінші жағынан, мәжбүрлеп орындауды ұйымдастырудағы объективті және субъективті кемшіліктер болып табылады [3, б. 50]. Бұл ретте, атап өтілгендей, жыл сайынғы өсім сот актілерінің саны сот орындаушыларының жұмысында да көрініс табатыны сөзсіз.

Қолданыстағы заңнаманы талдау, атқарушылық іс жүргізу теориялары мен практикалары Қазақстан Республикасының сот орындаушылары қызметіндегі мынадай негізгі проблемаларды айқындауға мүмкіндік берді: сот орындаушысының өкілеттіктерінің болмауы және олардың көмекшілерінің сот актілерін орындау кезінде; сот орындаушыларының соттардағы қызметіне қатысты бірқатар мәселелерді реттеудегі олқылықтар; борышкердің сот шешімдерін орындамағаны үшін жауапкершілігінің жеткіліксіздігі; судьялар мен сот орындаушыларының атқарушылық іс жүргізудегі өкілеттіктерінің дұрыс бөлінбеуі, сот орындаушысының нақты билігінің болмауы [4].

2010 жылғы 2 сәуірдегі "атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының қолданыстағы Заңының (бұдан әрі – заң мәтіні бойынша) сұрақтар мен проблемалар туғызатын жекелеген ережелерін қарастырайық. Сонымен, сот орындаушысының көптеген құқықтары бар сияқты. Бірақ бұл шындыққа сәйкес келе ме? Біздің ойымызша, сот орындаушыларының кейбір құқықтары міндеттерге көбірек ұқсайды. Мысалы, Заңның 126-бабының 1-тармағының 5-тармағына сәйкес сот орындаушысы атқарушылық қызметті жүзеге асыру барысында, мерзімін ұзарту,

орындау тәсілі мен тәртібін өзгерту туралы немесе борышкерді іздестіру туралы мәселелер туындаған кезде сотқа жүгінуге құқылы [5]. Мысал келтірейік. Борышкерде жеткілікті ақша сомасының болмауы сот орындаушысы үшін әдеттегідей, бірақ борышкердің өндіріп алушы орындау ретінде қабылдауға дайын мүлкі болуы мүмкін. Атқарушылық іс жүргізу барысында атқарушылық құжатты орындау мақсатында сот орындаушысы борышкердің мүлкін өндіріп алушыға соңғысының жазбаша келісімімен бере алады. Бұл әрекет бастаушы сот орындаушысы үшін де қиындық тудырмайды. Алайда, жоғарыда аталған нормаға сәйкес сот орындаушы Өндіріп алушының келісімі болған кезде атқарушылық іс жүргізу әдісін өзгерту мақсатында соттың көмегіне жүгінуге, мысалы, өндіріп алушыға 50 мың теңге өндіріп алудың орнына тоңазытқыш немесе өзге де мүлік беруге міндетті. Бұл мәселені қарау үшін сотқа жүгінуге процесті кешіктіріп, уақытты алуы мүмкін, ал іс жүзінде сот орындаушысы бұл әрекетті бірнеше сағат ішінде орындай алады. Осылайша, сот орындаушысының қосымша уақыты сотқа жүгінуге кетеді, сонымен қатар бұл негізгі қызметке кедергі келтіреді, оның жұмысының сапасы мен толықтығына әсер етеді. Сот орындаушысының қызметін жүзеге асыру кезінде өзге де проблемалар туындауы мүмкін, мысалы, тараптар атқару парағын бір мезгілде орындауға келіспеген жағдайда, олар оны біртіндеп орындауға құқылы. Сонымен, егер борышкердің табысы оған өндіріп алушыға өндіріп алынған соманы бірден төлеуге мүмкіндік бермесе және егер борышкер осы соманы төлеуге келіссе, онда өндіріп алушы Осы әрекетті жүзеге асыру және бақылауда оның үстінде ешқандай қиындықтар жоқ. Сонымен қатар, жоғарыда аталған норма сот орындаушысын мерзімін ұзарту үшін сотқа жүгінуге мәжбүр етеді. ың келісімімен борышкер соманы бөліп төлей алады.

Сондай - ақ, атқарушылық іс жүргізу кезінде туындайтын негізгі проблемалардың бірі - сот орындаушысының талаптарын орындаудан жалтарған адамдарды жауапқа тарту бойынша сот орындаушысының құқықтарының жеткіліксіздігі болып табылады. Мысалы, ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 671-бабына сәйкес хабарламау дәлелсіз себептермен атқарушылық құжат бойынша ұстап қалуды жүргізетін адам бір ай мерзімде сот орындаушысына және алимент алатын адамға төлем төлейтін адамды жұмыстан шығару туралы, сондай-ақ оның жаңа жұмыс орны мен тұрғылықты жері туралы, егер бұл оған белгілі болса, он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады. Бұл ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасының негізгі нормасы сот орындаушысының талаптарын орындамаған лауазымды тұлғалар мен жеке тұлғаларға қатысты. Алайда, мұндай жауапкершілік керісінше, аталған адамдардың сот орындаушысының талаптарын орындамауын арттырады. Сондықтан мұндай шараларды қолданудың мағынасы жоқ.

Сот орындаушысы банктердегі немесе банк қызметінің жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардағы ақшалай қаражатқа және борышкердің басқа да мүлкіне соттың санкциясымен ғана тыйым салады. Яғни, сот шешімін орындау үшін сот орындаушысы өз іс-әрекеттерін орындауға санкция алуы тиіс.

Әрине, мұндай шектеулердің болуы, яғни барлық мәселелерді шешу үшін сотқа үнемі жүгінуге қажеттілігі сот орындаушысының атқарушылық құжатты орындау сапасына оң әсер етпейді.

Осыған байланысты, дәстүрлі қазақ қоғамында кәсіпкерлік болды ма, егер болған жағдайда оның қайнар көздері қайда жатыр деген сұрақтарға жауап берудің реті келеді. Бұл жерде санада нарықтық құндылықтық бағдарға қарсы тұратын қазақтардың (сол сияқты орыстардың, якуттардың және өзбек, армян, грузиндерден өзге ТМД-ң өзге де кейбір халықтарының) кәсіпкерлік қызметке, сауда мен бизнеске, өсімқорлыққа деген генетикалық қабілетсіздігі туралы пікір еске түседі. Нарықтық капиталистік тәжірибенің жоқтығы мен қоғамдық бөліністің басымдылығы (тауар-ақша қатынастарынан гөрі натуралдық шаруашылықтың басымдылығы) алға тартылады. Мұны ұлт пен этнос арақатынасы мәселесімен де байланыстыруға болады. С.Т. Темірбековтің пікірінше, “қазақтардың басым көпшілігі аграрлы халық қатарына жатады, олар рушылдық, трайбалистік қатынастарды жоюға жағдай жасайтын индустриалды қалалық мәдениеттің қазанында қайнаудан өткен жоқ, нарықтық өркениет тәжірибесі жоқтың қасы. Технологиялық менталитет қалыптаспаған. Демек, қазақтардың ұлттық консолидациялану процесі әлі де жалғасуда” [2]. Бұл пікірлердің астарында шындық жатқаны мәлім. Өйткені қазақтардың дәстүрлі рухани және материалдық мәдениеті, әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері, рәміздері, әлеуметтік

ұйымдасуы мен дүниетанымы, жалпы алғанда, қазақ халқының ментальдық ерекшелігі көшпелі өмір тәртібінің негізінде құралады. Бұл жерде қазақтарда отырықшылық басым ба әлде көшпенділік пе, ирандық тек басым ба, әлде тұрандық тек басым ба деген пікірталастың ғылымда бар екендігін ескерген жөн. Дегенмен ерте ортағасырларда ислам әлемімен тығыз қатынаста болған түркі өркениеті тұсында отырықшылық пен қала мәдениеті басым болғанымен, кейінгі моңғол дәуірі мен Қазақ хандығы кезінде көшпенділіктің шаруашылық өмірдегі үстемдігін ешкім жоққа шығара алмайды. Археологиялық-антропологиялық деректер де қазақ даласының үш мың жыл бойына евразиялық номадизмнің эпицентрі болып келгенін және сондай-ақ дәстүрлі қазақ қоғамында ұрпақтар арасында сақталып келген тарихи-мирастық сабақтастық (диахронды-вертикалды) осы өмір сүру үрдісінің (көшпенділіктің) автохтондығы мен гомогендігін растайды.

Сонымен бірге, өмірде томаға-тұйық, оқшау, “таза” көшпенділіктің кездеспейтіні де белгілі. Көшпелі шаруашылық-мәдени тип қазақтарда XX ғасырға дейін жетекші шаруашылық тәсілі болып келгенімен, белгілі мәдениет зерттеушісі Т.Х. Ғабитовтың пікірінше, “дәстүрлі мәдениеттің архетипінде келесі - оазистік-дихандық тип көшпенділікпен қатар синхронды түрде дамыды” [3].

Көшпенділік қазақ халқының дүниетанымынан, оның менталитетінен берік орын алған және ол отырықшы халықтың дүниетанымымен сай келе бермейді. Көшпелі өмір сүру тәртібі отырықшыларға қарағанда мүлде өзгеше түсініктер мен құндылықтарды, өзге салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды қалыптастырады. Көшпелі ментальдықта бәрі ағады, бәрі өзгереді... Уақыт пен Кеңістік көшпенділер үшін мүлде басқа мәнге ие. Отырықшы адам болмысының фундаментальды өлшемі түрінде көрінетін тарихтың көшпенді үшін мағынасы жоқ, оның орнын мифтер мен аңыздар алмастырады [4]. Көшпенді қазақтардың бойындағы этноцентризм олардың көрші отырықшы халықтар мен әлеуметтік топтарға (көшке ере алмай жұртта қалып қойғандар - жатақтарға) менсінбей қарауынан көрінеді және сонысымен өз мәдениетіндегі көшпенділік архетиптің басымдылығы тағы да дәлелденеді. Халық бойындағы мұндай көңіл-күйді ұлы Абай аңғарып, өзінің “Қара сөздерінде” мысал келтіріп жазады. “Мен бала күнімде естуші едім, біздің қазақ сартты көрсе күлуші еді: еңенді ұрайын кең қолтық, шүлдіреген тәжік, арқадан үй төбесіне саламын деп қамыс артқан, бұтадан қорыққан, көз-көргенде “әке-үке” десіп, шығып кетсе, қызын боқтасқан “сарт-сұрт деген осы деп”. Ноғайды көрсе, оны да боқтап күлуші еді: “түйеден қорыққан ноғай, атқа мінсе шаршап, жаяу жүрсе демін алады, ноғай дегенше ноқай десенізіші, түкке ыңғайы келмейтұғын солдат ноғай, қашқын ноғай, “бақәлшік” (ұсақ саудагер, бакалейщик А.Ә.) ноғай деп”. Орысқа да күлуші еді: “ауылды көрсе шапқан, жаман сасыр бас орыс. Орыс ойына келгенін қылады деген... не айтса соған нанады, “ұзын құлақты тауып бер депті”- деп” [5].

Көпшілік менталитетте шаруашылық тәсілін алмастыруға теріс баға берілген. Мысалы, “жатақ” деп өмірде табысқа жете алмаған аутсайдерді айтқан. Көпшілік мәдени типтің күйзелісі қоғамда пауперлену тудырып, бұрынғы “ынтымақтастыққа негізделген адамдық тәртіпті” (Ф. Хайек) шайқалған. Табиғи биоценоздың тұтастығының бұзылуы адамның қауымдасуға да теріс әсерін тигізеді. “Шаруа көшсе байыды” деген сөз де отырықшылықтан гөрі көшпенділіктің басымдылығын алға тартады.

Біз үлгі ретінде алып отырған шаруашылық-мәдени тип Алтайдан Карпатқа дейін созылып жатқан Ұлы дала деп аталатын кеңістікке қатысты. Оның негізгі территориясы Орталық Азия болып саналады. Адамзат баласының тарихындағы ең ұзақ жасаған (үш мың жыл) әлеуметтік-экономикалық формацияның, “атты көшпелі өркениеттің” (М. Әуезов, С. Ақатай) немесе “далалық өркениеттің” (А. Қасымжанов) өн бойында осы территорияны мекендеген көшпелі этностардың үздік жетістіктерін бойына сіңіре отырып, өзіндік көшпелі шаруашылық-мәдени дәстүрін сақтап қалған бірден-бір халықтардың бірі - қазақтар. Сондықтан да олардың дәстүрлі этномәдениетінің архетипі - көшпенділік. Еуроорталықтық әдебиетте көшпенділерді мәдениеттен жұрдай “варварларға” теңеп, егіншілік пен бау-

бақшаны жалмап жеп қоятын шегірткелермен салыстырса, ал кейбір авторлар олардың адамзаттық тарихтағы алатын орнын ерекше бағалайды. Мысалы, көшпенділер - кеңістіктегі “мәдени катализаторлар” (А. Вебер), “тарихтың ыдырау қамшысы” (В.О. Ключевский), “Тарихи қажеттіліктің арбақештері” (А. Сейдімбек), “тарихтың өн бойында қозғалатын ферменттер, тарихи қозғалыс пен дамудың органдары мен құралдары” (Г.Д. Гачев).

Қазақ қоғамы туралы еуроорталықтық түсініктің, бұл қоғамды ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бастап ғылыми зерттеле бастаған соң ғана сына бастағанын айта кеткен жөн. Сол замандағы зерттеушілердің ішіндегі ірі тұлғалардың бірі, ұзақ уақыт бойы Орталық Азияда өмір сүріп, еңбек еткен неміс түркологы В.Радлов алғашқылардың бірі болып қазақы көшпелі қоғамның жетілмегендігі, тағы және арамтамақтығы жөніндегі жаңсақ, көшірме, еліктеме түсініктерге қарсы шықты. Радлов бұл туралы: “Біз бұл жерде отырықшы халықтардың мәдениетіне пара-пар қарсы тұрған өркениеттің сатысымен істес болып отырмыз... Қазақ қоғамында үстемдік етіп отырған анархия емес, тек өзін ғана тән, біздікінен өзгеше және барынша реттелген мәдени қатынастар” деп жазды.

Бұл жерде көшпелі қазақ қоғамын тұйық, оқшау, жабық жүйе ретінде қарастырудан аулақ болу керек. Қазақстан мәдениеті әлемдік өркениет пен жалпыадамзаттық мәдениеттің құрамдас бөлігі ретінде өзіндік табиғи-ландшафттық жағдайда - ерте кезден Батыс пен Шығыс мәдениеттерін байланыстырып келген Еуразияның орталық территориясындағы өлы дала ареалында қалыптасты. Орталық Азияның халықтары мен ертедегі тайпаларының палеолит, қола дәуірлерінен бастап мәдени дәстүрлері ғаламдық жалпыадамзаттық заңдылықтардың динамикасы ағымындағы социомәдени процестерді бастаң кешіріп, номадизмге тән көшпелі мал шаруашылығының ықпалымен қалыптасты. Кейінірек толық құралып біткен жергілікті, төл (автохтонды) дәстүрлер әртүрлі шекаралас, жапсарлас жатқан халықтар мен елдердің мәдени ықпалын бойына сіңіре отырып, қазіргі мәдениеттанымдық, теориялық тұрғыдағы зерттеулерді талап ететіндей күрделі және біртұтас феномен - дәстүрлі этномәдениетті дүниеге әкелді.

Осы тұрғыдан алғанда дәстүрлі қоғамда кәсіпкерліктің көріністері мүлде болған жоқ деген оймен келісуге болмайды. Мысалы, қазақтардың ертеден бір-бірімен “мал-жан аман ба?” деп амандасатындығы белгілі. Бұл жерде “мал” сөзі тек төрт түліктің жалпы атауы ғана емес, онан да кең ұғымды білдіретінін ескеру керек. Бұл терминнің мән-мағынасын халықты байлық пен дәулетті молайтуға шақырған ұлы Абайдың мыңа бір өлең шумағынан пайымдауға болады:

Жалға жүр, жат жерге кет, мал тауып кел,

Малың болса, сыйламай тұра алмас ел.

Сондай - ақ, ұлы ақынның, “есектің артын жу да, мал тап” деген императивінен кәсіпкерлікті насихаттаудың иісі аңқып тұр. Абай еркін сауданы адамдардың барлық қанағаттарын өтейтін, қажеттілігіне керекті тауарлармен қамтамасыз ететін айрықша фактор ретінде таниды. Еркін саудасыз нарық жоқ, яғни ілгері даму бәсең, рухани сана басқа елдің мәдениетімен кәсіптік жаңалықтарынан неғұрлым арта қалатынығын айтады. Абай өзінің «Базарға қарап тұрсам, әркім барар» деген өлеңінде аталмыш ойларын былайша қорытады:

Базарға қарап тұрсам, әркім барар,

Іздегені не болса сол табылар.

Біреу астық алады, біреу маржан,

Әркімге бірдей нәрсе бермес базар.

Әркімнің өзі іздеген нәрсесі бар,

Сомалап ақшасына соны алар.

Біреу ұқпас бұл сөзді, біреу ұғар,

Бағасын пайым қылмай аң-таң қалар.

Көпшілік “капитал” деген сөзді қазақ тіліне аударма алмай әлек болып жүр. Қазақтың дәстүрлі мәдениетіне ислам өркениетінің ықпалын ескере отырып, араб тілінен біздің лексиконға еніп кеткен “мал” терминін “капиталдың” эквиваленті ретінде қолдануға болады.

Араб тілінен “мал”сөзі “меншік”, “капитал”деп аударылады. Меншік, мүлік ретіндегі “мал” (көпше түрде-амвал) отырықшы арабтарда “ақшаны”, “игілікті” білдірсе, ал бедуиндерде “түйе”, “мал” (түлік, жануар) дегенді білдіреді. Ортағасырлық авторлардың түсіндіруінше мал төрт категорияға бөлінеді: “мылқау” (аса бағалы материалдар мен ақша), “сөйлейтін” (құлдар мен түліктер), тауарлар және жылжымайтын мүлік. Өзінің тар мағынасында мал - қаржы, ақшалай құралдар. Қаржы мен салықтар туралы трактаттар – Китаб ал-амвал деп аталады. Мұсылмандардың бүкіл қауымына тиесілі құралдар байт ал-мал немесе мал ал-муслимин деп айтылады. Кей жағдайларда мал салықты натуралды түрде емес, ақшалай түрде төлеуді білдіреді. Мал термині өзінің әртүрлі мағыналарында барлық мұсылман халықтарының тілдеріне енді.

Пайдамен (галла, рибх) салыстарғанда өндіріске немесе саудаға жұмсалған құралдар, сондай-ақ құрамына пайда да кіретін сату бағасымен салыстырғандағы бұйымының өзіндік құны да рас ал-мал деп аталады. Бүгінгі мағынасында рас ал-мал “капитал” ұғымымен бірдей сәйкес келеді [6].

Қазақтардың дәстүрлі шаруашылығының трансформацияға ұшырауы қалыптасып келе жатқан әлемдік үрдістермен байланысты болды. Экстенсивті малшылыққа негізделген көшпелілік шаруашылық мәдени типінің қарқынды дамуы үшін жайылымдық кеңістіктің ұлғаюы қажетті еді. Алайда ХҮ-ХҮІ ғасырлардан бастап Еуропадағы мемлекеттер күшейіп әлемнің өзара жаңа бөлінісін бастады. Индустриалды қоғамға бет бұрған батыстық елдер және олардан үлгі ала бастаған Ресей территориялық экспансия саясатына көшті. Көшпелілер заманның жаңа талабына жауап бере алатын ішкі күштерін таба алмады және оларды алауыздық пен өзара тартыс ауруы әбден мендеп алған еді. Сонда да көшпелі шаруашылық-мәдени тип дүниежүзілік мәдениетте өзіне тиісті құнды орын алады. Номадтардың ғасырлар бойы жинақталған шаруашылық мәдениетін қазіргі кезде де ескеріп, дұрыс қолдану тарихи сабақтастықтың кепілі болып табылады.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Оспанова Д.М. Современные проблемы развития национальной культуры // Материалы республиканской научно-теоретической конференции Отв.ред. С.Т.Темирбеков. - Алматы, 1998.
2. Темирбеков С.Т. Культурологические аспекты национального характера казахов // Культура Казахстана: традиции, реальности, поиски / Ответ. ред. Е.Б. Имамбек. - Алматы: РНЦПК, 1998. - С. 104-110.
3. Ғабитов Т.Х. Қазақ мәдениетінің типологиясы. - Алматы: Қазақ ун-ті, 1998. – 203-204 бб.
4. Нуржанов Б.Г. Культурология. Курс лекций: -Алматы: Ун-т “Қайнар”, 1994. - 128 с.
5. Абай. Қара сөз. Поэмалары. - Алматы: Ел, 1993. - 272 б.
6. Ислам. Энциклопедический словарь. - М., 1991. -158 с.



УДК: 321.011.1

**Сахиев Саулет Ерназарұлы**

саяси ғылымдардың кандидаты, аға оқытушысы,  
Қорқыт Ата атындағы университеті, Қызылорда қ., Қазақстан Республикасы

## **ЖАСТАРДЫҢ САЯСИ САУАТТАНУЫ ТҮРАҚТЫ ДАМУДЫҢ КЕПІЛІ**

Қазақстан Республикасына саяси ғылым, саясаттану ХХ ғасырдың 90-шы жылдарында келді. Кеңестік дәуірде мойындалмай, зерттелмей келген бұл ғылым саласы Отандық ғылымға тосын, тың мәселелерді тудырды, зор мүмкіндіктер берді.

XXI ғасыр жоғары технологиялар ғасыры. Саяси басқару саласында да арнайы саяси технологиялар көптеп қолданылады. Өйткені, кез келген саяси мазмұндағы міндетті шешу бірізділікті, шешім қабылдау жүйесін қалыптастыруды, арнайы саяси технологиялар қолдануды қажет етеді. Дәстүр бойынша, саяси технологиялар деп – нақты субъектінің мақсаттары мен міндеттерін оңтайлы және тиімді жүзеге асыруға бағытталған, бірізділікпен қолданылатын процедуралар, қызмет әдістері мен тәсілдер жиынтығын айтады.

Саяси технологиялардың сан алуан түрлері саяси маркетинг, саяси жарнама, қоғаммен байланыс орнату (паблик рилейшнз), саяси консалтинг салаларында жүзеге асырылады. Саяси технологиялардың кеңінен қолданылуы – азаматтық қоғамның ілгерлеуінің, демократиялық институттардың және саяси сананың даму деңгейінің көрінісі. Өйткені саяси технологиялар тек демократиялық және ашық қоғамға ғана тән. Саяси технологиялардың ішінде сайлау саласында қолданылатын технологиялардың да маңызы ерекше. Сайлау технологиялары – бұқара сайлаушылардың санасында электоралды мінез-құлықты қалыптастыруға бағытталған бірізді іс-әрекеттер. Бұқараның электоралдық мінез-құлқына ықпал ету және оларды нақты үміткерге дауыс беруге итермелеу мақсатында ықпал ету тәсілдерінің жиынтығы. Сайлау технологияларының негізгі ерекшелігі – сайлаушылардың мінез-құлқын реттеуші әлеуметтік-психологиялық тетіктерді қосуға бағытталуы. Сайлау технологиялары кәсіпқойлар қолында күшті қаруға айналады. Сайлау технологияларын сауатты қолдану арқылы сайлауда жеңіске жетіп, саяси билікке ие болуға болады.

Тәуелсіздік алғалы қазақстандық саяси ғылым қалыптасып, орнығып, дамып келеді. Осы салада мамандарға, зерттеуші ғалымдарға, жалпы саяси ғылымға қызығушылық танытатын оқырмандарға саяси ғылымға жаңадан енген терминдерді түсіндіретін, қысқаша сипаттама беретін арнайы сөздіктер керек-ақ.

Осы жылдар ішінде Қазақстандық саяси ғылымда жарық көрген бұндай сөздіктер саусақпен санарлық. Мысалы: Қазақстан Даму Институты шығарған орыс тіліндегі «Политологический энциклопедический словарь» (1998), С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті шығарған «Әлеуметтану және саясаттану бойынша» орысша-қазақша қысқаша түсіндірме сөздік (2006) және Жүйелі зерттеулер институты дайындаған «Саяси түсіндірме сөздік» (2007). Бұл еңбектердің сөз жоқ, отандық саяси ғылымға қосқан үлесі зор.

ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік Басқару Академиясы 2004 жылы «Политические технологии в системе государственного управления Казахстана» атты нормативті-құқықтық актілер мен оқу-әдістемелік материалдар жинағын және «Политические технологии в Республике Казахстан» атты ғылыми мақалалар жинағын жариялаған болатын.

Қоғамдық қызметтің түрлі салаларын басқару, еліміздің саяси және әлеуметтік-мәдени процестеріне қатысуын тану үшін «Саясаттану» пәнінің мәні зор. Оқытудың жаңа технологияларында, әсіресе, интерактивті түрде пәнаралық байланыстың негізінде саясат пен саясаттанудың дамуындағы негізгі кезендерді; саясаттанудың түсініктік-категориялық аппаратын; түрлі салаларда саяси қимылдар жүргізудің механизмдері; Қазақстан Республикасы саяси жүйесінің ерекшеліктерін тануға болады. Аталмыш пән арқылы

саясаттың біртұтас қоғамдық құрылым ретіндегі мәні ашылады, саяси қатынастардағы ішкі және сыртқы байланыстар айқындалады, саяси дамудың негізгі заңдылықтары анықталады, еліміздің саяси дамуындағы негізгі бағыттар, механизмдер мен басымдықтары айшықтала түседі. Жалпы саясаттану ең алдымен философия, сосын тарих ғылымдарымен тығыз байланыста. Сондықтан пәнді игеруде философиялық-тарихи және теориялық бөлімдерінің маңыздылығы жоғары. Ал тәжірибелік бөлігінде саясаттың әлеуметтік-психологиялық аспектілері мен саяси технологияларына ерекше мән беріледі. Бұл әсіресе, түрлі деңгейдегі іскерлік ойын түрлерін жүргізуде өте қолайлы шара болып табылмақ.

Мәселен, «Саясаттану» пәнін оқытуда және студенттердің білімін жетілдірудегі өзіндік жұмыстарды орындауда және пәнаралық байланыстар негізінде алғашқы дерек көздерін пайдалану төмендегідей жетістіктерге әкеледі:

- өткен дәуірлер мен қазіргі заманның танымал ойшылдарының саяси тұжырымдамаларын білу;
- әлемдік және қазақстандық саяси ойлардың дамуындағы негізгі заңдылықтарды игеру;
- Қазақстан, Европалық және Шығыс саяси ойларының ерекшеліктерін айқындау;
- негізгі саяси дүниетаным, әсіресе, қазіргі саяси ойлар мен оның дамуындағы кезеңдердің жалпы сипаттамасын игеру;
- қазіргі саясаттануға енген өткен кезең саяси ойшылдарының идеяларымен танысу;
- саясаттанудың негізгі категориялары және оның өзара байланыстарын игеру;
- қоғамның және саяси процестің саяси жүйе құрылымын ұғыну.

«Саяси технология» пәні мамандыққа сәйкес білімді игеруде және оны тәжірибеде қолдауға үйретуде ерекше рөл атқарады.

Қазіргі күнгі саясат пен саясаттанушылар бұрындары инженерлік пәндерде пайдаланған ұғымдарды қолданады, олар «технологиялар», «механизмдер», «билікті өңдеу технологиясы», «қазіргі күнгі саяси технологиялар», «басқару механизмі», «ақпараттық технологиялар», «лоббистік қызмет технологиясы», «парламентаризм технологиялары», «басшы имиджін құру технологиясы», «сайлау технологиялары» және т.б.

«Саяси технология» термині қазіргі күні философиялық және саясаттық әдебиеттерде, публицистикада кеңінен пайдалануда. Саяси технология – билікті құру технологиясы. Билікке күрес дегеніміз - көптеген саяси технологияларды бір қалыпта ұстау және пайдалану, яғни билеуге және бір қалыпта ұстауға бағытталған саяси, рухани билік, адамдардың білімі мен жүрегіне билік, қоғамдық ойларын жаулап алу.

Саяси технологиялар дегеніміз – билік технологиясын өңдеу, билікке күрес, көптеген саяси технологияларды ұстау әрі пайдалану, рухани билікті, адамдардың білімі мен жүрегін қоғамдық ортақ ойлармен жаулап алу – саяси технологияларды құрайды.

Саяси өмір процесін жоғарлатуға талпынғандар өз білімдерінің деңгейі туралы профессионал саясаткерлер мен қатардағы ғалымдар, студенттер мен сайлаушылар үшін сайлау кампанияларының технологиясын ұғу, әрі маңызды.

Саяси технологиялар тәжірибе жүзіндегі саяси қызметті теориялық саясаттану біліміне аударады, сонымен қатар саяси заңдылықтардың өлшемін, принциптерін, межесі мен факторларын және тағы да басқа мақсатқа жету жолында пайдаланады, нақты осында саяси орталық технологияландырылған процесс негізі құралады.


#### Әдебиеттер тізімі:

1. Nassimov M.O., Paridinova B.Z. Credit technology of education (on the example of the republic of Kazakhstan) (in Kazakh) // The Fourth International conference on development of pedagogical science in Eurasia. Proceedings of the Conference (May 15, 2015). «East West» Association for Advanced Studies and Higher Education GmbH. Vienna. 2015. – P. 7-9.

2. Панина Г.В. Роль социально-гуманитарных дисциплин в модернизации образования // Известия Волгоградского государственного педагогического университета. Серия история, культурология, философия. – 2012. - №11. – Т. 75. – С. 181.

3. Паридинова, Б. Ж. Әлеуметтік-гуманитарлық білімнің заманауи қоғамдағы орны / Б. Ж. Паридинова. — Текст : непосредственный // Молодой ученый. — 2016. — №19.2 (123.2). — С. 32-34.

4. Лекция 12. Саяси технологиялар//www.arhivinfo.ru



УДК 378

**Щербаков Владимир Александрович,**  
старший преподаватель кафедры биомедэтики, медицинского права и истории медицины,  
ФГБОУ ВО «Казанский государственный медицинский университет»  
Минздрава России, Казань, Россия

### **ГУМАНИТАРНАЯ СОСТАВЛЯЮЩАЯ МЕДИЦИНСКИХ НАУК: НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ РЕАЛИЗАЦИИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ПОЛИТИКИ РФ В РЕСПУБЛИКЕ ТАТАРСТАН**

Слово «образование» многозначно. В Толковом словаре С.И. Ожегова [1] среди прочих есть следующие значения: «получение систематизированных знаний и навыков, обучение, просвещение», а также «совокупность знаний, полученных в результате обучения». Широкое значение слова «образование» предполагает формирование кругозора и навыков человека, соответствующих конкретному историческому времени, в котором живёт человек.

На протяжении длительного периода развития общества формируется потребность в системном подходе к образовательному процессу. В 20 веке образование стало неотъемлемой частью социальной политики любого государства, что нашло отражение как в международных документах, включая Всеобщую декларацию прав человека (1948) [2], Лиссабонскую декларацию [3], так и в национальном праве. В соответствии со статьей 2, пункта 1 Федерального закона «Об образовании в Российской Федерации», образование – это единый целенаправленный процесс воспитания и обучения, являющийся общественно значимым благом и осуществляемый в интересах человека, семьи, общества и государства, а также совокупность приобретаемых знаний, умений, навыков, ценностных установок, опыта деятельности и компетенции определенных объема и сложности в целях интеллектуального, духовно-нравственного, творческого, физического и (или) профессионального развития человека, удовлетворения его образовательных потребностей и интересов [4]. Данное содержание понятия «образование» включает в себя гуманитарную направленность образовательного процесса в Российской Федерации (далее – РФ).

В соответствии с пунктом е) ст. 72 Конституции РФ [5] в совместном ведении РФ и субъектов РФ находятся общие вопросы образования. Данная норма основного закона государства подчёркивает необходимость регионального компонента в образовательной политике РФ. Безусловно, общие принципы образовательной системы устанавливаются в ст. 43 Конституции РФ. Изменения, внесённые в Конституцию РФ в 2020 г., закрепляют нормы, формирующие гуманитарные ценности современного российского общества. Например, в части 4 статьи 67.1 определяется, что государство создаёт условия, способствующие всестороннему духовному, нравственному, интеллектуальному и физическому развитию детей, воспитанию в них патриотизма, гражданственности и уважения к старшим.

В июле 2020 г. Президент РФ в Указе от 21.07.2020 №474 «О национальных целях развития Российской Федерации на период до 2030 года» [6] определил одно из направлений развития – создание условий для воспитания гармонично развитой и социально ответственной личности на основе духовно-нравственных ценностей народов Российской Федерации, исторических и национально-культурных традиций. Указ Президента РФ от



09.11.2022 г. №809 «Об утверждении Основ государственной политики по сохранению и укреплению традиционных российских духовно-нравственных ценностей» [7] определил традиционные ценности как нравственные ориентиры, формирующие мировоззрение граждан России, передаваемые от поколения к поколению, лежащие в основе общероссийской гражданской идентичности и единого культурного пространства страны, укрепляющие гражданское единство, нашедшие своё уникальное, самобытное проявление в духовном, историческом и культурном развитии многонационального народа России. К ним относятся жизнь, достоинство, права и свободы человека, патриотизм, гражданственность, служение Отечеству и ответственность за его судьбу, высокие нравственные идеалы, крепкая семья, созидательный труд, приоритет духовного над материальным, гуманизм, милосердие, справедливость, коллективизм, взаимопомощь и взаимоуважение, историческая память и преемственность поколений, единство народов России.

Эти шаги государства являются важными в условиях научно-технологического этапа развития общества, которое, благодаря информационно-коммуникационным технологиям, осваивает виртуальную реальность. В новой среде обитания современного человека мощные компьютеры, поисковые системы, алгоритмизация, роботизация позволяют сделать рывок вперёд в научных исследованиях. Так, революционным этапом в развитии биотехнологий стала расшифровка генома [8], что дало возможность медицинским наукам создавать принципиально иные, нежели раньше, методы лечения и оздоровления – например, благодаря детальному знанию человеческого генома началось активное внедрение в практику генетических тестов, которые могут показать предрасположенность к различным заболеваниям (рак молочной железы, нарушения свёртываемости крови, кистозный фиброз, болезнь Альцгеймера и др.).

Вместе с тем технологизация лечебного процесса должна сохранять гуманитарную доминанту как ключевое направление внедрения новейших достижений медицинской науки в повседневную жизнь. С этой целью в медицинских вузах РФ введён курс преподавания биоэтики.

В 1970 г. известный американский ученый-биохимик и президент Американской ассоциации раковых заболеваний, профессор В.Р. Поттер (1911 – 2001) опубликовал статью «Биоэтика, наука выживания», а годом позже выпустил книгу «Биоэтика: мост в будущее». В этих изданиях он представил биоэтику не как абстрактное понятие, а как мост между настоящим и будущим, природой и культурой, наукой и ценностями, и между человечеством и природой. В 1990 г. в Страсбурге (Франция) состоялся симпозиум по биоэтике, который определил биоэтику как «комплексную междисциплинарную область знаний, изучающую моральные, юридические и социальные проблемы, возникающие по мере развития биологии и медицины».

По прошествии многих лет, такая дисциплина как «биоэтика» заняла своё место в системе гуманитарной подготовки врача во всем мире. Не стала исключением и Россия. В Казанском государственном медицинском университете (далее – КГМУ) курс биомедицинской этики с 1995 года был включен в учебные планы всех факультетов, а также в программы последипломного образования интернов, ординаторов, аспирантов и магистрантов.

Курс дисциплины «Биоэтика» опирается на принципы «Всеобщей декларации о биоэтике и правах человека» ЮНЕСКО, которые рассматриваются в контексте следующих проблем медицинской науки и образования: экспериментальная научная деятельность (цели медико-биологических исследований на людях, международные документы, регламентирующие проведение медико-биологических исследований, требования, предъявляемые к экспериментам с участием людей, права испытуемых, особенности экспериментов на отдельных категориях граждан); этические проблемы современных медицинских технологий (например, казусы трансплантологии); этические проблемы

разработки алгоритмов лечения больных социально-значимыми инфекционными заболеваниями (СПИД, ВИЧ-инфекция) в условиях экстремальных ситуаций (COVID-19).

В целях реализации указов Президента РФ [6,7], КГМУ принял Программу развития университета на 2021-2030 годы в рамках реализации программы стратегического академического лидерства «Приоритет-2030». В ней указано, что признание ценностной медицины – одна из целей образовательной деятельности. В документе отмечается, что в Университете сложилась система гуманитарного образования, направленная на формирование общечеловеческих ценностей, умения контекстуализировать биомедицинские ситуации и проблемы с учетом исторических, социально-экономических, культурно-антропологических перспектив, навыков этического и правового регулирования взаимоотношений между объектами и субъектами профессиональной деятельности, рационального обоснования этически выверенных решений. Все образовательные программы гармонизированы с рекомендациями ЮНЕСКО [9].

КГМУ как одна из ведущих научных и образовательных организаций в РФ активно реализует образовательные программы для иностранных студентов. В настоящее время в КГМУ обучаются представители более чем 52 стран мира, включая страны Юго-Восточной Азии (Малайзия, Индонезия, Вьетнам и др.), Восточной Азии (Китай), Южной Азии (Индия, Шри-Ланка и др.), Центральной Азии (Узбекистан, Таджикистан и др.), различных стран Африки (Египет, Нигерия, Конго, Камерун и др.), стран Северной и Южной Америки (Канада, США, Колумбия и др.), стран Океании (Австралия, Новая Зеландия и др.). Среди них можно выделить студентов, обучающихся на языке-посреднике (английском). Культурно-исторические особенности формирования мировоззрения народов Юго-Восточной Азии, Африки, Океании имеют свою специфику, но объединяют их общечеловеческие ценности, важные для становления научного мышления каждого врача – милосердие, отзывчивость, уважение, чувство долга.

Дисциплины, которым обучаются данные студенты, также предполагают освоение принципов биоэтики и деонтологии.

Важной составляющей современной медицинской науки является этическая экспертиза научных исследований. В 1993 г. «Основы законодательства РФ об охране здоровья граждан» заложили основу этико-правового сопровождения медико-биологических исследований, тем самым предусмотрев возможность создания многоуровневой структуры этических комитетов в стране, а уже в 1998 г. РФ присоединилась к программе ВОЗ по международному контролю лекарственных средств. В середине 1990-х годов в РФ начинают создаваться первые локальные этические комитеты (далее – ЛЭК) на уровне лечебных учреждений, а в 1998 г. такой комитет создается при Федеральном органе контроля качества лекарственных средств на базе Министерства здравоохранения РФ [10]. Цель деятельности ЛЭК – провести нравственно-этическую экспертизу предстоящего научного медико-биологического исследования, а также консультирование и принятие решений по вопросам этики биомедицинских исследований, предусматривающих участие людей и/или животных [11].

РФ – светское государство. Гуманитарная составляющая образовательного процесса и научных исследований в области медицины опирается на теоретические положения концепции светского мировоззрения, при этом гуманитарно-религиозное образование приобрело новую значимость в 90-е гг. 20 века. В 20-е гг. 21 века Русская Православная Церковь (далее – РПЦ) как один из институтов гражданского общества стала играть важную роль в формировании четких гуманитарных ценностей, регулирующих адаптацию достижений медицинской науки в жизни общества.

Так, решением Священного Синода от 13 апреля 2021 г. была образована Синодальная комиссия по биоэтике – коллегиальный консультативно-аналитический орган при Патриархе Московском и всея Руси и Священном Синоде. Перед комиссией поставлены следующие цели и задачи: предоставление необходимых консультаций по запросам Священного Синода

и других органов РПЦ по вопросам биомедицинской этики; рассмотрение и анализ актуальных проблем биоэтики, выявление различных позиций по проблемам использования современных биомедицинских технологий; выработка практических рекомендаций в отношении этической допустимости использования современных биомедицинских технологий [12]. В состав Синодальной комиссии входят не только священнослужители, но также и учёные, в том числе представители различных областей современной медицинской науки [13], что позволяет создать образовательное пространство, в основе которого находится единая система гуманитарных ценностей.


Таким образом, образовательная политика российского государства на современном этапе в условиях информационно-коммуникационной революции направлена на формирование личности учёного-медика, обладающего не только передовыми медицинскими знаниями, но и духовно и нравственно ответственного перед обществом за свои научные открытия.

#### Список литературы:

1. Толковый словарь русского языка / С.И. Ожегов, Н.Ю. Шведова. – [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://ozhegov.info> (дата просмотра: 05.04.2024)
2. Всеобщая декларация прав человека. – [Электронный ресурс]. – Режим доступа: [https://www.un.org/ru/documents/decl\\_conv/declarations/declhr.shtml](https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/declarations/declhr.shtml) (дата просмотра: 05.04.2024)
3. WMA Declaration of Lisbon on the rights of the patient. – [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://www.wma.net/policies-post/wma-declaration-of-lisbon-on-the-rights-of-the-patient/> (дата обращения: 06.04.2024).
4. Федеральный закон «Об образовании в Российской Федерации» от 29.12.2012 №273-ФЗ. – [Электронный ресурс]. – Режим доступа: [https://www.consultant.ru/document/cons\\_doc\\_LAW\\_140174/](https://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_140174/) (дата просмотра: 04.04.2024)
5. Конституция Российской Федерации. – [Электронный ресурс]. – Режим доступа: [https://www.consultant.ru/document/cons\\_doc\\_LAW\\_28399/](https://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_28399/) (дата просмотра: 04.04.2024)
6. Указ Президента РФ от 21.07.2020 №474 «О национальных целях развития Российской Федерации на период до 2030 года». – [Электронный ресурс]. – Режим доступа: [https://www.consultant.ru/document/cons\\_doc\\_LAW\\_357927/](https://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_357927/) (дата просмотра: 04.04.2024)
7. Указ Президента РФ от 09.11.2022 №809 «Об утверждении Основ государственной политики по сохранению и укреплению традиционных российских духовно-нравственных ценностей». – [Электронный ресурс]. – Режим доступа: [https://www.consultant.ru/document/cons\\_doc\\_LAW\\_430906/](https://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_430906/) (дата просмотра: 05.04.2024)
8. Human Genome Project Information. – [Электронный ресурс]. – Режим доступа: [https://web.archive.org/web/20080315062131/http://www.ornl.gov/sci/techresources/Human\\_Genome/home.shtml](https://web.archive.org/web/20080315062131/http://www.ornl.gov/sci/techresources/Human_Genome/home.shtml) (дата просмотра: 05.04.2024)
9. Программа развития университета на 2021-2030 годы в рамках реализации программы стратегического академического лидерства «Приоритет-2030». – [Электронный ресурс]. – Режим доступа: [https://kazangmu.ru/files/udok/2023/мониторинг/Programma\\_gazv\\_2021-2030.pdf](https://kazangmu.ru/files/udok/2023/мониторинг/Programma_gazv_2021-2030.pdf) (дата просмотра: 05.04.2024)
10. Гурьева М.Э., Нажметдинова Ф.Т. Организация этической экспертизы исследований с участием людей в условиях пандемии COVID-19 (опыт работы локального этического комитета Казанского государственного медицинского университета) // Биоэтика и право. Материалы международной научно-практической конференции. – Ташкент, 2022. – С. 17-20. DOI: 10.244112/2181-1385-2022-17-20
11. Положение о локальном этическом комитете КГМУ при проведении биомедицинских исследований. – [Электронный ресурс]. – Режим доступа: [https://kazangmu.ru/files/ethic/\\_\\_\\_20\\_11\\_\\_\\_2018.pdf](https://kazangmu.ru/files/ethic/___20_11___2018.pdf) (дата обращения: 05.04.2024).

12. Положение о Синодальной Комиссии по биоэтике. – [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://www.tikhvin-eparhia.ru/obshchetserkovnye-dokumenty/3967-polozhenie-o-sinodalnoj-komissii-po-bioetike> (дата обращения: 06.04.2024)

13. Синодальная комиссия по биоэтике. – [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://scbioethics.ru/team> (дата обращения: 06.04.2024).



УДК: 323.2

**Балпанов Н.М.**

PhD, Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы

### **ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЖОЛДАРЫ**

Андатпа: Аталмыш мақалада толеранттылықты қалыптастыру мәселесі жан – жақты көрсетілген. Толеранттылық ұғымының анықтамалары мен оның қолданыс мәніне талдау жасалынады. Толеранттылық мәселесі және оны іске асыру мәселесі анықталған. Толеранттылық ұғымының түрлі саладағы жұмысалу мазмұны анықталады, жұмсалымдық қызметі ажыратылып, ішкі тоғыспалы мағыналық сипаты танылады. Толеранттылық мәселесі туралы Ресей және Қазақстандық ғалымдардың зерттеулері қарастырылған.

Тірек сөздер: толеранттылық, төзімділік, мағына, ұғым, тұрақтылық, мазмұн, ғылыми қолданыс, нәсілдік, этникалық, этностық, діни айырмашылықтар, этнос, мәдениет, мейірімділік, шыдамдылық, сезімталдық, ымыраластық, мәмлөггерлік, бітімгерлік, терроризм, ксенофобия, агрессивті ұлтшылдық, бейбітшілік мәдениеті, құндылық.

Толеранттылық мәселесі және оны іске асыру мәселесі, тек қана соңғы он бес жылда этносаралық қатынастар мәселелелеріне байланысты туындамаған, ол барлық уақыттарда әртүрлі мәдениеттер өкілдерінің бір - бірімен қарым - қатынас жасау арасында болған. Сонымен қатар, өзара төзімділік, үйлесімділік пен ынтымақтастық қағидаттарына негізделген бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету идеялары адамдарды бей - жай қалдырған жоқ, бұл мемлекет шеңберіндегі әлеуметтік-саяси, экономикалық, мәдени, нәсілдік, этностық және діни айырмашылықтары бар жағдайда үйлесімді өмір сүруге және дамуға мүмкіндік береді. Үшінші мыңжылдықта болған революциялардың, соғыстардың зиянды салдарын жете түсіне отырып, ұлтаралық, этносаралық, дінаралық шиеленістерді және басқа да қақтығыстарды бастан өткізе отырып, көптеген саяси көшбасшылар, әлемдік мемлекеттер қоғамдастығы осы жолдың дұрыс екенін мойындап және осы жолды таңдап отыр, атап айтқанда діни топтар мен этностық, әлеуметтік, саяси билік институттар арасындағы толеранттылық, рақымшылық, төзімділік идеалдарын бекіту қоғамның әлеуметтік - экономикалық тұрақты дамуы, бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету қажетті шарттарының бірі болып отыр.

Әлем мәдениетінің концепциясы алғаш рет ЮНЕСКО - ның бастамасымен 1989 ж. шілде айында Ямоссукродағы (Кот Д' Ивуар) "Бейбітшілік адамдар санасында" атты халықаралық конгресте жете зерттелінген. Сол кезден бастап ол бірнеше даму кезеңінен өтті: а) концептуалды - философиялық контекстіндегі даму - 1989 ж. кейін, б) ұлттық бағдарламаларды құрастыру мен нақты іс - қимылды орындау - 1992 ж. кейін). [1]. Бейбітшілік мәдениет шеңберіндегі іс әрекеттер бағдарламасы және «Толеранттылық принциптерінің декларациялары» (1995 ж.) БҰҰ Бас Ассамблеясы негізінде қабылданған рақымшылық пен бейбітшілік мәдениеті жаһандық қозғалыстың эволюциясы.

Бейбітшілік Мәдениеті концепциясының негізгі ұғымдарына мыналар жатады: бейбітшілік, рақымшылық, толеранттылық, адам құқығы, тұрақты даму, демократия, ақпараттармен еркін түрде алмасу, ер адам мен әйел адамның тең құқықтары, ынтымақтастық.

Атап айтатын болсақ, бейбітшілік Мәдениеті бір уақытта үрдіс пен тұжырымдама болып табылады, сонымен қатар көптеген параметрлері бар үлкен жоба да болып табылады, бұл милитаризм мен соғысқа тән позитивті баламаның дамуымен тығыз байланысты. Берілген пайымдаулар «бейбітшілік» - ол тек шиеленістердің болмауы ғана емес, сонымен қатар ол позитивті, динамикалық және жан - жақты кең қатысу үрдісіне негізделген, осы ретте «суық соғыстың» аяқталуымен бейбітшілік мәдениетті бекітуге арналған мүмкіндіктер аясы кеңейді, өзара түсіністік пен ынтымақтастық негізінде қақтығыстар ретке келтіріліп диалогқа шақырылады.

Төзімділік ұғымы: Толеранттылық ол әлемдегі мәдениетіміздің бай алуан - түрлігін дұрыс түсіну, бағалау және қабылдау, және адами даралық көріністерінің жолы. Оған білім, ашықтық, ой еркіндігі мен қарым - қатынасы, ар - ұждан мен діни сенімі ықпал етеді. Толеранттылық - ол алуан түрлі үндестік. Ол тек адамгершілік парыз ғана емес, сонымен қатар саяси және құқықтық қажеттілік. Толеранттылық - бейбітшілік өмірді орнатуға мүмкін беретін ізгілік жолы және соғыс мәдениетін бейбітшілік мәдениетіне алмасуына ықпал етеді.

Толеранттылық – ол көну, жол беру, кешірімділік таныту дегенді білдірмейді. Толеранттылық - ол ең алдымен адамның негізгі еркіндігі мен жан - жақты құқықтарын тануға негізделген белсенді қарым – қатынас. Толеранттылық ешбір жағдайда осы негізгі құндылықтарға қастандық жасай алмайды, толеранттылықты жеке адамдар, топтар мен мемлекеттер көрсетуі қажет.

Толеранттылық – ол құқықтық тәртіп пен демократияның, плюрализмнің (сонымен қатар мәдени плюрализмнің), адам құқықтарын нығайтуға ықпал етеді. Толеранттылық – адам құқығы аумағындағы халықаралық актілерде бекітілген, абсолюттілік ақиқаттан және бекітілетін нормадан, догматизмнен бас тартуды білдіретін ұғым болып табылады.

Адам құқығымен үндес ретіндегі толеранттылықты көрсету ол әлеуметтік әділетсіздікке төзу, өзгенің нанымдарына жол беру немесе өзінің нанымынан бас тарту дегенді білдірмейді. Ол әр адам өзінің нанымын ұстана отырып өзгенің құқығын қабылдауын білдіреді. Бұл адамдар өзінің табиғи жаратылысымен, ерекше орнымен, сырт келбетімен, тілімен және құндылықтарымен өзінің даралығын сақтай отырып, бейбітшілікте өмір сүру құқығына ие бола алады дегенді білдіреді. Сонымен қатар, бір адамның көз қарасы екінші адамға міндеттеуді білдірмейді.

Толеранттылық ұғымы көптеген ғасырлар бойы қалыптасып келе жатқанын білеміз, бұл үрдіс осы күнге дейін де жалғасын табуда. Жан - жақты мән - мағынасын жинақтай келе, "толеранттылық" термині шынайы болуға ұмтылады, осы ретте төзімсіздік көріністерінің әртүрлілігін жеңуде жаңа құралдарды қолдануды талап етеді. Яғни, "толеранттылық" ұғымының анықтамалары үнемі толықтырылып отырады.

Мәдени дәстүрлердің, әртүрлі көзқарастарды жақтаушылардың (қорғаушылардың) үйлесімді және дау – даумайсыз қатар өмір сүру құралдары мен түрлі әдістерді қолданулары әр уақытта да философтардың, мәдениеттанушылардың, дінтанушылардың, әлеуметтанушылардың, психологтардың, қоғамдық және діни қызметшілердің назарында екені белгілі. Әлеуметтік – мәдени деңгейіне, зерттелу тақырыбының танып білуі деңгейіне байланысты әр қайсысы өзінше өз ойларын тұжырымдап айтады. Осыған орай, егерде бұрында тек «төзімділік», «дінитөзімділік» ұғымы жиі қолданылып жүрсе, ал кейінгі кездерде «толеранттылық» ұғымы кеңінен таралып, өрістеп келеді.

Төзімділік мәселесі теориялары шынайы классикалық теориялар болып табылатын Ағарту дәуірінде өмір сүрген ойшылдардың еңбектерінде зерттелген. Төзімділік XVII – XVIII ғасырлардың Дж. Локк, Ф.М.А. Вольтер, Ж.Ж. Руссо, И. Кант сынды ұлы либералды

ойшылардың азаматтық қоғамның негізгі құндылықтарының бірі ретінде қарастырылған. XIX ғ. Дж.Ст. Милль төзімділік идеясын еркіндіктің басты шарты ретінде қарастырады, М. Вебер дінге еріктілік идеяларын қорғайды. XX ғасырдың 70-ші жылдары «бейтарап либерализмнің» теорияшылы Дж. Роулс төзімділікті әлеуметтік әділдіктің негізі ретінде қарастырады. Барлық атап өтілген еңбектерде төзімділік идеясы ой еркіндігі мен ар – намыс еркіндігі қағидаларының шиеленісуі ретінде қарастырылады, алайда онымен қоса соғыс пен бейбітшілік мәселесі мен де ұштастырыла бастады. А.А. Алиев, М.С. Стецкевич, В.М. Золотухин, В.В. Шалин, Б.Г. Капустин және т.б. діни төзімділік туралы ойлардың қалып тасу мен дамуының талдауына арналған монографиялық еңбектер мен жекелеген мақалалар жазған.

Ресей гуманитарлық ғылым саласында толеранттылық феномен мәселесі 1990 жылдардан бастап қарастырылып, зерттеліп келе жатыр, бұл Ресейдегі радикалдық саяси – әлеуметтік трансформацияларға байланысты болып отыр. Осы ретте, ғылыми әдебиеттердегі толеранттылық категориясына сараптама және талдау жұмысын жүзеге асырып жатқан бірнеше аспектілерді атап кетуге болады: Асмолов А.Г. [2], Гриншпун И.Б. [3], Солдатов Г.У. [4], Круглова Н.В. [5], Вагабова Н.М. [6], Климова М.В. [7].

Круглова Надежда Викторовна [5], өзінің зерттеулерінде қоғамның ішкі жіктелу дәрежесінің артуы мен олардың мәдени статусының толық бағалануы ретінде әлеуметтік мәдени қызметінің жаңа субъектілерінің пайда болуы өзара әрекеттестігі шиелінісінің формаларын маңызды болуына әкеледі, демек ол толеранттылық қатынастар субъектілерінің шоғырын кеңейтеді және әлеуметтік құрылымды оңтайландырады деп көрсеткен.

Еліміздің тәуелсіздік даңғылына беттеген қазіргі кезеңінде діни сананың ықпалымен адам сапасын жақсартуға үлес қосу. Адамның дүниетаным руханияты мен ұлттық құндылықтар тұтастығында баға беріп, біртұтас жүйесін жасау. Бұл мемлекеттің ұлттық идеологиясын көздейтін адамгершілік мұраттарымен өте тығыз сабақтасады. Ең бастысы, көп ұлтты мәдениет тоғысында Қазақ Елінің толеранттық мәдениеттің қайнар көзі бола отырып, өзі де титулдық ұлт ретінде, яғни «Мәңгілік Ел» мүддесімен өркениетті ел қатарында болуын басты нысанада ұстау қажет.

Жалпы алғанда Қазақстан Республикасындағы толеранттық және халқымыздың ұлттық бірегейлігін сақтау мәселесі еліміздің А.Р. Масалимова, А.Н. Нысанбаев, А.Т. Кулсариева, А.Д. Құрманалиева, Н.Ж. Байтенова, З.Н. Исмағамбетова, А.Г. Карабаева, Ш.С. Рыспекова, Т.Х. Габитов, Қ.А. Затов, Қ.С. Бағашаров және т.б. дінтанушы ғалымдардың жеке мақалалары мен ғылыми еңбектерінде кездетіруге болады.

Т.Х. Габитов, Қ.А. Затов [9], «Исламдағы толеранттылық дәстүрі» атты мақаласында толеранттылық мәселесін қарастыра отырып, адам болмысының мәнді категориясы ретіндегі толеранттылық әділеттілік ұғымымен тығыз байланысты, ал әділеттілік болмаған жерде толеранттылық та орнамайды,- деп көрсеткен. Яғни, Т.Х. Габитовтың және Қ.А. Затовтың пайымдауынша: әділеттілік – қоғам мен ғарыштағы үйлесімділіктің сақталуы, үйлесімділіктің бұзылуы әділетсіздікке әкеледі. Әділетсіздік тағатсыздықты туындатады.

Толеранттылық қарым – қатынас белгілі бір дәрежеде сеніммен қамтамсыз етеді, себебі ол мемлекеттегі демократияның бір қалыпты тіршілік етуі үшін қажетті. Түрлі топтар өкілдеріне толеранттылық қарым – қатынастың жетіспеушілігінен қоғамдағы шиеліністер мен әлеуметтік алаңдаушылықтардың пайда болуы мүмкін. Л. Джеймс, М. Реймонд және т.б. американдық әлеуметтанушыларының пікірінше «толеранттылық бұл кез – келген демократиялық мемлекеттің қажетті элементі. Ол болмаса саяси бәсекелестіктің болуы мүмкін емес». Толеранттылық – күрделі және сан қырлы феномен, ол өзіне әлеуметтік өмірдің әртүрлі көзқарастарын қосады: этникалық, мәдениаралық, діни, саяси және әлеуметтік. Кез – келген уақытта, әртүрлі әлеуметтік жағдайда осы көзқарастар қоғам үшін ерекше маңыздылықты иеленуі әбден мүмкін.

Альберт Эйнштейннің сөзін еске алатын болсақ: «Әлемді күшпен ұстауға болмайды. Оған тек түсіністікпен ғана қол жеткізілуі мүмкін» Демек, бейбітшілік пен келісім діни

фанатизм мен радикализмнен, конфессиялық негізде оқшауланудан бас тартатын, оларға үнқатысу мен төзімділікті қарсы қоятын қоғамда ғана болуы мүмкін. Ал, толеранттылық бір мәмілеге, ымыраға келуді, қисынды жұмсақтықты, әрдайым диалогқа дайын болуды білдіреді. Толеранттылық құрмет пен теңбе – теңдікті мойындау, зорлық – зомбылық пен басым болудан бас тарту, сонымен қатар бөтенді өзім деп қабылдау және олармен келісім негізінде өзара әрекет ету. Толеранттылық – өзара түсінісу және сыйласу, ымыраласу жолдарын іздеу, бейбітшілік пен рухани келісім. Толеранттылық – бұл сан алуан тұрғыдағы бостандық. Бұл моральдық парыз ғана емес, сонымен бірге саяси және құқықтық қажеттілік. Толеранттылық – бұл бейбітшілікке қол жетуін мүмкін етіп, соғыс мәдениетін бейбітшілік мәдениетімен алмастыруға жәрдемдесетін жарылқаушы.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Декларация о культуре мира. <http://www.tolerance.ru/vek-tol/5-0-decloraciya.html>.
2. Асмолов А.Г. Толерантность: различные парадигмы анализа // Толерантность в общественном сознании России. – М., 1998. – С.3-14.
3. Гриншпун И.Б. Понятие и содержательные характеристики толерантности. Толерантное сознание и формирование толерантных отношений (теория и практика): Сб. науч. – метод. статей. – М.: Изд. МПСИ; Воронеж, 2002.
4. Солдатов Г.У. Жить в мире с собой и другими: Тренинг толерантности для подростков. – М.: Генезис, 2000. – 112 с.
5. Круглова Н.В. Толерантность как социокультурная норма (западно – европейский опыт) дис. док. филос. наук Санкт-Петербург, 2011 г.
6. Вагабова Н.М. Этническая толерантность в поликультурном обществе. Автореферат. Махачкала. 2007.
7. Климова Мария Викторовна формирование толерантности как интегрального качества личности подростков 13-15 лет Автореферат. Нижний Новгород 2011
9. «Ф.Гүлен шығармашылығындағы діни төзімділік идеясы және дінаралық диалог» Бағашаров Қ.С. диссертациялық жұмысы .
10. Ғабитов Т.Х., Затов Қ.А. "Исламдағы толеранттылық дәстүрі" <http://islam.kz/kk/articles/islam-jane-gylym/islamdagy-toleranttylyq-278/>.



УДК: 908

**Манасова Мира Манасқызы**

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, PhD,  
философия және мәдениет теориясы кафедрасының профессор ассистенті

## ҚАЗАҚСТАН АСТАНАСЫНЫҢ ТАРИХИ-МӘДЕНИ ДИНАМИКАСЫ

Астана – ел дамуының негізгі желілерінің қиылысында орналасқан Қазақстанның басқарушылық және инновациялық орталығы. Астана қаласының территориялық дамуының бәсекелестік артықшылығы оның тиімді географиялық орналасуы, ел өңірлері мен көрші мемлекеттерді автокөлік және темір жол желісімен байланыстыратын, қаланың ірі көлік торабы ретіндегі кеңістіктік ұйымның тарихи қалыптасуымен байланысты. Осы қасиеттердің үйлесімі келешекте Астананы шектесетін аумақтарда экономикалық белсенділігін шоғырландыратын көшбасшы-қалаға айналдырып, елдің өзге өңірлері үшін қозғаушы күш болары анық.

Астана тарихын зерттеу қарастыруды талап ететін, көптеген теориялық мәселелер қатарының туындауы негізінде де маңызды ғылыми мәнге ие болып отыр: халықтардың тарихи тағдырындағы астананың маңыздылығы, астананы мемлекет тарихының өзгерісті кезеңінде ауыстырудың әлемдік тәжірибесі, орналасатын жерін таңдау және елдің әлеуметтік-экономикалық, мәдени-өркениеттік, рухани дамуындағы астананың мәні. Қала тарихына деген қызығушылық мемлекеттің әлеуметтік-саяси және экономикалық өміріндегі өзгерістермен байланысты қазіргі кездегі үдеріс негізінде туындауда. Қазақстан астанасын Алматыдан Астанаға ауыстырудың теориялық және тәжірибелік маңыздылығы артып келеді. Қазақстанның тәжірибесін әлем мойындады, ол тарихшылармен, саясаттанушылармен, әлеуметтанушылармен, философтармен зерттеліп жатыр. Ауыстыру заңдылығы, Н.Ә. Назарбаевтың астананың орнын ауыстыру туралы жобасының жүзеге асу жетістігі XIX ғ. II жартысында Ұлы Дала Елінің әкімшілік орталығы рөліне үміткер болған қаланың даму тарихи кезеңін қайта еске түсірген кезде ғана түсінікті болуы мүмкін.

Қазақстандық қалалар туралы тарихи әдебиетте қала басқармасының дамуы, архитектуралық ортасы және тарихи өткенді шолудағы қаланы көркейту жөніндегі сұрақтар қарастырылмайды. Бұл дәстүрлі түрде әлеуметтік-экономикалық жоспардағы мәселелермен салыстырғанда екінші дәрежелі болып саналатын қала тақырыбы мәселесіне жеткілікті көңіл бөлмеушілікпен түсіндіріледі.

Қалалар тарихы А. Тойнбидің әдіснамалық түсіндіруінде шеңберлі-қайталанбалы: қала өрлеп келе жатқан даму фазасынан кейін сыртқы орта әсері салдарынан инерциалды өмір сүруге өтеді немесе жаңа «талап қою» әсерінен дамудың жаңа кезеңін бастайды. Қоғамдық маңызды міндетінен айырылған қала ілгерілемелі дамуын тоқтатады, себебі әлеумет құрушылық ядро бұзылады. Жүйе ретіндегі қаланың тұрақтылығы және оның даму қабілеті қаланың қоғамдық маңызды міндеттерді жүзеге асыруы неғұрлым көп болса, соғұрлым жоғары болады.

Л.Н. Гумилев қаланы өркениеттік дамудың келешегін талдау аясында қарастырады [1]. Оның қаласы табиғатқа антропогенді әсер етудің жекелеген және неғұрлым оны жоятын жағдайы. Л.Н. Гумилевтің ойынша, қалалар трагедиясы тек қана олардың табиғи биоценоз потенциалдарын азайтып, қоршаған ландшафты пайдалануымен байланысты емес, сондай-ақ олар табиғи емес көші-қон туындатады. Соңғысы этносаралық байланыстарға әкеледі, оны автор «антижүйе» түсінігімен сипаттайды. Антижүйе Гумилев бойынша этногенез үдерісін құртушы фактор болып табылады. Міне, дәл осы себепті ол қалалардың этногенез үдерісіне жағымсыз әсерін көрсетеді.

Қазақстан астанасын Астанаға көшіру қала тарихының жаңа беттерін ашты, үшінші мыңжылдық қарсаңында тәуелсіз Қазақстанның қайта жаңғыруы мен жаңаруының рәмізі болды. Н.Ә. Назарбаев өзінің «Еуразия жүрегінде» атты кітабында былай деп жазды: «Астананың туындысы – бұл ұлттық тарихтың жаңа мәтінінің туындысы» [2]. Бұдан шығатын қорытынды, қала тарихын зерттеудің тек ғылыми емес, сонымен қатар, қоғамдық-саяси маңыздылығы да артып отыр.

Қала мәдениеті тарихын зерттеу мәселесі Қазақстанның динамикалық дамып келе жатқан астанасы үшін ерекше өзекті. Қарқынды өндіріс, тұрғын үй құрылысы, тұрғындар миграциясы қала өміріне бүгінгі күні алдын-ала болжау өте қиын әсерлері бар көптеген нәтижелерге алып келуі мүмкін. Қала құрылысы қазіргі уақыттың өзінде біздегі тарихи мұраның мөлдір мәдени қабатының өзін жойып жіберу қаупі бар. Астана қарқынды өсу кезеңін бастан өткізуде, оның қарыштап дамуы үшін білімнің әр саласының ғалымдары мен тәжірибешілерінің ортақ жұмысының нәтижесі болып табылатын, кешенді бағдарлама құру қажет. Бұндай бағдарламаларда негізгі түйін болып қаланың тарихи қалыптасқан мәдени-шаруашылық бейнесін бекіту қажет болуы мүмкін.

Посткеңестік тарихи ғылымда қала тарихын зерттеу Ж.К. Қасымбаев и Н.Ж. Ағубаев еңбектерінде көрініс тапты [3]. Олардың жұмыстары әлеуметтік-экономикалық мәселелерді зерттеу тереңдігімен, қайнаркөз базасының көптігімен, XIX ғ.ш. аймақтық Ақмоланың



қоғамдық-саяси өмірі мен қалалық өзін-өзі басқарудың даму мәселесінің талдауларымен ерекшеленеді. Негізі қаланғаннан кейінгі он жылдықты Ақмоланың аяққа тұруы Н.Ж. Агубаев зерттеулерінде көрсетілген. XIX ғ. 50-60 жж. тұрғылықты жердің дамуына сараптама жасай отырып, автор бекіністің шаруашылық мекенге біртіндеп өсуінің алғышарттары мен факторларын ашып көрсетті, Ақмоланың қазақ даласының сауда орталығы ретіндегі маңыздылығын айқындады.

Ақмола өңірі туралы алғашқы жазба деректі 1253-1255 жылдары француз королі ІХ Людовиктің тапсырысымен осы өлкеде болған, фламанд саяхатшысы Рубрух Виллем қалдырған [4, 9].

XIX ғ. 30-шы жылдарының басында Есіл өзенінің оң жағалауында, Қараөткел шатқалында Ақмола әскери бекінісі құрылды. Бұл жерге, әдетте, Шығыстан Батысқа және кері бағытта жүріп бара жатқан керуен көштері аялдама жасайтын. Құрылған бекініс маңынан қоныс пайда болып, ол 1862 жылы аймақтық қала мәртебесін алды. Ақмола бұл кезде Ресейдің Қазақстандағы саяси экономикалық позициясын нығайту мақсатында маңызды рөлге ие болды. Тіпті, сол кезеңдерде Омбыдағы Батыс-Сібір генерал-губернаторының резиденциясы мен шекара бекінісін осы жерге көшіру туралы сұрақ та туындаған. Жүз жыл өткеннен кейін, кеңестік уақыт кезеңінде, Ақмола қоғамның назарына қайта ілініп, қала дамуы жөніндегі арнайы билік шешімінің қабылдануымен байланысты Целиноград болып өзгертілді. Ақмола аймақтық бұйрығының қалыптасуы тек әкімшілік-саяси мақсатта емес, сауда жүйесі бойынша да тиімді болды. Бастапқы кезеңдерде шамамен 10 мың сомды құраған Ақмоланың жылдық сауда айналымы он бес жылдың ішінде жоғарыға көтеріліп, 1865 жылы жарты миллион сомға жеткен [5, 41]. 1961 жылы тың және тыңайған жерлерді игерумен байланысты Ақмола Целиноград болып өзгертілді. Әйгілі қазақстандық өлкетанушы А.Ф. Дубицкий былай деп санайды: «Целиноград топонимы стилистикалық таңбаланған және оның жоғары стилге жататындығы тек қана оның ел өмірінің маңызды тарихи кезеңін бейнелеп қоятындығында емес, өзінің - град түбір морфемасы бар, сөз жасау құрылымында, бұл оның ескі славяндық негізін көрсетіп, Целиноград топонимінің стилистикалық таңбасы болып табылады» [5, 91].

1868 жылы Ақмола уезд орталығы болды (қала болып алты жылдан кейін, 1874 жылдың 25 мамырында). 1869 жылдың соңына таман онда 5 172 адам тұрған. XV ғасырда, өзінің басты бақталасы Мұстафа төренің қазіргі Атбасар маңындағы әскерін талқандап, Әбілқайыр хан орталықтандырылған феодалды мемлекетінің негізін құрды. Оның мұрагерлері – қазақ хандары ақмолалық жерге ерекше құрметпен қарады. XIX ғасырда қазақтың соңғы ханы Кенесары Қасымұлының жетекшілігімен әлемдік тарихтағы ірі антиколониалық төңкерістің бірімен байланысты негізгі оқиғалардың осы жерде орын алуы кездейсоқ жағдай емес [6].

Қазақстан тарихында Ақмола әрдайым ерекше орында болды. Адамдар Есіл мен Нұра жағалауларын сонау тас ғасырда игере бастаған, ал ортағасырларда ақмолалық жазықтықта әйгілі әрі айбатты дала билеушілерінің ордасының туы желбіреді.

Ақмоланың астаналық мәртебе алуымен байланысты оқиғалар тәуелсіз Қазақстанның жазбаларында жаңа беттер ашты. Астананы Алматыдан Астанаға ауыстырудың бастамашысы болған Н.Ә. Назарбаевтың пікірінше қаланың «республикамыздың саяси, ғылыми, мәдени және іскери өмірінің түйіні болуға бар мүмкіндігі бар» [7].

Ерекше орынды «қала тілінде топонимдер алады, ал олардың ішінде, қала мен оның тұрғындарының тарихы бейнеленген – қала ішкі нысандардың-көшелердің, мөлтек аудандардың атаулары» [8]. Бұл атаулар әрбір қалада бірнеше тарихи қатпарларды байқауға болатын, өзіндік бір жүйе құрады. Астана көшелерінің динамикалық дамуы үш тарихи кезеңді бөліп қарастыруға мүмкіндік береді: революцияға дейінгі, кеңестік және қазіргі. Баршамызға белгілі, «көше атаулары өз мазмұнында урбанизация кезеңдері жайлы, тарихи маңызды жалпы қалалық мәліметтер жөнінде, қаланың қалыптасу жолында және жалпы ел дамуына үлес қосқан адамдар жайлы тарихи мәліметтерді жинақтайды»[9]. Революцияға дейінгі уақытта қала салыстырмалы түрде үлкен болмады, көшелер де жоқтың қасы еді.

Революцияға дейін Мещанская, Гостинодворская, Мало-Базарная сынды көшелердің болғанын көпшілік біле бермейді. Кеңестік өткен шақпен бірге Ленин, Гагарин, Некрасов көшелері де келмекке кетіп, оларға ұлттық тұлғалар Қабанбай батыр, Ақан сері және Шоқан Уәлиханов есімдері берілді.

Ақмоланың алғашқы тұрғындары әскерилер болды, құрылыс та солардың қажеттіліктері бойынша жүргізілді. Облыс орталығы мәртебесін алғаннан кейін Ақмоланың қала құрылысының жаңа кезеңі басталды. Қала территориясы жағынан да көлемі артып, 1864 ж. көлемі 25 шаршы шақырымды құрады. 1880 ж. бірінші архитектуралық жобалау жүргізіліп, қала құрылысы жоспары бекітілді [10]. Қаланы жобалау көшелердің дұрыс орналасуы мен оларды жас көшеттермен абаттандыруды көздеді.

1832 жылы 22 тамызда Ақмола бекінісі салынып бітті, сол күні өңір ресми түрде Ақмола округі болып жарияланды. 1862 жылы 23 қазанда Ақмолаға қала дәрежесі берілді. 1868 жылы Ақмола облысы, оның ішінде Ақмола уезі құрылып, Ақмола қаласы облыс әрі уезд орталығы болады. Кеңес дәуірінде 1939 жылы Ақмола қайтадан облыс орталығы болып белгіленді. 1961 жылы Ақмола қаласы мен облысының атауы Целиноград болып өзгерді.

Қарастырып отырған кезеңде қаланың экономикалық даму тенденциясы Целиноград өңірінің экономикалық және әкімшілік орталығына айналуына септігін тигізді. Целиноград экономикалық базасы ұйымдастырушылық міндетті атқаруға бағытталған қалалар тобына жатқызылды [3, 136-141]. Осындай көп міндетті қалалардың экономикасының негізін материалды өндірістегі айналысушылар үлесінің жоғары пайызы, материалды-техникалық жабдықтау, машина жасау, құрылыс индустриясының басым дамуы құрайды. Қаланың құрылыс индустриясы 11 кәсіпорын пен 62 құрылыс ұйымын құрады [11]. Сонымен қатар, Целиноград сияқты индустриалды типтегі қалаларда өнеркәсіп дамуы мен тұрғындардың артуы (50% жоғары) диспропорцияның туындауына әкелген жоқ, себебі индустрия дамуымен қатар параллельді түрде әлеуметтік инфрақұрылымды қалыптастыру жүргізіліп жатты.

Еліміз Тәуелсіздік алған соң, 1992 жылы Целиноград қаласы мен облысы қайтадан тарихи атауымен Ақмола атанды. 1997 жылы 10 желтоқсанда Ақмола қаласы Қазақстан Республикасының астанасы болып жарияланды. 1998 жылы 6 мамырда Ақмола қаласының атауы Астана болып өзгертілді.

Н.Ә. Назарбаев жұмыстарындағы тұжырымдамалық негізін астананың орналасатын жері туралы идеясынан көруге болады. Оның пікірінше, астананың орналасқан жерінің тиімділігі, қай жағынан жағынан қарағанда да орталық болуы (экономикалық, саяси, мәдени, географиялық), астананың орналасқан жері – мемлекет өміріндегі бас қаланың ерекше рөлімен анықталады. «Мемлекет астанасы – бұл тек қана елдің миы ғана емес, оның орталық нерв жүйесі, ол тек менталитетті анықтап қана қоймай, тұрғындардың барлық қабаттарының, жекелеген азаматтардың жүріс-тұрыс ережелерін анықтайды» [12, 29]. Сондықтан да астананы ауыстыру идеясы бойынша, біздің Астана барлық ел үшін үлгі ретінде ұсынылады.

Жаңа Еуразия көрінісінің жасаушысы болған Н.Ә. Назарбаев, 90-шы жылдардың басында Еуразиялық одақ идеясы ұсынса, 1994 жылы – Қазақстан астанасын оңтүстіктен 1000 км солтүстікке, кейіннен Астана деп аталған Ақмола қаласына ауыстырудың себепкері болды. Астананың дүниеге келуімен Еуразия орталығы дүниежүзілік тарих алаңына шықты, және де бұл жерде алғаш айтылған сөз – Еуразияның барлық халқының рухани бірлігі жөніндегі сөз еді. Осылайша, жаңа Еуразияның туындауына жол ашылды – Еуразия тең құқылы халықтар достастығы ретінде, ал Астана жаңа Еуразияның рәмізіне айналды. Сол себепті, Астана тек қана орталық емес, Еуразияның бастамасы деп айтуға толық негіз бар [3, 7].

Қазақстан түрік әлемінің орталығы болып табылады, егер астана терминін тар саяси, мемлекеттік билік институтының резиденциясы мағынасында емес, мәдени және геосаяси салада озық қала ретіндегі кең мағынада қарастыратын болсақ, Астана – объективті және субъективті факторлар қатары тұрғысынан оның астанасы [12, 63].

Астана – түрік әлемінің географиялық орталығында орналасқан, түрік мемлекеттерінің ішіндегі аумағы бойынша ең үлкен мемлекетінің астанасы, ал Астананың өзі - түрік астаналары бірлестігінің географиялық орталығы.

Қазақстан астанасын Алматыдан Астанаға көшіру мәселесі тәуелсіз Қазақстанның мемлекет болып қалыптасуымен, демократиялық бастамалардағы қоғамның қайта құрылуы, нарықтық экономиканың қалыптасуы мен республиканың әлемдік қауымдастықпен бірлестігімен байланысты, терең объективті себептермен байланысты еді. Тәуелсіздік алумен қатар елде жаңа тарихи шындық қалыптасты, астананы көшіру идеясы жас мемлекеттің дамуының рәмізіне айналды.

Астана болуға үміткер болған қалалардың (Қарағанды, Жезқазған, Ақтөбе) ішінде Ақмола басқаларына қарағанда болашақ астананың барлық талаптарына жауап бере алды. Қаланың материктің географиялық орталығында орналасуы геосаяси мәселелерді тиімді шешуге мүмкіндік беретін еді, ал қаланың елдің өзге өңірлерінен бірдей қашықтықта тұруы басқарушылық міндет пен нарықтық инфрақұрылым дамуы тұрғысынан экономикалық тиімді болды. Орталық орналасу әлеуметтік-саяси мәселелерді тепе-тең шешуге мүмкіндік береді. Қаланың ірі көліктік артерия қиылысында орналасуы, жеткілікті еңбек ресурсының бар болуы, тұрғындар санының оң динамикасы оның экономикасының келешекте өсуіне жол ашты. Құрылысқа тиімді жерлердің бар болуы бұл жерде кез-келген қала құрылысы мен архитектуралық жобаларды жүзеге асыруға мүмкіндік берді. Тарихи фактор да біршама маңызды рөл атқарды – әкімшілік міндеттердің жүзеге асыру тәжірибесі мен бастапқы кезеңдерде республикалық басқару органдары орналасқан, зәулім ғимараттың бар болуы. Экологиялық жағы да есепке алынды – елдің сейсмикалық қауіпсіз аймағында орналасуы. Астананы Ақмолаға көшіру республика экономикасын жақсарту қажеттігінен де туындады, мемлекет экономикасын біртұтас етіп «жинақтауға» қабілетті, елдің жаңа экономикалық орталығын құру қажет еді. Жаңа астана өзінің мәдени және рухани келбетін таза беттен, жаңадан қалыптастырды, алайда, бұл оның мәдени, әлеуметтік және қоғамдық дәстүрдің сақтаушысы ретіндегі рөлін кемітпейді. Керісінше, ол оған бай дәстүрлі мәдениет пен қазақтардың рухани төзімділігі негізінде қалыптасқан қайталанбас келбет беріп, ерекше рухани аураға бөлейді.

Республика астанасын көшіру туралы шешім қабылдаудың тарихи маңыздылығы болды. Алғаш рет жаңа Қазақстан тарихында бұл шешім патша әкімшілігінің отаршы саясаты немесе кеңес үкіметінің «революциялық әрекетімен» емес, қазақ халқының қызығушылығы негізінде, мемлекеттік тәуелсіздікті және Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігін нығайту мақсатында қабылданды. Ол Н.Ә. Назарбаевтың тереңінен ойластырылған, көреген саясатының жемісі және қаланың саяси-әкімшілік тарихындағы жаңа кезеңі болды, оның дамуы үшін мықты күш берді.

«Тарихшылар әлі күнге дейін жер бетінде алғашқы қала қайда, қашан пайда болды деп таласады. Сірә, бұл маңызды емес шығар. Ең бастысы, қалалар адам, халық және өркениет тарихының ең шиеленісті, шаттықты және опықты оқиғалары өткен жерлерде пайда болды және бола береді. Алайда, өткеннің, бүгіннің және болашақтың «түйін» түйген жерлерінде айрықша оқшауланып астаналар тұр. Оларға әр халықтың кеңістік пен уақыт арқылы өзінің даму жолында жасаған ең басты жетістіктерін әйгілеп көрсету абыройы бұйырды. Дәуірдің табы мен мәнері екі-үш айшықты сызбамен бейнелене береді. Эйфель мұнарасы, Вестминстер, Кремль... Бұл астаналық нышандар – әлем картасының ең үздік жобалары. Олар бұл күнде солай жаратылған сияқты қабылданады. Алайда олар белгілі бір адамдардың дарынымен және еңбегімен жасалған. *Астананы құру – ұлттық тарихтың мәтінін жазу.* Мұндай мәртебе әр ұрпақтың маңдайына бұйыра бермеген. Екі мыңжылдықтың тоғысында біз шешім қабылдап, Еуразияның жүрегінде іс жүзінде жаңа астана құрдық...» [13].

Жалпықазақстандық мәдени үлгіні жасақтау үшін бұл ой-толғамдар мейлінше маңызды. Жасақталып жатқан жалпықазақстандық мәдени шындық өз мемлекетіміздің ауқымындағы

мәдени жүйемен шектеліп қалуға тиіс емес. Оның арнаулы сипаты – шын мәніндегі ашықтық пен басқа да мәдени тасқындармен мәміле-кеңеске бет бұру болмақ [14].

Академик Ғарифолла Есім өзінің еңбегінде Астананы кемелденген қоғам символы ретінде айқындады [15]. Кемелді қоғам – толыққанды дамыған қоғам. Осы идея барысында неміс философы Эрих Фроммның «Бақытты қоғам» құру үшін, сол қоғам адамының ойы мен іс-әрекеті үйлесімділікте болуы керек. Сонда ғана «бақытты қоғам» болады дейді. Ал, әл-Фараби шығармашылығындағы қайырымды қаланы тірі жанның өмірін сақтап қалуға көмектесетін ағзалары бар толық жетілген денемен теңестіруі [16], қаланың дамуындағы барлық жүйелердің үйлесімділікте болуының маңыздылығы айтылады.

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің АР13268743 «Қазіргі Қазақстанның ұлттық суретіндегі астана феномені» (2022–2024 жж.) гранты бойынша дайындалды.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Гумилев Л. Этногенез и биосфера Земли. Л.: Изд-во ЛГУ. – 1989. – 496 с.
2. Назарбаев Н.А. В сердце Евразии. – Астана: Атамура, 2005. - 192 с.
3. Касымбаев Ж.К., Агубаев Н.Ж. История Акмола (XIX – начало XX века): исследования, источники, комментарии – Алматы: Жеті жарғы - 1998. – 176 с.;
4. Касымбаев Ж.К. История Акмола (1832-1917гг.). А.: Атамура, 1995.- 211 с.
5. Дубицкий А.Ф. Город на Ишиме. – Алма-Ата: Казахстан, 1986. – 152 с.
6. Болпанова А. Астана и астанинцы // Свободное общество. Республиканский научно-популярный журнал. - Астана, Казахстан. – №1 (1), 2005.
7. Акмола. Энциклопедия. – Алматы, 1995. – 400 с.
8. Боженко С.А., Дмитриева Л.М. Номинация в городском пространстве Барнаула // Язык города: материалы международной научно-практической конференции – Бийск: БПГУ им. В.М. Шукшина, 2007. – 326с.
9. Бижкенова А., Ахметова М. История формирования городской топонимии Астаны // Ономастикалық Хабаршы. – Астана, №3 (5), 2005. – С. 22-32.
10. Госархив города Астаны. – Ф.286. Оп.1. Д.38. 24, – л.50.
11. Государственный архив г. Астаны. – Ф.362. Оп.4. ДД. 31, 34, 44., д.31. – л.5об.
12. Патраков В.П. Астана – начало Евразии. – Алматы: Алаш, 2012. – 112 с.
13. Назарбаев Н.Ә. Еуразия жүрегінде. – Алматы: Жібек жолы, 2011. – 308 б.
14. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан жолы. – Алматы: Жібек жолы, 2012. – 472 б.
15. Есім Ғ. Саяси философия. – Астана: Елорда, 2009. – 376 б.



УДК: 37.032

**Апенев Болат Мейрамұлы,**  
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің аға оқытушысы,  
Қызылорда қ., Қазақстан Республикасы

### **ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ ҚҰҚЫҚТЫҚ ДҮНИЕТАНЫМЫ**

Соңғы уақыттарда ұлттық мәдениетті жаңғырту ғылыми әдебиеттерде өзекті мәселе қатарында көтеріліп келеді. Ұлттық идеяны жаңғырту мәселесіне қалам тартқан қоғамтанушылар, әлеуметтанушылар, мәдениеттанушылардың қатары жыл санап артуда. Қазақ құқығы көшпелі дүниетанымының тереңдігін, кеңдігін өз тұрғысынан бейнелейді. Дала заңы халықтың ұлттық сипатымен, мәдениеті мен тілімен, әдет-ғұрпы мен

дәстүрімен тығыз байланысты. Дала заңы философиялық және этикалық мағыналы сипатта, өйткені ұрпақтан-ұрпаққа берілетін әдет-ғұрып пен дәстүрге негізделген. Ол адамның өмірге деген табиғи құқығымен сәйкестенген. XVIII-XIX ғасырлардағы Германиядағы тарихи мектептің идеологтары Густав Гюго және Карл Савиньи әдет-ғұрып құқығына көптеген зерттеулерін арнаған. Әдет-ғұрып құқығы ұлттық рух өзегінен, ұлттық сана тереңінен нәр алады. Тарихи мектеп өкілдері бойынша құқық – халық рухының жемісі. Тарихи кезеңдегі қазақтардың ұлттық ділі дәстүрлі құқықтық сананы да қамтиды. Дүние де, заман да өзгереді, соған сәйкес қоғамдық құбылыстарға деген көзқарас та өзгереді. Сондықтан, дәстүрлі құқықтық сананы сақтау мәдени мұраның бір бөлігі. Құқық халықпен бірге өседі, халықпен бірге күш алады және ұлт өз жекелігін, өзгешелігін жоғалтқанда жойылады, құқық жалпы халықтық рухта, жалпы ерік жігерде өмір сүреді. Бірақ жеке адам өз ойымен, өз тілегімен еркіндікте. Құқық ұлттың ерекше сипатымен, ұлттық рухымен анықталады. Әрбір халықтың белгілі-бір дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын тиянақты зерттеу арқылы ғана құқықтың түпкі мазмұнын табуға болады, себебі, әдет-ғұрыптар құқықтың табиғилығын, алғашқы сипатын береді. Қазақ жерінде әдет-ғұрыптар мұрагерлік, некелік, отбасылық қатынастарды, адамдардың өзара қатынасын, олардың қауіпсіздігін, әскери қақтығыстарды, жер дауларын реттеп отырды. Дегенмен, билер сотының пайда болуы мен кодекстер жинағының болуы олардың құқықтық сипатқа ие болуына ықпал етті, олар тұрақты және міндетті болды, оларға дауларды шешуде әрдайым сүйеніп отырды. Қазақ мемлекеттілігінде билер соты әдет-ғұрыпқа құқықтық сипат берді, әдет-ғұрыпты құқықтың бір формасы – құқықтық әдет ғұрыпқа, ал құқықтық әдет-ғұрыптардың жиынтығын әдет-ғұрып құқығына айналдырды. Қазақ халқының әдет-ғұрып құқығы әлемдік құқық тарихының ажырамас бөлігі. Қазақтар секілді, басқа халықтардың да әдет-ғұрып құқықтығы нормаларының даму ерекшелігі халықтар тарихындағы ортақ заңдылықтарының бар екенін көрсетеді.

Қазақтың әдет-ғұрып құқығы туралы айтқанда, әдет-ғұрыпты білдіретін «Әдет» ұғымының мағынасын ашу қажет. Ол әдет-ғұрыпты, әдетті білдіреді, онда құқықтық және құқықтық емес әдет-ғұрыптар ажыратылмайды. Қазақ қоғамында ұзақ уақыт бойы экономикалық және әлеуметтік жағдайларға негізделген әдет-ғұрып құқығының негізгі нормалары қызмет етті. Көптеген қоғамдық қатынастар әдет-ғұрып құқығы нормаларымен реттеліп отырады. Қазақ халқының ғасырлық дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары моральдық құқықтар мен міндеттер ретінде болды. Әдет-ғұрып құқығының құрамы біркелкі болған жоқ. Ол әртүрлі сипаттағы нормалар мен институттарды қамтыды, олар бір-бірінен ажырамай, бір-біріне ықпал етіп, өзара әрекет етті. Әдет ғұрып құқығының ерте кездегі нормаларын кейінгілерінен ажырату қиын. Әдет-ғұрып құқықтарының дәл пайда болған уақытын табу мүмкін емес деуге болады.

Қазақ құқығының тарихында Тәуке ханның «Жеті – жарғысы» ерекше орын алады. Бұл уақытты халық «тыныштық пен тәртіп, заң мен әділеттілік болған уақыт» деп атаған. «Жеті жарғыдан» басқа «Есім ханның ескі жолы», «Қасым ханның қасқа жолы» секілді нормативті-құқықтық негіздер болды. Қазақтардың әдет-ғұрып құқығын билік тарапынан бекітілмесе де, әдет-ғұрып құқығы нормалары ретінде есептеуге бола ма? Қазіргі көзқарас бойынша, құқықтық нормалар – бұл мемлекетпен, оның өкілді органдарымен бекітілген әрекет ережелері, ал әдет-ғұрып құқығы нормалары билікпен бекітілген әдет-ғұрып нормаларының негізі. Басқаша айтқанда, құқықтық нормалар – мемлекетпен бекітілген, жазба нормалар қатарына жатады, яғни өкілді органдармен бекітілген әрекет ережелері позитивті құқықтың негізі. Осыған сәйкес, ортағасырлық Қазақстан жеріндегі құқық жоғарғы деңгейге жетті ме және оны позитивті құқық ретінде санауға бола ма? Жоғарыда табиғи құқық позитивті құқықтың алғашқы негізі ретінде қарастырылады. Оның жалғасы ретінде әдет ғұрып құқығы және позитивті құқық ұғымдары назар аударуды қажет етеді, өйткені әдет-ғұрып құқығы жазба құқықтың ауыспалы сатысын білдіреді. Бұған дейін бұл құқықтық ұғымдар заңтану тұрғысынан қарастырылып келді. Бірақ қазіргі көзқарастарда ескі қалыптасқан пікірлер

түбірімен өзгерістерге ұшырауда. Осыған байланысты, құқық теориясындағы мәселелер философияның араласуын қажет етеді.

Әдет-ғұрыпты дәстүрден тыс қарауға болмайды, өйткені дәстүр олардың негізінде қалыптасады. Олар ұрпақтан ұрпаққа берілетін рухани-адамгершілік құндылықтардың маңызды элементін құрайды және жалпы адамзат мәдениетінің бір бөлігі болып табылады. Ұлттық әдет-ғұрып пен дәстүрлер ұлттық болмыс пен ұлттық мәдениеттің маңызды сипаттары мен ерекшеліктерін береді. Әдет-ғұрып құқығынан ерекшелігі, позитивті құқық нормативті реттеуші ретінде болғанымен, бірақ көріну формасы тұрғысынан біршама өзгеше. Позитивті құқық – бұл жазба нормалар ретінде көрінетін жазба құқық. Әрине, өз қалыптасуының алғашқы кезеңдерінде, өз болмысының ерекше формаларында құқық жазылмаған түрінде болды. Бұл түрде ол әлі де бар, бірақ бұл өз қалыптасуының алғашқы сатыларында қалып қойған, жетілмеген құқық.

Ұлттық-құқықтық жүйеде позитивті құқыққа қатысты сұрақты тиянақты зерттеу келесі пікірге алып келеді: позитивті құқық – құқық қалыптасуының барынша жоғары деңгейі. Әдет-ғұрып құқығының позитивті құқыққа айналуы біркелкі болған жоқ. «Тәуке ханның Жеті жарғысы» секілді құқықтық жинақтардың болуы позитивті құқықтың болғанына толық кепіл бола алмайды. «Жеті жарғы» жазба құқық жинағы болды. Бұл жинақта ортағасырлық қазақ қоғамының негізгі қағидалары мен нормалары бекітілді [1, 42 б.]. Әрине, жазба құқық өз қалыптасуы алдында, немесе әр түрлі сипаттарында әрдайым жазбалық сипатта бола алмайды. Осы жағдайда ол жетілмеген түрде болады және белгілі-бір деңгейде құқықтық санамен араласа отырып, позитивті құқыққа қана тән артықшылықтарға және нормативті-құндылықты реттеушілік қасиеттерге толықтай ие болмайды. Өкінішке орай, ежелгі дәуірдегі рухани-мәдени мұралар жазба түрінде бізге келіп жетпегенін айта отырып, алайда, сол мұралармен сабақтасып кейін пайда болған Орхон ескерткіштері, Қорқыт, Оғыз-нама, «Қозы Көрпеш-Баян Сұлу», «Алпамыс», «Қобыланды», М. Қашқаридің «Диуани лұғат ат-түрік», Ж. Баласағұнның «Құтты білігін», Яссауидің «Диуани хикметін» атап өтуге болады. Бұл еңбектерде қағида-ережелер, құқық үлгілері көптеп кездеседі. Қорқыт ата туралы белгілі әдебиетші Ә. Қоңыратбаев іргелі зерттеулер жүргізді [2]. Қорқыт еңбектерінде әдет-ғұрып, салт-дәстүр, тәлім-тәрбие үлкен орын алады. Қорқытқа байланысты сөз айтар болсақ, онда философиялық-эстетикалық тұрғыдан терең толғаныстарға келеміз. Адам баласы білім кәусарын бойына сіңіру қажеттілігін, білімді адам күшті, тәртіпті болатынын, оны тек білім ғана адамды бақытқа жеткізерін Ж. Баласағұн бабамыз ерекше айтып кеткен [3, 123 б.]. М. Қашқари өз сөздігінде халқымыздың әдет-ғұрып, салт-дәстүрі жайлы көптеген мағлұматтар қалдырған. Сондай-ақ, халқымыздың біртуар ойшылдары: Ахмет Иүгінеки, Қожа Ахмет Яссауи, Шалкиіз, Асан Қайғы, Жиренше, Бұқар, соңы Абайлар өз шығармаларында ата-баба жолын марапаттап, одан ауытқымауға, олар қалдырған қағида-тәртіптерін үнемі сақтауға, сонда ғана елдіктен кетпейтіндіктерін жан-жақты ескерткен. Бұл қағидалар тұрмыс-тіршілікпен, шаруашылықпен тікелей қатысты екені даусыз.

Ежелгі жазба мәдениет ескерткіштері – бұл маңызды, құқықтық құжаттар, жетілген мәтіндегі құжаттар, ең алдымен, жазба мәдениеті қарым-қатынастың ауызша формаларына негізделген. Ауызша шығармашылық әдет-ғұрып құқығы нормаларына тән болды, өйткені халықтың негізгі бөлігінің жазу мәдениеті болмады, тек қоғам өкілдерінің бір бөлігі әдет-ғұрыптарды жинақтап, жүйелеп, түсіндіре алды, ал ақсақалдар оны насихаттап отырды [4, 364 б.]. Ұлттық құқықтық жүйе әлеуметтік жағдайларға байланысты өзгерістерге ұшырады. Бұл мәдениеттің, құқықтың, қоғамдық болмыстың сипатына өзіндік із қалдырады. Ұрпақтан ұрпаққа беріліп, ғасырлар бойы қалыптасқан қазақтың әдет-ғұрып құқығы бірқатар өзгерістерге ұшырады. Бұл құқықтық мұра жолында кері әсерін тигізді. Тарихта әдет-ғұрыптың құқыққа айналуының көрінісі көп кездеспейді, өйткені рухтың секіріссіз табиғи эволюцияның барлық деңгейлерінен біртіндеп өтуі сирек болатын жағдай. Әдет ғұрыптың құқыққа айналуы жүзеге асуы үшін қоғам тұрақты жағдайда, әлеуметтік дағдарыстар, әскери қақтығыстардан тыс болуы керек, бірақ мұндай сабақтастық жүзеге аспайды деуге

болмайды. Өркениеттен аулақ көптеген халықтарда әдет-ғұрыптың құқыққа айналуы жемісті жүзеге асуы, яғни әдет-ғұрып құқықтық әдет-ғұрыпқа, одан позитивті құқыққа айналуы тарихта аз кездеседі.

Қазақтың әдет-ғұрып құқығы көшпенділердің заттық-практикалық іс-әрекетінде белгілі-бір әлеуметтік құндылық ретінде болды, өйткені халық өмірінің дүниетанымдық аспектілерін және рухын бейнеледі. Қазіргі ғылыми әдебиеттерде құқықтың құндылықтық, әлеуметтік және мәдени процестердегі ролін ашу, құқықтағы сабақтастықтың көрінісін, құқық пен болашақ қоғамның әлеуметтік реттеушілері арасындағы байланысты түсіну мүмкін емес. Онсыз құқық саласындағы адам санасының өзгертуші рөлі, құқықтың адамдық, тұлғалық аспектілері назардан тыс қалады. С.С. Алексеевтің пікірінше, құқық құндылығы туралы пікір құқықтың әлеуметтік игілік ретінде, яғни қоғам өміріне мейлінше көп пайда келтіруге қабілетті қоғамдық құбылыс ретінде мойындалуын білдіреді. Осы пікірге сәйкес, қазақтың әдет-ғұрып құқығының рухани, жалпы адамзаттық бастауларының мәнді мазмұнын қарастыру қажет. Мұндай талдау әдет-ғұрып құқығы нормаларында бекітілген және көрініс беретін халық өмірінің құндылықтық бағдарларын, адамгершілік бастауларын ашуға мүмкіндік береді.

Жалпы көшпелілердің әдет-ғұрып құқығы нормалары қоғамдық дамудың ұзақ процесінде ұрпақтан ұрпаққа беріле отырып, заманға сай өзгерістерге түсе отырып, біртіндеп қалыптасты. Еуразия аймағында көшіп-қонған сан-алуан тайпалар сапырылысында өз ру-тайпа мүдделерін қорғау, қоғамдық қатынастарды реттеу барысында әдет-ғұрып нормалары шыңдала түсті. Яғни, өмірдің өзі, тұрмыс-тіршілік қажеттілігі әдет-ғұрып құқығының мазмұнын толықтырып, ролін күшейтті, жетілдіріп дамытып отырды. Жан-жақты дамыған институттарын өмірге әкелді. Сөйтіп, өзіндік болмысы мен кейпі бар, адамгершілікке нұқсан келтірмейтін дала заңдары қалыптасты. Түркі тайпалары өздеріне лайықты әдет-ғұрып заңдарын жасады. Бұл заңдар мемлекеттің орнығуына, әлеуметтік жағдайларды бейбіттендіруге, экономикасын көтеруге, мәдениетін дамытуға әсер етті. Көшпелі қоғам заңсыз өмір сүруге болмайтынын түсінді. Заңдарды күнделікті тұрмыс-тіршіліктерінде таныстырып, ақын-жыраулар тыңбай еңбек етіпті. Тіпті, күн сайынғы айтыс, өлең-жыр сайыстарындағы басты тақырыптар осы әдет-ғұрып заңдарынан туындайтын мәселелер болды. Соның нәтижесінде қоғам мүшелерінің құқықтық санасы көтерілді, құқықтық мәдениеті артты. Оның үстіне әрбір отбасы өз балаларын бесіктен тәрбиелеп, құқықтық тәлім-тәрбиелер молынан насихатталды. Осылардың нәтижесінде көшпелілер қоғамындағы құқықтық сана биік деңгейге көтерілді.

Өз уақытында алғашқылардың бірі болып Шоқан Уәлиханов қазақтың әдет-ғұрып құқығының демократизміне және гуманизміне назар аударды. Құқықтық институттарды зерттей отырып, қазақтардың көшпелі қоғамының саяси-құқықтық құрылымын зерттеушілерге теориялық маңызды пікір айтады. «Қырғыздардың әдет-ғұрып құқығы мұсылман, қытай, орыс заңдарына қарағанда мейлінше гуманды сипаттарға ие. Қырғыз заңдарында жаңа европалық кодекстерде толы ескертуші және үрейлендіруші шаралар жоқ. Қырғыздарда тәнді жазалау ешқашан болмаған. Ал ру мүшелері өз руластары үшін жауап беретін құқықтық заңдар көптеген практикалық пайда әкеледі» [5, 141 б.].

Өмірдің нақты жағдайларында құқық нормаларының қолданылғаны туралы көрнекті қазақ қайраткерлері Бұқар жырау мен Қабан жырау шығармаларынан көруге болады. Бұл оның күнделікті жағдайда қолданылғанының айқын дәлелі. Көшпелі өркениеттің моральдық ұстанымдарының жүйесі туралы айта отырып, үлкенге құрмет, қонақжайлық секілді жалпы адамзаттық әмбебап құндылықтарды атауға болады. Олар әр түрлі халықтардың қарым-қатынасы сипатын анықтайды, бірақ мәселе бұл моральдық ұстанымдардың мүлтіксіз сақталғанында және қазақ әдет-ғұрып құқығының нормаларында берілгендігінде болып отыр.


Қазақтың әдет-ғұрып құқығы рулық экзогамия принципін қатаң сақтауды бекітеді, яғни қандас туысқандардың некелік қатынаста болуына тиым салады. Бұл талап дені сау ұрпақ

пен деннің саулығы мәселесімен тікелей байланысты. Осы талапқа сәйкес руластар арасында жеті атаға дейін некеге отыруға тиым салынып, көп жағдайда әйелді бөлек рудан алуға тырысқан. Экзогамиялық тиымды бұзғандар қатаң жазаланған, жеңіл жаза қолданғанның өзінде елден қуылған [6, 31 б.]. Ағайынгершілік институты қазақ қоғамының сан ғасырлық даму тәжірибесінің жетістігі болып табылады. Ағайынгершілік институты қоғам дамуының бірнеше кезеңінде түрленіп, толығырақ дамыған жүйеге айналған күрделі құрылым. Ағайынгершілік институты өзінің ішінде бірнеше түрлерге бөлінеді. Ағайынгершілік институтын құрайтын құрылымдық жүйелер тұтастай осы институттың бейнесін көрсетеді. Ағайынгершілік институтының ішкі құрылымы өзара байланыста, тарихи тәжірибеге негізделген, жеке-жеке құрылымдық бөліктердің жиынтығынан құралады. Ағайынгершілік институтының құрылым жүйесіне мына төмендегілер кіреді: аманат мал, жылу, жұртшылық, асар, қызыл көтеру, ағайынгершілік, қонақжайлылық, шүлен тарату т.б.

Сонымен, қазақ халқының құқықтық санасының формалары болып табылатын әдет-ғұрып нормалары қазақ қоғамы тарихында ұзақ уақыт жинақталып, жазылмаған заңдар жүйесіне айналған, қазақ қоғамының барлық қабаттарына бірдей ыңғайлы, үйлесімді нормаларға айналған. Әдет-ғұрып құқығының мемлекет тарапынан бекітілген нормалары билер билігінің сүйенетін негізі болды. Жоғарыда аталған әдет-ғұрып құқығы нормалары қазақ халқы құқықтық санасының реттеушілік қызметі саяси, некелік-отбасылық, мемлекеттік, экономикалық, әлеуметтік қатынастарды реттеуді толық қанағаттандырып, жеткілікті деңгейде өз міндетін атқарғанын айғақтайды. Осыған сәйкес, қазақ дүниетанымындағы құқықтық сананың өзіндік жоғары деңгейде қалыптасқаны туралы сенімді түрде айтуға болады. сондықтан, әдет-ғұрып құқығының осы нормаларын талдай отырып, елімізде зайырлы құқықтық мемлекет қалыптастыру барысында құқықтық реформаларды өз діліміз бен санамызға сәйкестендіріп жүргізу қажет деп тұжырымдаймын.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Сартаев С.С. Теория государства и права. – Алматы: Ғалым. 1960. – 199 с.
2. Қоңыратбаев Ә. Қорқыт Ата кітабы. – Алматы: Жазушы, 1986. – 220 б.
3. Жарықбаев Қ. Қалив С. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы. – Алматы: Рауан, 1994. – 158 б.
4. Өсерұлы Н. Тәуке хан және оның билік құрған кезеңі // Қазақтың ата заңдары: 10 т. – Алматы: Жеті Жарғы, 2005. – ІҮ т. – 552 б.
5. Уәлиханов Ш.Ш. Сот реформасы жайындағы хат // Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1984. – Т.1 – 126-124 бб.
6. Өзбекұлы С. Тәуке хан. Жеті Жарғы. – Алматы: Санат. 1994. – 320 б.



УДК: 34.06

**Байхадамова Гүлжаухар Махмұтқызы,**

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің оқытушысы, Қызылорда қ.,  
Қазақстан Республикасы

### **АҚПАРАТТЫҚ САЛАНЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ НЕГІЗІ РЕТІНДЕ**

Жаңа мыңжылдық ақпараттық процестердің қарқынды дамуымен және қоғамның жаңа даму деңгейіне - ақпараттық қоғамға өтуімен сипатталады, оның негізі болып - шексіз ақпарат алмасу болып табылады.

Әлемдік ақпараттық процестердің дамуы Қазақстанның әлемдік ақпараттық жүйеге ену қажеттілігін алдын-ала анықтайды, ол өз кезегінде міндеттерді тұтас әрі кешенді түрде



шешуді көздейді. Олардың негізгілері: ақпараттарды ақысыз іздеу, алу, өндіру және тарату мүмкіндігін қамтамасыз ету, бұқаралық ақпарат құралдарын дамыту, басқа да қолда бар ақпараттық ресурстарды қалыптастыру, халықаралық стандарттарға сәйкес ақпараттық қызметтерді ұсыну, ақпараттық жүйелерді құру, дамыту және жұмыс істеу үшін жағдайларды қамтамасыз ету, әлемдік ақпараттық қоғамдастыққа интеграцияланған бірыңғай ақпараттық кеңістікті қалыптастыру.

Қазіргі Қазақстанның басты стратегиялық мақсаты - адамның құқықтары мен бостандықтары сондай-ақ әлемдік кеңістікке интеграциялау саласында халықаралық-құқықтық стандарттарға сәйкес келетін демократиялық мемлекетті қалыптастыру. Осыған байланысты конституциялық принциптер мен нормаларды, Конституция идеяларын және онда көрсетілген құндылықтарды іске асыру мәселелерін шешу түбегейлі міндет болып табылады.

Жаңа ақпараттық технологиялардың пайда болуы мен дамуы, ақпарат алмасудың артуымен қатар, аумақтық және мемлекеттік шекаралардың маңызы мен рөлінің төмендеуіне, жеке тұлғаның, қоғамның және мемлекеттің ақпараттық қауіпсіздігінің әр түрлі аспектілері мен бағыттарына нақты және ықтимал қатерлердің әсері күшейеді. Ақпараттық қауіпсіздік ұлттық қауіпсіздіктің алдыңғы қатарында және бірінші кезектегі маңызға ие.

Сонымен қатар, халықаралық ынтымақтастықтың маңызды саласы деп танылған ақпараттық сала халықаралық ақпараттық және телекоммуникациялық компаниялар мен мемлекеттер арасындағы бәсекелестік объектісіне айналды. Ақпараттық орта халықтың санасы мен мінез-құлқына ақпараттық әсер ету саласы ретінде қарастырылады. Ақпараттық саладағы дүниежүзілік қауіпсіздікті сақтау, мемлекеттік егемендік қағидаттарын сақтау, жанжалдар мен дауларды бейбіт жолмен шешу, бір-бірінің ішкі істеріне араласпау және адамның құқықтары мен бостандықтарын сақтау міндеттерімен үйлеспейтін мақсаттарда пайдаланудың да қатері бар.

Ақпараттық қауіпсіздік саласындағы қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеу проблемасының өзектілігі ішкі, сыртқы сипаттағы қатерлердің жаңа түрлерінің пайда болуы, құқықтар мен заңды мүдделерді қорғауды талап ететін жаңа ақпараттық құқықтық қатынастардың дамуы жағдайында жеке тұлғаның, қоғамның және мемлекеттің іс-әрекетінің барлық салаларында және түрлерінде ақпарат рөлінің едәуір артуымен байланысты.

Ақпаратты құру, оны жинау, жинақтау, өңдеу, тарату және тұтынушыға ұсыну, ақпараттық технологияларды әзірлеу және енгізу, ақпаратты қорғау және ақпараттық-құқықтық қатынастарға қатысушы субъектілердің - құқықтарын қорғау мемлекеттің қатысуынсыз жүзеге асырыла алмайды. Бұл үдерісте ақпараттық құқықтарды қорғау проблемасы ерекше маңызды, ол өз кезегінде өзекті болып табылады.

Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету тұрғысынан ең өзекті проблема интернеттегі ақпарат алмасуды және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді құқықтық реттеу мүмкіндігі проблемасы болып табылады. Әр түрлі елдер туындаған мәселелерді шешудің өзіндік нұсқаларын ұсынады, халықаралық шарттар мен модельдік халықаралық заңнамалар әзірленіп, жасалып жатыр. Қазақстандық ақпараттық заңнамалар көбінесе халықаралық тәжірибеге және халықаралық ынтымақтастыққа негізделген сонымен қатар, кез-келген тәжірибе қазақстандық жағдайда қолдануға қолайлы болуы мүмкін емес.

Ақпараттық мәселелермен, ақпараттандырумен және ақпараттарды рұқсат етілмеген қол жетімділіктен қорғаумен, ақпарат пен ақпараттық ортаның қауіпсіздігін қамтамасыз ететін адвокаттардың, практиктер мен зерттеушілердің кәсіби деңгейі мен құқықтық мәдениетінің тиісті деңгейін қамтамасыз ету қажет. Бұл өз кезегінде осы саладағы ақпарат алмасуға және мемлекеттік басқаруға қатысатын субъектілердің қызметіне оң әсер етуі керек. Осы саланың даму жылдамдығын ескере отырып, заңдық, ұйымдастырушылық және технологиялық қамтамасыз етуде бұл сала ұлттық қауіпсіздіктің барлық субъектілері - жеке тұлға, қоғам және мемлекет үшін мүдделерінің барлық маңыздылығымен мемлекеттік механизмнің ең аз қорғалатын элементі болып табылатындығын атап өткен жөн.

Ақпарат алмасу еркіндігі, ақпараттық технологиялардың өзгеру жылдамдығы және олардың таралуы, компьютерлік сауаттылық деңгейі, құпия ақпараттар мен ақпараттық ағындардың қорғалу дәрежесі және басқа критерийлер белгілі бір мемлекеттің әлемдік қауымдастықтағы орны мен маңыздылығын белгілеу процесінде шешуші болады. Көптеген елдердегі ақпараттық қоғамның осы маңызды компоненттері, әдетте, мемлекеттік бақылауға алынады және мемлекеттік реттеуге жатады. Соңғы жылдары Қазақстан Республикасы арнайы нормативтік құқықтық актілердің тұтас кешенін қабылдады, Қазақстанның ақпараттық қауіпсіздігі тұжырымдамасын және басқа да мемлекеттік бағдарламаларды әзірледі, бірқатар халықаралық шарттарға қол қойды және ратификациялады.

Ақпараттық қоғамды қалыптастыру кезеңінде Қазақстан экономикада және білім берудің ақпараттық секторының даму деңгейімен, ақпарат алмасу еркіндігімен және елдің ұлттық қауіпсіздігінің басты стратегиялық мақсаттарының бірін анықтайтын ақпарат ағындары мен ресурстарды қорғау дәрежесімен анықталатын әлемдік жүйеде құқықтық және ұйымдастырушылық негіздері Қазақстан Республикасының Конституциясында белгіленгендей жеке тұлғаның, қоғамның және мемлекеттің қауіпсіздігі лайықты орынға ие болуы керек.

Конституция өз негізінде қазақстандық қоғамда жалпыға бірдей қауіпсіздікке қол жеткізу және оны қамтамасыз ету үшін барлық қажетті жағдайларды ескеретін жалпыұлттық саяси келісім болып табылады. Қазақстан Республикасының Конституциясы елдің Негізгі Заңы бола отырып, қауіпсіздік мәселелеріндегі шешуші позицияларды жеке тұлғаның, қоғамның және мемлекеттің мүдделерінің бірыңғай компромиссі ретінде анықтады, оны қамтамасыз ету жөніндегі негізгі функционалдық міндеттерді арнайы уәкілетті мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдарға жүктеді.

Ұлттық қауіпсіздіктің негізгі субъектілері - адамның, қоғамның және мемлекеттің өмірлік мүдделеріне ымыраға келу дәл осы мүдделерді қорғайтын мемлекет ретінде қауіпсіздіктің негізгі принципі болып табылады. Осыған байланысты ұлттық қауіпсіздік туралы заңнамаға белгілі бір түзетулер енгізу қажет деп санаймыз, онда жеке тұлғаның, қоғамның және мемлекеттің мүдделері бірдей маңызды ұғымдар ретінде күрделі және өзара байланысты түрде қарастырылуы керек.

Ақпараттық қауіпсіздік, ұлттық қауіпсіздіктің шешуші компоненттерінің бірі ретінде, ішкі мүдделері шешуші рөл атқаратын, бұл өз кезегінде субъектінің ақпараттық ортаға саналы қажеттілігін білдіретін күрделі ішкі құрылымы бар күрделі динамикалық тұрақты мемлекеттік ақпараттық кеңістік. Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің басты мақсаты - ақпараттық мүдделерді тікелей жүзеге асыру үшін жағдайларды анықтау және құру, олардың тұрақтылығын қамтамасыз ету және осы мүдделердің мазмұнына сүйене отырып, олардың мызғымастығын, өсуін және дамуын қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдау болып табылады.

Ақпараттық қауіпсіздік жеке адамның, қоғамның және мемлекеттің өмірінің барлық салаларына тікелей әсер етеді. Бұл ақпараттық қауіпсіздікті заң шығарушы қызметін едәуір күшейтуді қажет ететін қазіргі кезеңдегі ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізгі бағыттарының бірі ретінде сипаттауға болатындығын айтуға мүмкіндік береді. Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, оның қазіргі заманғы ақпараттық саладағы ұлттық мүдделерін қорғау осы мүдделерге төнетін қауіп-қатерлерге қарсы іс-қимыл саласындағы қатынастарды құқықтық реттеу жүйесінің басым дамуын және тиісті заң шығару процесін оңтайландыруды болжайды. Сонымен бірге, ақпараттық заңнаманың қазақстандық жүйесі өзінің қалыптасуының басында, ол алдында тұрған көптеген міндеттерді анықтайды.

Қазақстандық заңнаманы дамытудың негізгі бағыттарының бірі: ақпараттың құқықтық мәртебесін нығайту; ақпараттың толық жіктелуі; ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу және тарату режимдерін, сондай-ақ олардың талаптарын бұзғаны үшін жауапкершілікті құқықтық шоғырландыру; ақпарат саласында азаматтардың конституциялық құқықтары мен міндеттерін іске асыру саласындағы қатынастарды реттеудің құқықтық тетіктерін жетілдіру;

Қазақстан индустриясының ақпараттық секторына қаржылық инвестицияларды ынталандыру үшін жеңілдіктер мен жеңілдіктерді әзірлеу және енгізу және т.б.


Ақпараттық қауіпсіздік субъектілерінің кең спектрін ескере отырып, заңнамалық деңгейде осы салада олардың жұмысын жүйелейтін, жалпы тәсілдерді дамытатын қызметтің бірыңғай қағидаттарын біріктіруге болады. Ақпараттық қауіпсіздік қағидаттарының ұсынылған жүйесі оны қамтамасыз етудің барлық негізгі бағыттарын қамтиды және оларды мемлекеттік органдар да, қоғамдық ұйымдар да негіз ете алады. Оларға мыналар жатады: заңдылық принципі; азаматтардың, қоғамның және мемлекеттің мүдделерін теңдестіру принципі; ақпарат саласындағы ұлттық мүдделерге қол жеткізу және осы қатерлерге қарсы тұру мақсатында қатынастарды құқықтық реттеудің күрделілік принципі; ақпараттық қауіпсіздікті құқықтық қамтамасыз етуді жетілдіру бойынша мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру принципі; мемлекет қызметін бақылауға қоғамдық ұйымдарды ақылға қонымды тарту қағидасы; қорғалатын ақпараттың қауіпсіздігі принципі; қазақстандық ақпараттық қауіпсіздік жүйесін халықаралық қауіпсіздік жүйелерімен интеграциялау принципі; елдің ақпарат саласындағы заңнамасын бұзғаны үшін ақпараттық қауіпсіздік субъектілерінің жауапкершілік қағидаты.

Ақпараттық қауіпсіздіктің ерекшеліктері оған қол жеткізу мен қамтамасыз етуді кең ауқымды мемлекеттік органдар, соның ішінде мамандандырылған сипаттағы органдар, сондай-ақ қоғамдық немесе қоғамдық бірлестіктер, ұйымдар, бұқаралық ақпарат құралдары және олардың қызметтік немесе әлеуметтік функциялары бойынша ықпал ете алатын адамдар жүзеге асыратындығын анықтайды. Қоғамның сана-сезіміне және сәйкесінше мінез-құлқына. Осыған байланысты біз ақпарат айналымының жай-күйін белгілі бір мемлекеттік бақылаудың қажеттілігі туралы, сондай-ақ жеке тұлғаның, қоғамның және мемлекеттік институттардың ақпараттық құқықтарын жүзеге асыру процесі туралы айтуымыз керек.

Ақпараттық қауіпсіздік - бұл мемлекеттің ақпараттық функциясының құрамдас бөліктерінің бірі. Ақпараттың рөлі күшейіп, ақпарат айналымы көлемінің өсуі, ұлттық экономикалардағы IT секторының рөлі, үнемі өсіп келе жатқан ақпараттық ресурстардың қауіпсіздігі мен қауіпсіздігін мемлекеттік бақылау қажет болғандықтан, ақпараттық функцияны қазіргі заманғы мемлекет функциялары жүйесіндегі тәуелсіз компонент ретінде қарастырған жөн.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Аманов Ж.К. Головистикова А.Н., Дмитриев Ю.А. Теория государства и права в вопросах и ответах: учебное пособие. – М.: ЭКСМО, 2012. - 240 с.
2. Аманов Ж.К. К вопросу о понятии «электронный информационный ресурс» // Казахстанский журнал международного права. - 2016. - №2(30). - С.51-53.
3. Кулжабаева Ж. «Қауіпсіздік» түсінігінің құқықтық мазмұны: қайнар көздері және қазіргі халықаралық құқықтағы теориялық негіздеу // Қазақстандағы құқықтық реформа. - 2002. - №2(15). - 53-54 бет.
4. Информационное право: Актуальные проблемы теории и практики / Под общ. ред. И.Л. Бачило. - М.: Юрайт, 2009. – 530 с.
5. Сартаев С.С., Нұрпейісов Д. Тәуелсіз Қазақстан – Егеменді мемлекет. - Алматы, 2004 ж. - 576 бет.



УДК: 371.311.3

**Ильясова Элмира Умирзаковна**

әлеуметтік ғылымдарының магистрі, аға оқытушы, Қорқыт Ата атындағы  
Қызылорда университеті, Қызылорда қ., Қазақстан Республикасы

## **ҰРПАҚ ТӘРБИЕСİNДЕГІ БІЛІМНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ**

Бала тәрбиесі – өте күрделі процесс. Оның күрделілігі бесіктен бастау алып, үнемі уақытпен, бала көңіл-күйімен, жеке қабілетімен, икемділігімен, тізгінді үнемі қадағалау қажеттігімен ұғындырылады.

